

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**Казахский язык и литература
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

8/2012 ТАМЫЗ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Тамыз мәслихаты

Жазикен ӨНДІРҚЫЗЫ. Гүлнәр СМАҒҰЛОВА.	Сапалы білім беру мәселелері.....	3
	Мемлекеттік тілдің болашақта алатын орыны мен рөлі.....	8
Айжан ТОҚСАМБАЕВА.	Құрмалас сөйлемдерге арналған кестелердің тиімділігі.....	13
Маржан ТӨКЕНОВА.	Оқушылардың сөздік қорын байыту жолдары.....	21
Мәрзия САЛАМАТОВА, Зәуреш ТЕМІРБАЕВА.	Оқушы тілін және жеке тұлғасын дамыту жайында.....	25

Қазақ тілі орыс аудиториясында

Мөлдір БОРАНБАЙ.	Қоғам және жастар: сөз мағыналары.....	29
------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Нарзангүл РАМАЗАНОВА.	Оралхан Бөкей шығармаларын аймақтық компонент ретінде оқыту туралы.....	38
Айнұр ЕРДЕНОВА.	Мархабат Байғұттың «Әдебиет пәнінің періштесі» әңгімесіндегі түйсік пен сезім.....	42

Колледж кеңістігінде

Венера МҰРАТҚЫЗЫ.	Тіл ұстарту.....	49
-------------------	------------------	----

Тиімді әдіс - баршаға ортақ

Бибіжан МЫРЗАШҚЫЗЫ.	Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану тетіктері.....	52
Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА.	Модульдік технологияны қолдану әдістемесі.....	62
Жібек ТІЛЕУҚАБЫЛОВА, Саида ТӨЛЕУҚЫЗЫ.	Қазақ тілін оқытудың қарқынды тәсілі - тест технологиясы.....	67

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Татьяна ДЖУНУСОВА.	Сөздік қорды байытқан Астанаға саяхат.....	75
Гүлдәурен ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.	Әдемі сөйлеткен алтын күз.....	80
Назгүл ҚАБИДОЛЛАҚЫЗЫ.	Ауызекі сөйлеу қабілетінде - Қарағанды қаласы.....	83
Жамиля АМАНЖОЛОВА.	Сөйлеу мәдениетіне баулыған қазақ радиосы мен теледидары.....	86
Әлия НҰРАЛИЕВА.	Көркем әдебиет стилі.....	90
Ләззат ҚАБКЕНҚЫЗЫ.	Қара шаңырақтағы сөйлеу мүмкіндіктері.....	93
Ақбота АШЕНОВА.	Жаңа сөзге бай кино.....	98
Арайлым ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ.	Сөйлеу біліктілігін арттырған жануарлар.....	102
Ажар ҚАДЫРҚЫЗЫ.	Сауаттылық және біздің өміріміздегі музыка.....	106
Күнсұлу ЖИЕНТАЕВА.	Ойы алғыр тәуелсіз Қазақстан.....	110

Білім сынағында

Райхан ЖЕТПІСОВА.	Қазақ тілі пәнінен кеспе қағаздары.....	114
-------------------	---	-----

Сайыс сабақ

Жанна СҮЛЕЙМЕНОВА.	Мемлекеттік тіл - менің тілім.....	119
Самал БЕРДІБЕКОВА.	Мемлекеттік тіл - мемлекет тірегі.....	128

Сыныптан тыс сабақ

Салтанат РУЗАМЕНҚЫЗЫ.	Гүлдене бер, менің Қазақстаным!.....	132
-----------------------	--------------------------------------	-----

Поэзия әлемінде

Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ.	Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің аудармалары.....	139
Зура ҚАЙЫРҚЫЗЫ.	Ана тілі.....	142

Жазикен ӨНДІРҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№6 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздегі өзгерістер мен білім беру жүйесінде болып жатқан реформалар «мектептің жүрегі» деп орыны айшықталған мұғалімдер алдына жауапты да маңызды міндет қойып отыр.

Соның ішінде оқу орыс тілді мектептерде қызмет ететін мұғалімдердің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне қойылатын талап пен тілек те зор. Бұл мектептердегі қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі мүлде басқа, өйткені мақсаты мен оқыту әдісі де өзгеше. Қазақ тілі сабағы қазақтың тілін, әдебиеті мен мәдениетін, ғылымы мен өнерін насихаттап, оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді.

Кезінде орыс ғалымы В.В.Радлов: «Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зор екендігіне барған сайын көзім жете түсуде. Қандай әдемі сөйлейді. Айтқысы келгенінің бәрін тез түсіндіріп, қарсыласының сөзіне де шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті, балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі», - деп өз деңгейінде баға берген тілді біз өзге ұлт өкілдеріне қандай жолдармен, қандай дәрежеде меңгертудеміз?

«11 жыл оқып, неге сөйлей алмайды» деген сұрақ әрқайсымыздың жүрегімізді жаралап, ойымызға маза

бермейді. Білім стандарты, оқулықтар, оқыту әдістемеліктері, оқу кабинеттерін компьютерлендіру, инновациялық технологияларды енгізу, білім мазмұнын тереңдету, кеңейту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар жылдан-жылға өз нәтижесін көрсетуде. Осы іс-шаралардың нәтижелі болуы үшін мұғалім мен тіл үйренуші оқушының мақсаттары бір-бірінікімен қиюласып, астасып жатуы қажет екендігі де түсінікті.

Баршаңызға мәлім, оқушыларға қазақ тілінен сапалы білім беру мәселесі өмірдің өскелең талабынан туындайтын, білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі ретінде күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Ал, ол оқу-тәрбие негізі — сабақта көрініс табады.

Абай атамыз: «Бала тәрбиесіне 3 жақ әсер етеді, ата-анасы, ұстазы және жүрген ортасы. Қайсының ықпалы зор болса, баланың мінезі солай қалыптасады» деген ойын бір жақты тәрбиеге ғана емес, білімге де қатысты қарастырсақ, қазақ тілін оқыту сапасының неге төмен деңгейде екендігін анықтап алуға болады деп ойлаймын.

Қол жеткен табыстар да бар, бірақ олар көбіне туындап отырған мәселелер көлеңкесінде қалып отыр. Енді, алдымен, оқушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз етуде ата-анасының, ұстазы мен ортасының әсері қандай деген мәселелерге тоқталып өтейік.

Мектеп – білім бесігі десек, қазақ тілінің орыс тілді ортаға сіңісе алмай жүруінің бірінші себебі – мектеп әкімшілігінің мемлекеттік тілді оқыту, пайдалану ісіне немқұрайды қарауы. Мәжіліс, іс-шаралар, іс қағаздары орыс тілінде жүргізіледі, ал қажетті жерлерге есепті аудармашы аударып береді, сөйтіп қазақ тілінде құжаттар тіркеледі және қазақ тілінде өткізілетін мәдени іс-шараларға тек қазақ тілі мұғалімдері ғана қатысады.

Сондықтан Гілдерді дамыту басқармасы, орталықтары ұйымдастыратын аймақтық, қалалық, аудандық іс-шараларға тек ұлты қазақ мұғалімдерді ғана емес, өзге тілді ұлт өкілдерінің қатысуын мектеп әкімшілігінен талап ету керек деп ойлаймыз.

Кезінде мектеп әкімшілігіндегі басшы не оқу-тәрбие орынбасарлары жергілікті ұлт өкілі болсын деген талап қайта жанданса. Ал әдістеме жетекшісінің, кейбір мектептердегі мемлекеттік тіл оқыту жөніндегі орынбасарлардың құзыры мектеп пен білім басқармасының арасында аудармашы не «есеп көпірі» ғана қызметін атқармай, сынып сағаттары мен сыныптан тыс тәлімнің қазақ тілінде жүргізілуіне көңіл бөлсе. Үзілісте қазақ әуендерінің тыңдалуын қадағалау қажет сияқты және «сәрсенбіде қазақша сөйлейік» ұранының орынына «үзілісте қазақша сөйлесеміз» деген міндетті жүзеге асыруды қолға алсақ.

Сапалы білім тетігі – мұғалім десек, осыдан екінші мәселе туындайды. Бұл пән оқытушыларын іріктеуде байқалады. ЖОО мен колледж бітірген жас маманды қабылдаудың бір жүйесі жоқ, материалдық жағдай жасалсын, бірақ бірден жоғары сыныптарға сабақ бергізу ақылға қонымсыз. Тәжірибелі ұстаздар мен олардың сағат жүктемесі тең дәрежеде. 5-6 айлық сынақ неге белгіленбейді? Осыған Білім басқармасы бақылау жасаса. Себебі, оқушылар, әсіресе, орта, жоғары сынып оқушылары тілді меңгеруді мұғалімнің тәжірибесіне қарап үйрену, меңгеру дәрежесіне жететінін жақсы түсінеді. Сондықтан жоғары сынып оқушыларына жаңа бітірген жас маманды қою дұрыс емес.

Сондай-ақ, жас мамандарды даярлау ең өзекті мәселе болып отыр.

Жас маман практикалық жағынан дайындықсыз келеді, ол оқытудың орынына өзінің үйренуіне біраз уақыт кетеді.

Сондықтан мектеп пен мұғалімдерді даярлайтын оқу орындарының арасында сабақтастық орнатып, мемлекеттік практикадан өткен кезде студенттердің қатысқан және өздері жүргізген, жүргізетін сабақтарын бірге талдау өте қажет. Өзіміз де сондай мектептен өткенбіз, оның теориялық білімдерге қосар пайдасы орасан зор. Көптеген студенттердің сол практикадан өтпей, таныстық арқылы жалған құжаттарда тапсыратынын байқаған боларсыздар. Бұл – тек студенттің ғана кінәсі емес, осыған аса мән бермейтін ЖОО-ның да кемшілігі. «Ақыл – жастан» дегендей, мектепке жалынды жастар өте керек, ал оларды шындау ортасы күшті болуы қажет.

Тәрбие отбасынан басталады десек, қазіргі үлкен түйінді мәселенің бірі – орыс сыныптарындағы қазақ балаларының өз ана тілін толық білмейтіндігі. Баланы «неге орысша мектепте оқисың» деп жазғырмай, алдымен жүрегін дір еткізер, қазақ екенін мақтан етерлік жағдаяттар тудырып, ел тарихынан, тілі мен салт дәстүріне байланысты ізденістер жасауға баулу ұтымды.

Белгілі тұлғалар мен кездесулерге, шығармашылық кештерге апару орынды. Ол бір күндік болмай, жүйелі жұмыс жоспарын жасау дұрыс.

Тілге құрмет – елге құрмет десек, қазақ тіліне деген құрмет сезімі, оң көзқарасы қалыптаспаған отбасындағы бала тілді қалай үйренетінін өздеріңіз түсінесіздер.

Сондықтан мектеп басшылары мектептің, сынып жетекшілері сыныптың ата-аналар жиналысына Тіл басқармасынан немесе орталықтарынан өкілдерді, танымал ғалымдарды, тіл жанашырларын шақырып, лекция, дөңгелек үстел, кездесулер ұйымдастырса, сыныптан тыс жұмыстарды қазақ тілінде өткізгенде ғана, ата-аналарды қатыстыру тиімді.

Енді көп ұстаздардың көңілінде жүрген мәселелердің бірі

– қазақ әдебиеті пәнінің мектепте топқа бөлінбей оқытылуы. Егер оқушының тұлғалық дамуының негізі – оның танымдық іс-әрекетін арттыру, белсенділікке жұмылдыру, оқу үрдісін ұйымдастыру десек, қазақ тілін әр түрлі деңгейде меңгерген 25-30 оқушы отырған сыныпта сабақ өткізуді көз алдыңызға елестетіңізші.

Бұл да мұғалім еңбегін жергілікті басшылардың бағаламауының бір көрінісі деп ойлаймын, бұл жағдайдың «өзгелердің» езуінде күлкі үйіріп отырғаны – шындық.

Сондықтан әдебиетті оқытудың мақсатына толық жету үшін мұғалім сағат санын көбейтуді емес, топқа бөліп оқытуды талап етеді.

Мұғалімге қатысты мәселенің қай-қайсысы болса да білім сапасына әсер ететіні белгілі. Соның бірі - аттестациялаудан өту талаптарында көрсетілген мұғалімнің бір мектепте орнықты қызмет етуі. Бұған келісеміз және 1-11-сыныпқа дейін үзбей еңбек етуі де ескерілсе. Сонда сабақтастық жүйесі қалыптасып, өзі білім беретін оқушыларының нәтижесін көрсетуге мүмкіндігі болар еді. Көбіне мектеп әкімшілігінің мұғалімдерді бір жылы бір сыныпқа, келесі оқу жылында басқа сыныптарға ауыстыра салуы жиі кездеседі. Ол үшін мектеп әкімшілігі бірлестік жетекшілеріне осы мәселені пәндік әдістемелік бірлестікте шешуге мүмкіндік берсе, тек даулы сұрақтарда көмек көрсетсе дұрыс болар еді.

Жаңа буын оқулықтары – әдістемеліктер, заман сұранысы технологиялық құралдар: бейне, аудиотаспалар – мұғалім «қаруы».

Қазіргі таңда олар көптеп шығарылуда, бірақ бірден табу, қолға түсіру оңай емес. Мұғалімдер үшін әр қалада ББ ақпараттық-әдістемелік орталық болса, сайт арқылы түйінді мәселелер төңірегінде ой бөлісу, пікір алысу жүргізілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Құрметті әріптестер!

Уақыт талабына сай қазақ тілін сапалы оқытудың негізгі міндеттерін: оқушыларды сауатты жазуға, ойын, сөзін еркін сөйлеп, білікті, жан-жақты тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеуді, қазақ тілін оқыту әдістемесін педагогика, психология, тіл білімі ғылымының жетістіктерімен ұштастыратын, шығармашылықпен еңбек ететін, дүниетанымы кең, ұстаздар қауымы, сіздер ғана, атқара аласыздар.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күннің мұғалімі өздігінен қаншалықты ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек.

Осы жолда сіздерге сәттілік тілеймін!



Гүлнәр СМАҒҰЛОВА,
Рудный индустриалдық
институтының қазақ және шетел тілдері
кафедрасының меңгерушісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ БОЛАШАҚТА АЛАТЫН ОРЫНЫ МЕН РӨЛІ

Адамды адамдық дәрежеге жеткізген ақыл, сана және тіл. Тіл – Адам қоғамымен бірге туып, бірге жасап және жетіліп келе жатқан тарихи құбылыс.

Қазақ тілі бай. Ресми деректерге сүйенсек, бір миллиард үш жүз миллион халқы бар Қытай, дүниежүзіне көп таралған

ағылшын және орыс тілдерінің қорында тиісінше 700 мың, 650 мың, 600 мың сөз бар. 1974-1986 жылдары баспадан жарық көрген он томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 300 мың сөз берілсе, содан бергі уақытта зерттеу жүргізген ғалымдар оны 600 мың сөзге жеткізген, яғни, сөз қорының байлығы жағынан орыстарға теңескен тіл. Тіл ұқыптылықты тілейді. Сөздердің мінсіз көркем қаланғанын, сөйлеу мәнерінің жатықтығын, тыңдаушысын сүйсіндіруді қалайды. Жасампаздығы әлеуметтік базаға, тілдік ортаға, саяси-қоғамдық жағдайға, өндірістік-тұрмыстық қажеттілікке байланысты. Орынымен жүйелі қолданылмаса, қында жатқан алмастай тотығады, ал дамыған сайын ұлт мәртебесін көтере түседі.

Мұны жүзеге асыру үшін мына төмендегі міндеттер орындалуға тиіс:

- Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың басты шарты – мемлекеттік тілді толық игеру талабын заңдастыру;
- Мемлекеттік мекемелерде барлық іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу;
- Орта және жоғары оқу орындарында шәкірттер мемлекеттік емтихан тапсырғанда, диплом жұмысын қорғағанда біліктілігін мемлекеттік тілді білу деңгейімен сабақтастыра баға беру;
- Мемлекеттік қызметке тек мемлекеттік тілді жетік білгендерді ғана ұлттың нәсіліне қарамастан қабылдау;
- Барлық заңның негізін мемлекеттік тілде қарап қабылдау, сол тілде парламент мәжіліс отырыстарын, үкімет жиындарын өткізу, шетелдердегі өз елші-ліктерімізде, шетелдердің республикадағы елшілік-терінде мемлекеттік тілде сөйлеп, ілеспе аударма арқылы қарым-қатынас жасау.

• Ақпарат құралдарының өзге ұлт өкілдерінің мүддесіне нұқсан келтірмейтінін, бірақ басым көпшілігі қазақ тілінде жариялығын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – әркімнің азаматтық борышы. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің «Тіл дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы барлық тіл туралы нормативтік-құқықтық құжаттарды негізге алатырып, 1990 жылдардан бастап Республика бойынша қазақ тілін оқыту курстары ашылды.

Біздің Рудный индустриалдық институтында оқытушылар мен институт қызметкерлеріне арналған қазақ тілі курстары 2005-2006 оқу жылынан басталды. Курстың мақсаты: мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасай білуге, қазақ тілінде құжаттар дайындауда қолдана білуге үйрету.

Курстың міндеті: тыңдаушылардың қазақ тілінен білім мазмұнын кеңейту және практикалық дағдыларын ұштау, жетілдіру.

Курс жұмысы бағдарлама жазудан басталды. Бастаушы және жалғастырушы топтарға арналып оқу бағдарламалары дайындалды. Бағдарлама кафедра мәжілістерінде талқыланып бекітілді. Сабақ 48 сағаттық бағдарламаға негізделген. Курс ағымдағы сабақтардан басқа аралық бақылау және емтихан сабақтарынан тұрады.

Курс тыңдаушылары сабаққа ынтамен қатысып, белсенді араласады. Сабақта аудиокурстар, тыңдалым сағаттары, бейнесабақтар қолданылады. Мысалы: Қазақстан телевизиясының «Тілашар» хабарының сабақтары, Қазақстан Республикасы Тілдер комитетінің «Қазақ тілінің аудио сабақтары» бар. Курс сабақтарын жылдан-

жылға мәнді де сапалы өткізуге кафедра оқытушылары мен курс жетекшілері өз үлестерін қосып келеді. Курс жұмыстарының жетекшісі Д.Ә.Тастайбаев осы жұмыста өзінің тәжірибесі мен білімін кең пайдаланып келеді. Осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруде қазақ тілі мен лингафон кабинеттері ашылды. Сабақта рөлдік ойындар, диалогты сөйлесім, сөзжұмбақ шешу, интерактивті әдістері қолданылып, «Тілашар» сабақтары, презентациялар, слайдтар, видеофильмдер көрсетілімі тәрізді іс-шаралар атқарылып, сурет бойынша әңгімелер жүргізіледі. Курс тындаушылары «Қазақша үйренсең, тәуелсіздікке үйренесің» деген қағиданы қолдайды.

Еліміздің тәуелсіздігін алғанымызға 20 жыл толды. Біздің мемлекетіміз үшін бұл тек қана еліміздің 20 жылдық мерейтойы ғана емес, еліміздің еңбегінің жемісінің тойы, 20 жылдық жеңісіміздің биік тұғыры! Осы жылдардың ішінде еліміздің басынан өткен сан қилы оқиғаның куәсі болдық. Халқымыздың мәдениеті, тарихы, әдебиеті қайта жаңғырып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанданғандай болды. Ондаған жылдар бойы күрмеудегі тіліміз бен діліміз, салт-дәстүріміз, рәміздеріміз бүкіл әлемге танылып жатқаны халқымызды, міне, жиырма жыл бойы қуантып келеді.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында қазақ тіліне айырықша көңіл бөлгенін көреміз. 2020 жылға дейін Қазақстан халқы 95 пайыз қазақ тілін білуі керек деген тіл туралы бағдарламасы еліміздің болашағының жарқын екенін көз алдымызға елестетеді.

Елбасының осындай игі шараларына біздің оқу ордамыз өз үлесін қосу мақсатында, мемлекеттік тілді дамыту аясында жыл сайын қазақ тілінде институтымыздың студенттерімен іс-шаралар ұйымдастырады. Мамандықтары – тіл оқыту болғандықтан, Қазақ және шетел тілдері кафедрасының

бұл іс-шараны ұйымдастыруына ерекше ықылас аударарды. Жыл сайынғы «Қазақстан халқының тілдер күніне» орай осы жылдың 23 қыркүйегінде РИИ оқу залында «Тіл – тірлігімнің айғағы» атты іс-шараны Қазақ және шетел тілдері кафедрасының оқытушыларының белсене атсалысуымен қатар, ЭМФ қазақ бөлімінің студенттерінің күшімен ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның қонақтары ретінде ЭМФ деканының орынбасары Е.С.Еркетаев, КДМ төрайымы А.Абдрахманова шақырылды. Іс-шараның басталуы Қазақ және шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі Г.Қ.Смағұлованың мемлекеттік тіл, өзге ұлт тілдерінің рөлі, дамуы жөніндегі баяндамасымен басталды. Іс-шара ПО-10 к/б студенттерінің қазақтың ақиық ақындары Қ.Мырза Әлидің, М.Шахановтың, М.Мақатаевтың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқуымен жалғасты. Мысалы ПО-11, АУ-11 к/б студенттері Ахметжамиев Асхат, Садырбек Гүлдана, Қожан Серікхан, Нұртаза Алма, Рахымжан Кеңесхан, Сабыров Нұрсұлтан, Мұханбек Ұлжалғас, Алдиярова Айгерім, Амангелдина Гаухар белгілі қазақ ақындарының өлеңдерін оқып, ерекше белсенділіктерін танытты. Іс-шара Е.С.Еркетаевтың Қазақстандық отаншылдықтың мәні туралы сөз сөйлеуімен аяқталды.

Әрине, бұл іс-шара – оқу ордамызда жасалып жатқан көптеген игі бастамалардың басы ғана. Сондықтан болашақта мемлекеттік тіліміздің дамуына, кең қанатын жаюына институтымыздың оқытушылары мен студенттері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымшылдықпен жұмыс істеуге бар күш-қуатын, білім-білігін жұмылдыра береді.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕСТЕЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Көрнекілік – дидактикалық ұстанымдардың бірі. Ол – мектепте оқытылатын пәндердің қай-қайсысына болса да, қолданылатын, маңызы бар құрал. Оқылатын пәндердің табиғатына қарай пайдаланатын көрнекті құралдар да әралуан. Тіл пәнін оқыту сабағында қолданылатын тұрақты да негізгі көрнекілік – сынып тақтасы. Одан кейін маңызды құрал – кесте.

Көрнекі кестелер шәкірттердің теориялық білімді жете меңгеруіне қолайлы мүмкіндік береді, білім мен өмірдің байланысын түсінуді жеңілдетеді, оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, саналылық сапасын арттырады. Сөйтіп олардың білімге деген құштарлығын, ынтасын көтереді.

Кестелер балалардың байқампаздық сезімін жетілдіріп, тілдік материалдың ерекшелік белгісін көре білуге септігін тигізеді.

Оқушыларды түр жағынан ұқсас тілдік категорияларды салыстыру тәсіліне машықтандырып, олардың өзіндік ерекшелігін таба білуіне көмектеседі. Соның нәтижесінде шәкірттердің сабақ үстіндегі белсенділігі дамып, өздігінен дербес еңбек ету дағдысы қалыптаса түседі. Кестелерді сабақ үстінде бақылап, талдау жұмыстары арқылы оқушылардың ойлау қабілеті дамуымен бірге, олардың сөз байлығы да кеңейіп, тілі де ұстара түсетін болады. Көрнекі құралдың

балаларға жан-жақты тәрбие беру ісінде де маңызы ерекше. Осындай игілікті іске аз да болса үлес қосып, мұғалімдердің жұмысын жеңілдету мақсатында құрмалас сөйлемдерді жетілдірілген бағдарламаға сәйкес оқытуға арналған кестелер ұсынамыз.

Кестелерді сабақта пайдаланғанда мынадай мәселелер ескерілуі қажет.

Кестелерде бұрынырақ өтілген материалдар қайталанып отырады. Құрмаластың әрбір компонентінің мағыналық және құрылымдық түрлері талдау жолымен еске түсіріледі.

Салалас, сабақтас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің өзара мағыналық қатынастарын өткенде олардың сөйлем мүшелерінің қызметтеріне ұқсастығын салыстырып, соңғылары әрдайым пысықталады.

Жалғаулықтардың жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдер құрамындағы қызметтеріне ерекше көңіл бөлінеді. Сабақтас сөйлем бағыныңқы компоненттерінің баяндауыш формаларын танытумен байланысты морфологиялық категориялар да пысықталады. Сол себепті оқушыларды бұрын өтілген материалдарға қайталай оралып отыратындай өз бетіндік жұмыстарға қосқан жөн. Осындай мәселелер әдістемелік шеберлікпен кеңірек орын алуы тиіс. Ол үшін әрбір сабақта тиімділігіне қарай салыстыру, бақылау, проблемалық жағдай туғызу, қайталау, өзіндік жұмыс сияқты көптеген әдістерді құнтты түрде пайдаланып отыруға тура келеді.

Мұндай әдістер кестелердің соңғы бөліміндегі материалдарды пайдаланғанда қолданылады. Өйткені бұл бөлімде оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге әрі білімдерін жаңғыртып, жүйелеуге мүмкіндік беріледі. Құрмалас сөйлемдерге арнап кесте жасауда ұстанған ұстанымымыз – шәкірттерді бақылампаздыққа баулу оларды тілдік фактілердің өзіндік ерекшелігін көре білуге,

ойлау қабілетін жетілдіріп, өздігінен тұжырым, қорытынды шығару дағдысын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. Белгілі-белгілі грамматикалық объектілерді оқушыларға таныту, ұғындыру ісін кестедегі нақты материалдарды байқау, талдау, зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асыратын ету. Осындай жұмыстар үстінде оқушыларды оқу еңбегіне баулып, оларды өз бетінше жұмыс жасауға үйрету мақсаты алға қойылды. Осы мақсаттар тұрғысынан жасалған кестелерде белгілі бір грамматикалық-синтаксистік құрылымның қалайша жасалатынын атап түсіндіруді де, ондай грамматикалық формалар мыналар деп бөлек графада жазып көрсетуді және құрмалас сөйлем компоненттеріне қойылатын сұрақтардың тізімін беруді де тәжірибелерге сүйене отырып қажет деп таппадық. Егер барлық түсініктемелерді кестенің өзі айтып беретін болса, онда оқушының ойлау қабілетінің дамуын тежеп, мұғалімнің жетекшілік рөліне нұқсан келтіреді. Сондай-ақ, кесте оқулықтың қызметін атқармайтын болуы тиіс. Көрсетілген ұстаным пен тоқтамдарға негізделіп, жасалған бұл кестелердің өзіндік ерекшеліктері төмендегідей болып келеді:

1. Кестелерде тиісті бір тақырыптың мағыналарының айқын түрлері жасалу формаларының тілімізде жиі кездесетін немесе оқушылардың түсінуіне жеңілдік келтіретін түрлері бұрын беріліп, оңайдан қиынға, белгіліден белгісізге қарай өтілетін дидактикалық ережелер берік сақталды;

2. Бірқатар кестелерде сызбалар берілді. Олар тиісті бір морфологиялық категорияның, сол сияқты құрмалас сөйлемнің мағынасына, жасалу жолдарына қарай тарайтын түрлерін және бағыныңқы сөйлемнің бағыныңқы байланысу тәсілін, олардың тыныс белгілерін оқушылардың айқын көріп, тез ажыратуына көмектеседі;

3. Кесте үлгілерінің бір сарынды болмауы және қажетсіз әшекейленбеуі қатаң ескерілді;

4. Талданатын сөйлемнің мағынасы мен құрылымын оқушылар тез, жеңіл таныстыру үшін кейбір сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің асты сызылып айқындалады;

5. Кестелердің көпшілігі екі бөлімнен тұрады. Кестелердің бірінші бөлімі түсіндірілетін жаңа тақырыптың бағдарламаға сәйкес материалдарын береді. Екінші бөлімдегі материалдар оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне арналды, олардың бірқатары таныстырылған жаңа тақырыпты түсіндірумен қатар, өткен тақырыпты пысықтау үшін берілді.

Кестеде пайдаланылған сөйлемдердің тақырыпқа лайық болуымен бірге, олардың білімдік, тәрбиелік мәні де ескерілді.


Кестелерді әдістемелік тұрғыдан екі топқа бөлуге болады:

1-топ синтаксистік тақырыптарды сабақта танытуға лайықталды.

2-топ бірқатар материалды тұжырымдап жинақтауға арналды.

Олар тиісті тақырыптан меңгерілетін білімді бекіту, қайталау кезеңдерінде қолданылады. Кестелер жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде көбінесе аналитикалық әдіс арқылы талданады. Сыныптың белсенділігін көтеру, оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамыта түсу мақсатын көздеп, тақырыпты талқылау, талдау жұмысын мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өздеріне жасатқан пайдалы. Кестелер осы көрсетілген талап-шарттарға сәйкес құрылды. Қандай грамматикалық тақырып өтілсе де, алдымен сол мәселенің негізін анықтап алып, содан кейін бір ізділікпен жаңа ұғым, формаларды таныту тиімді болмақ. «Сабақтас құрмалас сөйлем» тақырыбын оқушылар жеңіл меңгеру үшін оларды біртіндеп дайындау керек. Мысалы, «Бағыныңқы, басыңқы сөздері мен сөз тіркестері» тақырыбын өткенде таныстыру керек, бұл жаңа тақырыпты

түсіндіруге жеңілдік туғызады. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерімен таныстырғанда ережені сызба ретінде беру керек. Бұл әдіс оқушыларға қиын тақырыпты жақсы меңгеруге көмектеседі.



Сөз таптары	Сұрақтары
1. Зат есім	Кім? Не? Кімдер? Нелер?
2. Сын есім	Қандай?
3. Етістік	Не істеді? Қайтті?
4. Есімдік	
5. Сан есім	Неше?нешінші? қанша?
6. Үстеу	Қалай?қашан? қайда?
7. Көсемше	Не істеп? Қайтіп?
8. Есімше	Не істеген?қандай?

Сөз тіркесі


Сөз тіркесі - сөздердің бір-бірімен тіркесімділік негіздеме мағыналық әрі тұлғалық байланысқа түскен тобы.

Сөз

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің біріншісі **бағыныңқы** сөз деп, соңғысы **басыңқы** сөз деп аталады.

бағыныңқы сөз

басыңқы сөз



Сөз тіркесін жасауға тірек болатын сөзді **басыңқы сөз** дейміз.

Тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралық сипат беретін сөзді **бағыныңқы** дейміз.

Басыңқы сөздің қай сөз табынан болғанына қарай сөз тіркесі есімді тіркес және етістікті тіркес болып екіге бөлінеді.

Басыңқы сөз есімнен (зат есім, сын есім) болған сөз тіркесін есімді тіркес дейді.

Басыңқы сөз етістіктен болған сөз тіркесін етістікті тіркес дейді.

Есімді тіркес, оның түрлері	Етістікті тіркес
Зат есімді тіркес: а) кірпіш үй, ұзақ жол, мың теңге, бүкіл мұғалімдер, қоршаған орта; ә) саған жиен, мұғаліммен дос.	а) үйден шығу, әріптестермен кездесу, киімді тазалау; ә) көп сөйлеу, жақсы қарау.
Сын есімді тіркес: а) жұмыс жемісті, орта бойлы; ә) мектептен алыс, алтыннан қымбат, қараңғыда қорқақ.	б) жалықпай оқу, сеніп айту; в) биік ұшу, әдейі тексеру; г) үш келу, екі айту.

Сөйлемнің мүшелері

Тұрлаулы мүшелер:
Бастауыш,
Баяндауыш.

Тұрлаусыз мүшелер:
Анықтауыш,
Толықтауыш,
Пысықтауыш.

Жай сөйлемге синтаксистік талдау жасау

Мектептің жанында биік ағаштар өсіп тұр.

1) не істеп тұр? өсіп тұр, баяндауыш етістіктен жасалған.

2) не өсіп тұр? бастауыш, зат есімнен жасалған.

3) қандай ағаштар? биік, анықтауыш сын есімнен жасалған.

4) қайда өсіп тұр? мектептің жанында, пысықтауыш зат есімнен жасалған.

Сабақтас құрмалас сөйлем

Басыңқы

Бағыныңқы

- 1) себеп бағыныңқылы.
- 2) қарсылықты бағыныңқылы.
- 3) мақсат бағыныңқылы.
- 4) мезгіл бағыныңқылы.
- 5) шартты бағыныңқылы.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сұрақтары: қашан? когда? қашаннан бері? с каких пор?
қашанға шейін (дейін)? до каких пор?

баяндауышы:

ған, ген, қан, кен

 { ға, ге,+дейін, шейін
да, де,
ша, ше
нан, нен+кейін, соң
кезде

кел+ген+ше
кел+ген+де
кел+ген+нен+кейін
кел+ген+ге+шейін
кел+ген+нен+соң
кел+ген+кезде
бар+?
шық+?
?+?

Жаттығу. Осы етістіктерді ереже бойынша мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауышының формасына келтір.

Оқы, қара, түс, тексер, жап, ізде, сөйле, оян, тап, теп, іш, же, ойна, тік, ал.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУ ЖОЛДАРЫ

Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлеуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланыста жүргізіледі.

4-сыныпта жазылым әрекетіне қойылатын мақсаттар мен міндеттерді күрделендіре түсу қажет. Бұл кезеңде жаңа грамматикалық тұлғаларды енгізу арқылы оқушының ана тілімен салыстыра отырып, ережелерді түсіндіру тиімді болады. Жазылым әрекетін жазба жұмыстарының түрлері бойынша сауатты жазу деңгейінде көтеруге жол ашық.

Септік жалғау қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың ішіндегі ең бір маңыздыларына жатады. Олар сөйлемдегі сөздерді байланыстыру қызметін атқарады, тілде өте жиі қолданылатын қосымшалардың бірі болып табылады. Септік жалғауларын оқытудың алғашқы сатысында оны дайын жаттығудан табу жеңіл. Кейін сөзге септік жалғауын жалғау немесе жаттығудағы көп нүктенің орынына тиісті септікті жазғызу арқылы жаттықтырудың пайдасы бар. Ал, негізгі жаттығу қолданысқа бағытталады.

Ол үлгі бойынша сөз тіркестерін құру, сұрақтар бойынша сөйлем құрастыру, аяқталмай қалған сөйлемдерді, сөздерді толықтырып жазу, көп нүктенің орынына керекті сөздерді

тауып, сөйлем құрастыру, қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аудару, сызба бойынша, сөйлем мүшелерінің белгілері мен таңбалары бойынша сөйлем құрау.

Өз тәжірибемде әр септікпен жеке жұмыс істеп, барлық септік жалғауларын өткен соң, қайталау сабағында септікті сұрақтарымен беріп отырдым. Сонымен бірге оны дұрыс орынды қолдануға дағдыландыру қажет. Мақсатым – әр септіктің сөйлеуде орынды қолданылуын қалыптастыру, сөйлеуге бағыттау. Оқушы септік жалғауларын сөйлеуде дұрыс қолдана білсе, ойын байланысты түрде жеткізе алады деп ойлаймын.

Мысалы:

1. Ілік септік жалғауын сөз тіркесінде жаттықтыру ұтымды.

Кімнің баласы? Кімнің кітабы?

Асанның Әлидің

Розаның баласы Жақыптың кітабы

Үсеннің Даниярдың

2. Келесі сөздерге Ілік септік жалғауларын қосып жазыңыз.

Бала..., өзен..., тау..., үй..., зауыт..., гүл..., мысық..., тігінші..., досым..., көл..., ағам..., Болат..., Ыбырай..., тапсырма... .

Барыс септік.

3. Барыс септігінің жалғауларын белгілеңіз.

Сен ыдысты үстел ... қой. Кел, диван... отырайық. Сабақ... қатысу керек. Мына дәптерлерді сынып... апар. Сен қазір мектеп... бар.

Кітапхана ... кітап тапсырыңдар. Сынып ... кір. Көрші... айтыңыз. Мұғалім... уәде бер. Жаттығуды дәптер... жазыңдар. Бізді қонақ... шақырды.

4. «Кімге? Неге? Қайда?» деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді теріп жазыңдар.

Балқаш көлі балыққа бай. Алтай таулары кенге бай. Қарағанды көмірге бай. Әжем Анарға орамал сыйлады. Арман Әмірге альбом сатып әперді. Жазушы балаларға кітап жазып берді. Тамара Аянға шалбар тігіп берді. Әжем мен атам ауылға автобуспен кетті. Қалаға дейін әлі жол алыс.

Табыс септік.

5. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Мен кітапты мұғалімнен алдым. Сен дәптерді дүкеннен алдың. Ол борды жәшіктен алды. Мен сабақты жақсы оқимын. Сен тапсырманы үйде орындап кел. Сара қарындашты, сызғышты, қағазды үстелге қойды. Мен есікті аштым, шамды жақтым.

6. Сөйлемдерді қазақшаға аударыңыз.

Учительница вызвала ученика. Девочка взяла книгу. Брат поймал бабочку. Зоя вытерла парту. Мама положила сахар в чай.

Прочти журнал. Отнеси мел. Дай ручку. Открой окно. Съешь яблоко. Повесь зеркало. Вымой тарелку.

Жатыс септік.

7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Сынып ... (есть парты, стол, стулья, доска) Сол жақ ... (дверь), оң жақ... (два окна). Кітаптар, дәптерлер (лежат на столе). Қарлығаш (сидит на первом ряду). Қабырға... (висит доска).

8. Сызбаны толтырыңыз.

Қайда? Кімде? Қашан? Неде?

Керекті сөздер: мектепте, Ермекте, жазда, шелекте, ауылда, бүгін, сейсенбіде, орындықта, қалада, дәрігерде, Женяда, еденде.

Шығыс септік.

9. Сөйлемдерді аударып, «кімнен? неден? қайдан?» сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сызыңыз.

Я пришел из школы. Ты пришла из библиотеки. Он приехал из города.

Я взял книгу у мальчика. Ты взяла карандаш у Аси. Он взял книгу у Ермека. В магазине мы купили карандаши.

10. Сұраққа жауап беріңіз.

- | | |
|-------------------------|-----------------------------|
| - Хатты кімнен алдың? | - Хатты ағам... алдым. |
| - Балықшы қайдан келді? | - Балықшы көл... келді. |
| - Орманшы қайдан келді? | - Орманшы орман... келді. |
| - Дәрігер қайдан келді? | - Дәрігер емхана ... келді. |
| - Мұғалім қайдан келді? | - Мұғалім мектеп... келді. |

Көмектес септік.

11. Жақшаның ішіндегі сөздерді Көмектес септігіне қойып, көшіріп жазыңыз.

Мен (сіз) қазақ тілінде хат жазысып тұрайын деп едім. (Мені) бірге жүріңіз. Біздің тарихи (ескерткіш) танысқымыз келеді. Мен (Хасен) кездесейін деп едім. Біз (ұшақ) келдік. Мені өзіңіздің (досыңыз) таныстырыңызшы. Мына (кісі) танысыңыз.

12. Сөйлемді дұрыс құраңыздар.

Оқушы, жазды, қарындашпен. Кезекші, шүберекпен, сұртті, тақтаны.

Інім, доппен, ойнады.

13. Сөз құрамына талдаңыз.

Жағасымен, қарындашымен, добыңмен, пышағыңызбен, құрылысшылар, көшелерге, Алматының, табиғаттары, сыныптан, киімдеріңнің, құстарды, қалалардан, тастармен, қуанышымды, жүректен, тапсырмаларға, жиналысты.

Осы үлгілер бойынша сөз тіркесін жасату сөз тіркесімен сұраққа жауап беру, белгілі септікте сөзбен сөйлем құрастыру сияқты жеңілден бастап жұмыстың күрделі түріне көшіп отыру жолымен жүзеге асады.

ОҚУШЫ ТІЛІН ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ДАМЫТУ ЖАЙЫНДА

Мұғалімнің де, оқушының да еңбегі жеңіл емес. Мұғалім әрбір оқушының ойлау жеке стилін түсінуге талаптануға және оқушының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу үдерісін құруға міндетті. Оқушының жан дүниесін түсіну, дүниеге оқушының көзқарасымен қарау мұғалімнің шығармашылық жетістіктері болып табылады.

Мұғалім оқыту үдерісінде сыныптың әрбір оқушысы – бас фигура болып табылады деп есте сақтап отырады. Баланың рухани әлеуетін дамытуға бағытталған нақты дидактикалық стратегияны таңдап алып, содан кейін сабақты жоспарлауға кірісу керек. Мұғалім әрбір сабақта оқушыларды ойландыруға, зейінді және есте сақтау қабілеттіліктерін жетілдіруге, оқушыларды қызықтыруға, өз тәрбиеленушілерін жақсы білуге тиісті. Мұғалімнің борышы – әрбір оқушының пікіріне көңіл аудару, ұялшақ оқушыға көмектесу, оның пікірін мақұлдауға және көңіл аударуға сыныпты мәжбүр ету, мектептес жолдастардың ақыл-кеңестеріне құлақ

салуда үйрету, адамгершілік қарым-қатынастарды қалыптастыру.

«Гауһар ойланып жатыр, кедергі жасамаңыздар! Қолдарыңды көтеруге асықпаңыз! Гауһар өз пікірін айтқаннан кейін сендерге сөз беремін» - әрбір жеке тұлғаның қабілеттіліктеріне сену арқылы осындай адамгершілік, өзара түсіністік ережелерін оқушылар әр сабақта орындауға тиісті.

«Жазуға, оқуға, ойлауға, бақылауға, ойын жеткізе білуге үйрету» – әрбір мұғалімнің басты міндеті. Әр сабақта ойлауға, түсінуге, бақылауға мән беру керек. Бақылау барысында оқушылар өздері жан-жақты ойластыруға, ойға шомуға тиісті. Ең алдымен, өз пікірін сөзбен білдіруге тиіс. Бұл үшін жазбаша және ауызша сөйлеу жаттығулары қажет. Осындай жаттығулардың маңызды түрі – мәтіннің мазмұнын баяндау болып табылады. Оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында сыныпта мазмұндама жүргізуге болады.

Сабақтың тақырыбы: Мәтінді бөлімдерге бөле білу, мәтіннің негізгі ойын анықтау, ұжымдық құрастырылған жоспар бойынша сипаттау элементтерімен әңгіме құрастыру.

Сабақтың басында үй тапсырмасы тексеріледі. Содан кейін балалар «Қисық бұтақ» мәтінін оқиды.

«Қисық бұтақ»

Қыс бойы жер бауырлап бүрісіп тұрған қисық бұтақты көктем лебі баяу шайқап, тербеп оятты. Маужыраған бұтақ керіліп-созылып, денесінің құрысын жазды. Күннің шуақты жылуынан қуат алып, құлпыра түсті.

Күн өткен сайын жайқалып, жапырақ жайды. Бойын ерекше қуат кернеді. Самал желге желпініп, бүрлерін қағып-қағып қойды да, дүр-дүр сілкінді. Шауып кеткісі де келді. Бірақ сыпырғыдай жұмыр діні тас қып ұстап тұр.

- Жіберші жабыспай,- деді діңіне қисық бұтақ бұлқынып.

- Қайда барасың?

- Желмен жарысып ойнаймын...

- Әй, ақымағым-ай,-деп күлді діңі.

- Анау даланы шарлап келейін.

- Ол – қиын іс. Біздің қолымыздан келмейді. Одан да биікке қарай бой түзеп өс. Басыңды көтер. Сонда даланы төбесінен көріп тұратын боласың. Жерге жабыспай, жоғарыға, өрге өрмеле.

- Жерде жорғалап өсемін, - деп жұлқынып қалды қисық бұтақ. Діні теңселіп кетті. Бір жері ауырғандай қиналып қалды. Өн бойы қалтырап, ыңырана күбірледі.

- Ендеше, босат мені,- деп қиқарланды қисық бұтақ.

- Бұл да қолымнан келмейді.

- Сонда не келеді қолыңнан? Маған жармасқанды ғана білесің бе?— деп қисық бұтақ ызалана түсті.

Бақты аралап келе жатқан бағбан мынау бір сүйріктей ағаштың сынын бұзып, қиқайып тұрған қисық бұтақты көріп қалған еді.

- Ә, кесірлі екенсің зой, кербәқбай,- деді де, сырт еткізіп қисық бұтақты кесті де тастады. Сонан соң түп-түзу әсем діңді сипап-сипап қойды. Ағаштың діңі бір дерттен құтылғандай бойын жазып, сілкініп-сілкініп қалды.

Барлық оқушыларға тапсырма беріледі: мәтіннің мазмұнын есте сақтау, мәтінді бөлімдерге бөлу, әңгімеге ат қою, жоспар құрастыру. Одан әрі екінші рет мәтінді бөлімдер бойынша оқу және ұжымдық жоспар құрастыру. Балалар мынадай жоспар құрастырды:

1. Көктем лебі.
2. Қисық бұтақ.
3. Діңнің ақылы.
4. Бағбан.
5. Дерттен құтылу.

Жоспарды мақұлдағаннан кейін оқушылар мәтіннің мазмұнын ауызша баяндап шықты. Мәтіннің мазмұнын баяндамас бұрын оқушыларға мынадай сұрақ қойылады:

- Әңгіме кімнің атынан жүргізіліп отыр? (автор атынан)

- Өз мазмұндамаларыңда автор атынан әңгіме құрастырыңдар.

Тақтада мынадай сөздер жазылады: денесінің құрысын жазу, сүйіріктей, кербәқбай.

Мәтіннің мазмұны баяндалғаннан және талданғаннан кейін ұжымдық құрастырылған жоспар бойынша оқушылар мазмұндама жазуға кірісе бастайды. Балалардың есін, орфографиялық қырағылын дамыту мақсатымен орфографиялық дайындық кезінде берілген сөздерді дұрыс жазуға назар аударамын, ал қиын жағдайда көмектесемін.

Сөйлеу жаттығуларын орындаған уақытта ол балаларды байқағыштыққа, табиғатты сүйуге, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге және жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған түрлі-түрлі жұмыстармен сай келеді.



Мөлдір БОРАНБАЙ,
Т.Бигелдинов атындағы
Әуе қорғанысы күштерінің әскери
институтының оқытушысы.
Ақтөбе қаласы.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЖАСТАР: СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – лексикалық тақырыптар арқылы грамматикалық тақырыпты игерту, синоним, антоним, омоним туралы білімдерін кеңейту; **тәрбиелік** – ұжымдық жұмыс барысында адамдық қасиеттерін дамыту, ұлттық рухты бойларына сіңіру, жастық шақта еңбек ете білуге баулу, білімге ұмтылдыру; **дамытушылық** – сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, белсенді ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Түрі: оқытушының жетекшілігімен өтетін сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** сөз мағыналарына арналған үлестірмелі парақшалар, жетістікке жеткен жастардың суреттері, презентация, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Курсанттармен амандасу, топты қабылдап, журналға белгілеу: ә) ұйымдастыру кезеңі: курсанттардың назарын сабаққа аудару.

II. Ұйымдастыру кезеңі.

Үй тапсырмасын сұрау. С.Балғабаевтың «Жаңа ғасырдың жастары» өлеңін жаттау. «Қазіргі жастар қандай?» мәтінінің түсінігін айту.

III. Бекіту.

Оқытушының сөзі:

- Топты екіге бөліп, «Қоғам және жастар: сөз мағыналары» тақырыбындағы сабағымызды әрі қарай жалғастырамыз. Бүгінгі сабақта қоғам және жастар туралы айтылған нақыл сөздермен, Қазақстандағы жастар саясатының кейбір бағыттарымен танысамыз.

1-тапсырма. Өткен сабақтағы 3-тапсырмада берілген мәтін бойынша 5 сұрақ құрастыру. Соны қарсы топқа қояды. Сұрақтың мазмұнына байланысты интерактивті тақтаның көмегімен ұпай қойылады. Ұпайдың ең жоғарғы көрсеткіші – 5, төмені – 3 (Оқытушы өзі бағалайды).

2-тапсырма. «Қазіргі жастар қандай?» сұрағына қоржында тұрған сөздер арқылы дәлелді жауап беру. (2 қоржын да интерактивті тақтада көрсетілген).

Оқытушының сөзі:

- Жарқын болашақтың бастаушысы білімге құмар, биік мақсатқа ұмтылғыш, талапты болуы керек емес пе? Сол себепті «Қазіргі жастар қандай болуы керек?» деген сауал төңірегінде ой айтып көрелік.

1-қоржын:

Жігерлі.
Білімді.
Рухани бай.
Жаңалыққа
құмар.
Көкірегі ояу.
Өз-өзіне
сенімсіз.
Мәдениетсіз.

2-қоржын:

Мәдениетті.
Еңбекқор.
Мақсат қойғыш .
Сенімді.
Ізденгіш.
Әдепті сөйлей
алмайды.
Сауатсыз.

3-тапсырма. Мысалдарды түрлеріне қарай өз шеңберіне енгізіңіздер, 3 сөзді тандап алып сөйлем құрастырыңыздар. (Шеңбер интерактивті тақтада көрсетілген).

Көк, әдемі, үлкен-кіші, ара, арман, биік, аласа, қара, қара, азамат, бас, тіршілік, жас, төмен-жоғары, батырлық, бересі-аласым, заман, жас-кәрі, шапш, ебедейсіз, жастық, жаз, ақ-қара, мұғалім, қыс, атақ, жан-тән, түс, кір, атамекен, аспан, жер.

СИНОНИМ

АНТОНИМ

ОМОНИМ

4-тапсырма. «Қатені түзеу» ойыны.

Сөз мағынасы	қатесі	дұрысы
Ерлік, батырлық	антоним	
Ынтымақ, бірлік	синоним	
Жас	синоним	
Үлкен-кіші	омоним	
Болашақ, келешек	антоним	

Сөз мағынасы	қатесі	дұрысы
Мәдениетті, мәдениетсіз	антоним	
Байлық, дәулет	омоним	
Білімді, сауатты	синоним	
Романтик, реалист	омоним	
Алма	антоним	

5-тапсырма. «Көшбасшы» ойыны. Таңдаған сандардың сұрақтарына жауап беру.

10 10 10

20 20 20

30 30 30

10. Антоним дегеніміз – ...

10. Жастықтың оты қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай?

Кімнің сөзі?

10. Жастық – арман. Бұл – сенім. Бұл – әрі лирика, әрі романтика. Мысалдағы романтика сөзінің антонимін

табыңыз.

20. Мақалды жалғастырыңыз. Қарамен жазылған сөздің антонимін табыңыз.

Кәріге құрмет –

Ақылды жігіт атқа да отырар,

20. Біз, жастар – заманның

Иесі, қожасы.

Жаралған адамның

Жалынды, жаңасы. **I. Жансүгіров.**

Синоним, омонимді табыңыз.

20. Рухани байлық деп нені айтамыз? Сіз рухани бай адамсыз ба?

30. Мен жастарға: «Алдарында таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шақырады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер!»- дер едім.

F. Мүсірепов.

Өмір сөзінің синонимі.

Биік сөзінің антонимі.

30. Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашанда әзір болу керек.

B. Момышұлы.

Өз ойыңызды білдіріңіз.

30. Алдыңызға жоспар қоя білесіз бе?

Қандай жоспарыңыз бар? Бөлісе аласыз ба?

6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құрыңыздар, сол жоспар бойынша түсініктеріңізді айтыңыздар.

Қазақтың ұлы ақыны Қасым Аманжолов бір кездері:

Сен қандай бақытты едің, келер ұрпақ,

Қараймын келбетіңе мен таңырқап.

Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,

Көрпемді мен жатармын қырда қымтап, -

деп жазған екен. Жастық шақ – адам өмірінің ең қызықты да, қайрат-жігерге толы керемет кезеңі.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-ІІ Қазақстан Республикасының Заңына 2007.27.07. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Осы заңда:

1) жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары екені атап айтылған.

2) мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;

3) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – жастар тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі қарастырылған.

Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары, міндеттері және ұстанымдары:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының міндеттері:

1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету;

3) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске

асыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты:

1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін тану;

2) Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдылығы;

3) тән саулығын сақтау және нығайту;

4) адамгершілік және рухани даму;

5) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;

6) азаматтықты қалыптастыру;

7) жастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру;

8) жастар мәселелерін шешудегі жүйелілік пен кешенділік;

9) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардың тікелей қатысуы ұстанымдарына негізделеді.

Жастардың әлеуметтік құқықтары

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік оқу орындарында тегін негізгі орта, жалпы орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға;

2) Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге;

3) Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім гранты бойынша оқитындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ай сайынғы мемлекеттік шәкіртақы алуға құқылы.


(Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы заңынан)

7-тапсырма. Ойлан. Ізден. Тап.

Берілген сызба бойынша сөйлем құраңыздар.


Сызбаның құпиясы:

Зат есім - _____

Сын есім - 

Сан есім - ++++++

Етістік - =====

1. Қазақстан Республикасындағы  саясаты туралы +++++ жылғы 7 шілдедегі №581-II Қазақстан Республикасының Заңына 2007.27.07. өзгерістер мен толықтырулар =====.

2. _____ - Қазақстан Республикасының +++++ жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары.

3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім алуы, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың әлеуетін ашу мақсатында _____ .

4. Жастардың құқықтары мен бостандықтарын іске ===== .

5. Жастарға көмек беру және  көрсету.

6. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ай сайынғы мемлекеттік _____ алуға құқылы.

«Дипломмен ауылға!»

«Нұр Отан» ХДП, «Жас Отан» Жастар қанаты «Дипломмен ауылға!» жобасын әзірлеп, 2009 жылдың шілдесінен бастап жүзеге асырды. Жобаның басты мақсаты – «Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Жас Отан» ЖҚ әріптес – ұйымдары мен Қазақстанның Ауыл жастары одағы және Қазақстан

Студенттер Альянсымен бірігіп өткізілуде.

Қосымша ақпарат. Сонымен қатар, табиғатқа жанашырлықпен қарап, қала, ауыл тазалығын қадағалау, жазғы демалыс уақытында студент жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 қазандағы № 958 Қаулысында 2008-2010 жылдарға арналған «Жасыл ел» бағдарламасы бекітілді.

8-тапсырма. «Тілдік домино» ойыны. Сөз тіркестерінің адасқан сыңарын тауып, екінші сыңары қай сөз табынан болып тұрғанын айту:

дипломмен ауылға.....	Үкіметі
жобаның басты	қолдау
әлеуметтік	жобасы
Қазақстан Республикасының	мақсаты
Ауылшаруашылық	қарау
ауыл	министрлігі
Студенттер	қамтамасыз ету
жанашырлықпен	жастары
жұмыспен	Альянсы

Дұрыс жауаптары: Жастар қанаты, дипломмен ауылға, жобаның басты мақсаты, әлеуметтік қолдау, Қазақстан Республикасының Заңы, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл жастары, Студенттер Альянсы, жанашырлықпен қарау, жұмыспен қамтамасыз ету.

9-тапсырма. Тест тапсырмаларын орындау (тест жауабы интерактивті тақтада жасырулы тұрады).

1. Тест сұрақтары.

1. Сөз мағыналарын зерттейтін грамматиканың саласы:

- | | |
|----------------|---------------|
| а) морфология; | б) синтаксис; |
| ә) фонетика; | в) лексика. |

2. Айтылуы, жазылуы бір, мағыналары бір-бірінен

алшақ сөздер:

- а) синоним; б) антоним;
ә) омоним; в) диалект.

3. *«Жастықтың оты, қайдасың,*

Жүректі түртіп қозғамай» кімнің өлеңінен үзінді?

- а) А.Құнанбаев; ә) С.Торайғыров;
б) Н.Хикмет; в) Ғ.Мүсірепов.

4. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді не деп атайды?

- а) синоним; ә) антоним;
б) неологизм; в) омоним.

5. Синоним сөздерді табыңыз:

- а) айт, жаз; ә) оқушы, жазушы;
б) дос, жау; в) мұғалім, ұстаз.

6. Мағынасы бір-біріне жақын сөздерді не деп атайды?

- а) синоним; ә) антоним;
б) неологизм; в) омоним.

7. Омоним бола алатын сөзді көрсетіңіз.

- а) қағаз; ә) кітап; б) бет; в) оқулық.

8. Антонимдік қатарды көрсетіңіз.

- а) адам, жер; ә) табиғат, махаббат;
б) биік, аласа; в) өзен, көл.

9. Ойды аяқтаңыз: *«Адам өмірінің ең биік шыңы – ... »*

- а) өнер; б) жастық шақ;
ә) білім; в) биік мақсаттар.

10. Мына сөйлемге қажетті сөзді көрсетіңіз.

Жастарымыз еркіндікке, жақсылық пен ... өмірге ұмтылған дәстүрінен айнымауы керек.

- а) болашақ; б) алдағы;
ә) жарқын; в) үлкен.

IV. Үй тапсырмасы: М.Жұмабаевтың *«Мен жастарға сенемін!»* өлеңін жаттау.

Нарзангүл РАМАЗАНОВА,
Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған
№34 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

Аймақтық компонент ретінде жазушы шығармаларын облыс мектептерінде оқыту – қажетті мәселе. Кезінде Бөкейтану оқу бағдарламасын қазақ мектептерінде аймақтық компонент ретінде оқыту ұсынылған. Ал, қазір жазушы жерлесіміз О.Бөкей шығармалары орыс тілді мектептерде де оқытылуда. Соның бір дәлелі – Өскемен қаласындағы біздің мектеп-лицейі.

Жазушы мұрасын зерттеуде лицейдің ғылыми қоғамы оқушылар арасында ғылыми жоба қорғауды ұйымдастырды.

Жалпы О.Бөкей шығармаларының дүниетанымдық, философиялық мәні терең. Көркем шығарманың игі әсерінің бірі – тәрбиелеу. «Бес тиын» атты шағын әңгімені оқыту арқылы тұтас бір буын жастарды адалдыққа тәрбиелеп шығуға болады. Ауылдағы қарапайым пошта қызметкері тексеру кезінде бес тиынға ұсталып қалып, қатты қысылады. Қазіргі кездегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте аталған әңгіменің идеясы өзекті болып отыр.

Осы себепті әдебиеттен өткен осы әңгіме аттас сабақ жоспарын ұсынып отырмын.

Сабақтың тақырыбы: О.Бөкейдің «Бес тиын» әңгімесі.

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды іздендіретінін отырып, жазушы туралы білімдерін кеңейту, толықтыру. Әңгімені оқыта отырып, мазмұнына, кейіпкерлеріне толық талдау жасауға үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту, сөз қорын байыту. Шығармашылық жұмыстар арқылы ойлау, сезіну қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – негізгі кейіпкер Зәкеңнің іс-әрекетіне талдау жасай отырып, оқушыларды жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Адалдықты және әділдікті дәріптеу.

Түрі: білімді тексеру, бағалау. **Формасы:** ізденіс. **Көрнекіліктер:** О.Бөкей портреті, буклет, тірек-сызба. **Құрал-жабдығы:** интерактивті тақта.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру.

а/ Сәлемдесу;


ә/ Сабақтың мақсатымен таныстыру;

б/ Топ жетекшілеріне бағалау парағын беру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Сабақтың басында сөздік жұмысы жүргізіледі. Төменде берілген сөздерді орыс тіліне аударады: мінез, ермек, сыр айту, атқамінер, келбеті, қолын сермеді, қайғырады және томаршадай тым кішкене, бітімі бөлек, бетіне қалай қараймын деген тұрақты сөз тіркестерін қалай ұққаны тексеріледі.

Әңгімені талдауда төмендегідей тірек-схеманы пайдалануға болады.



Сынып оқушылары 3 топқа бөлініп отырады.

Тірек-схеманың әр тақырыбының қасында қалташа бар.

Қалташада сұрақтар берілген.

I топқа: 1. О.Бөкейдің отбасы, туған жері.

2. Білім алған ордасы.

3. Жазушының еңбек жолы.

II топқа: 1. О.Бөкей шығармаларынан жазушы шеберлігін

байқадың ба?

2. Қандай әңгімелері бар?

3. Қандай шығармаларына кино түсірілді?

III топқа: 1. Әңгімелерінің тақырыптары қандай?

2. О.Бөкей атында Шығыс Қазақстан облысында нелер

бар?

III. “Бес тиын” әңгімесі бойынша біз нені білуіміз

керек? /интерактивті тақта арқылы көрсету/

1. Зәкеңнің мінезі.

2. Зәкеңнің ермегі.

3. Балаларға сыр ақтаруы.


4. Міністір болатын адам.

5. Ауыл атқамінерлерінің жауы.

6. Тексеру және оның қорытындысы.

Осы жоспар бойынша қысқаша мазмұндау.

IV. Мәтінге әдеби талдау жүргізу.



Сұрақ-жауап әдісі:

1. Негізгі кейіпкер кім? / Зәкең /
2. Портрет деген не? /Көркем шығармада адамның сырт-келбетін, түр-тұлғасын суреттеу./ Пәнаралық байланыс – орыс әдебиетімен байланыстыру.

3. Негізгі кейіпкердің аты неге «Зәкең» деп алынған? Қалай ойлайсындар? Қазақ халқының қандай дәстүрі көрініп тұр?

4. Зәкеңде қандай жақсы қасиеттер бар?
5. Пейзаж қалай суреттелген?
6. Әңгіме неге «Бес тиын» деп аталған?

V. Дебат үлгісімен жақтаушы және даттаушы топ Зәкең бейнесін аша түседі.

I топ. Зәкең – адал, еңбекқор адам /жақтаушы адам/

II топ. Зәкең –дүниеқоңыз адам /даттаушы топ/

III топ. Әңгімеден көркем сөздерді табу /теңеу, эпитет, афоризм, метафора, т.б.

VI. Қорытындылау.

О.Бөкейдің «Бес тиын» әңгімесі арқылы қандай үлгі-өнеге алдық? Топтастыру стратегиясы бойынша жауап беру.

VII. Бағалау. Топ басшылары бағалау парағын толтырады.

VIII. Үйге тапсырма. Адамның жақсы қасиеттері туралы мақалдарды біліп келу.



Айнұр ЕРДЕНОВА,
Ақмола облысының
Шортанды Жоғарғы
техникалық мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.

МАРХАБАТ БАЙҒҰТТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ПӘНІНІҢ ПЕРІШТЕСІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ТҮЙСІК ПЕН СЕЗІМ

Шын жазушының негізгі міндеті – нені жазуда емес, қалай жазуда, қанша жазуда емес, не үшін жазуда. Осы тұрғыдан келгенде, Мархабат Байғұт қалай жазуды, не үшін жазуды жақсы меңгерген. Неміс әдебиетінің жиырмасыншы ғасырдағы классигі Бертольт Брехт «Шындықты жазудың бес айласы» деген атақты тұжырымдамасында «нені» жазу мен «не үшін» жазуды басты өлшем етіп, өзінен кейінгі толқынға осы талаптарды қағида ретінде ұсынып еді. Осыдан келіп, неміс әдебиетінде әйгілі «Брехт мектебі» пайда болды. Әрине, мен бұл жерде Мархабат Байғұт Брехттың бес айласын оқып алып, өз шығармаларын жаза бастады деген ой айтудан аулақпын, бірақ, шындықты жазуға талпынған жас қаламгер әуелі құдай берген табиғи түйсік арқылы жазуға отырады да, өсе келе, тәжірибе жинақтай келе, іздене келе өмір шындықтарын шынайы көркем әдебиет шындығына айналдыру үшін бір ғана табиғи түйсіктің аздық ететінін сезініп, әлем әдебиетін аралағандай аралай

бастайды. Аралай бастайды да, оқыған-тоқығанын ой таразысынан өткізіп, солардың бір де біреуіне ұқсамаудың жолын қарастырады. Тіпті, олардан кемшіліктер де тауып, өз шығармаларында оны қайталамауға барын салады. Мархабат Байғұт әдебиетте өз жолын, өз қолтаңбасын, өз стилін тапқан жазушы, оның басқа ешкімге ұқсамайтын. Тек өзіне ғана, Мархабат Байғұтқа ғана тән ерекшеліктері жетерлік.

Әдетте, «талғамға бола таласпайды» деседі. «Әдебиет пәнінің періштесі» шығармасына Мұқағали ақынның «Менің нәзік жанымды кім түсінер...» деген өлең жолын эпиграф етіп таңдаған. Кейіпкер Баубектің тағдырын сана сүзгісінен, көз алдымыздан өткізе отырып: «Он жыл так, будто нес перед собою свечу» деген сөз ойға оралады. Бұл сөзді орыс жазушылары арасында Нобель сыйлығын тұңғыш иеленген Иван Алексеевич Бунин жөнінде әлдебір замандасы айтқан. Буниннің 1915 жылы жазылған «Грамматика любви» дейтін әңгімесіндегі детальдің Мархабат Байғұттың «Әдебиет пәнінің періштесі» әңгімесіндегі мына бір детальмен дәлдігін қараңыз. Балалығының базарын қыздырған, жастығының арман бесігін тербеткен қара шаңырағына Лушка есімді кейіпкер араға жылдар салып оралып, еденде кеудіреу кеуіп жатқан, тақтай бетін тұтаса жапқан алтын түсті өлі араларды көреді. Онда тұрған не бар дейсіз бе? Қуат қуанышынан, құштар әлемінен айырылған, удың өзін кезінде балға айналдырған махаббаттың ажал құшуы емес пе бұл – сұмдық қой! Баубекке де осы тағдыр дөп жазылған екен. Тіпті, «Грамматика любви» мен «Әдебиет пәнінің періштесі» тіркестері де ұялас тәрізді.

Өлі аралар туралы тұспалдауымызда мән бар. Жаз бойы гүлден шырын сорған аралардың аталықтары алдағы қыстың дайындығын аяқтайды да, ұрпақ өрбіту үшін

аналықтарын ғана қалдырып, кешеу күзде өздері түгел қырылады. Неге? Уақытқа үйлеспегендіктен. Олар да кейіпкер Баубектей: «Біздің әлеміміз мына әлемге келмесе не шара? Мөлдіреп өттім өмірден. Былғанбай барам бақиға. Қалықтаймын-ау қанаттарыммен. Ұштым да кеттім жеп-жеңіл» дейтін сияқты. Әрине, бұл – болжам. Табиғаттың тылсым құпиясы түйсігімізден әлдеқайда терең десек те, түйсіну құдіретін бағалаған жөн.

Және бір мысал келтірейік:

Қара мақпал, алтын бунақ арасың,
Мұңлы шектей мұңлық күйге саласың.
Түсінбейін адамның ой-санасын,
Жайпай өтіп мейірімнің даласын,
Соғады әлі сұрапыл бір борасын,
Ысырыла ызғып кетіп барасың.

Өзіміз еркін аударған бұл өлеңнен И.А.Бунин жоғарыдағы аталмыш әңгімесін он екі ай шамасы кейін жазыпты. Тағы бір жыл озғанда, айтқаны ақиқатқа айналғанын жалпақ жұрт көрді – 1917 жылы Қазан төңкерісі бұрқ етті. Тыныштықтың астаң-кестені шығып, ар-ұят, адамгершілік құндылықтары табанға тапталды. Алмағайып, аласапыран зұлматтың қорлығына, төңкерісшіл қарау күштердің зорлығына шыдамаған жазушы ақыры эмигрант атанып тынды. Туған елінен топырақ бұйырмай, моласы Парижде құлақ қылтитты. Міне, түйсіну құдіреті! Әсіресе, өлеңнің соңғы екі қатарындағы қисынға Бунин тағдырының қиыса кеткенін көрмейсіз бе?!

Өтпелі кезеңдегі тұрпайы тұрмыстың, еліктеуі ерсі мәдениеттің құрбаны болған Баубектің де өлімі кездейсоқтық емес. «Әлеуметтік әуеннің» сұрғылт сарыны әуелі Махамбеттің басын алдырған, Абайды тасырлардың таяғына жығып, Ахмет Байтұрсынұлын, Міржақып

Дулатты, Мағжан Жұмабайұлын, Жүсіпбек Аймауытұлын, Әлихан Бөкейханұлын оққа байлаған. Солардың бағытын ұстануға, жолын қууға, ілімін ілгерілетуге, ісін мәреге жеткізуге талпынған уыздай жасты мүйізі қарағайдай қарадүрсінділік қарға адым ұзатпады. Баубек кейіпкердің болмысы – күйреудің қорқынышына қарсыласқан қорғансыз жас жігердің арпалысы, тарихи тағдырымыздың тамшыдай ғана көрінісі. Әдебиет пен өнер аяқ астына түскен күндерде тірлік кешкен қарапайым мұғалім бабалары жаққан шырақты өзінен кейінгі ұрпаққа өшірмей жеткізуді армандады. Асқақ рухы қай кезде де Ар дейтін аяулы ауылдан табылатын. Еркін ерлігі – адамдарды сүйе білушілігі. «Қыздай сызылғанның қыздай сызылған баласы мұзға жығылған дейтіндер де аз болмас. Ғайбатсыз-ақ, айбатсыз да аттанайын жалғаннан» деу үшін де кінәратсіз махаббат пен ождан тазалығы керек қой. Адал аңғалдықтың да суалатынын, қуаратынын сезбеді ол. Өмір тұтқынынан босап, өлім торына түскенге дейінгі сәл сәттік бостандықты сезген де шығар-ау. Бақиға былғанбай баруды көксеген, тектілікті тірек тұтқан пендеге сондай кешігудің өзі дұрыста.

«Әдебиет пәнінің періштесі» хикаятындағы сюжеттік желілердің қиылысу тоғысында ұлттық мүдденің үдесінен шығуды көздеген жан жылылығының ұлғайған уайымы мен көмескіленген сана салғырттығының ықыласынтаны ықтыратын ызғары, кісілік пен кісәпірліктің бітіспес шайқасы бар. Ұрпақтың қайырымсыздауынан, қатыгезденуінен үрейі үдететін «жұқалтай жүрек» жігіттің тастай қара суыққа қарпылуында, іштей қызыл жалынға шарпылуында осындай сыр жатыр. Оның да қысқы ғұмырын күштарлық ғұмыры жұтып қойды. Шексіз сүйіспеншіліктің де жүректі қарашұбар жыландай шым-шым шағып

тұратынын түсінуге Баубек әлі жас еді. Сондықтан да «түп-тұнық күйде, толғана ақты». Аудан мен ауыл арасында Баубекке жеткізбеген төрт шақырым жер тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қысылтаяң қарбаласымызды еске түсіреді. Кімге оңай болды дейсіз?! Ол түні «қайысып қарадақтардан, майысып барып құлаған» кейіпкерге зулаған мәшинелерде кәрі қыршаңқылық келте кекесінмен мырсетіп, салқын жарық саулаған май құю бекеттерінде тастан ойған сұп-сұр беттер бедірейіп, иесінің арсыз күлкісі қытықтағанда да мізбақпай отырғанына кім кінәлі? Қоғам ба? Әй, қайдам! Жазығы тізгін еркіндігін қолымызға тигізгені ме? Қоғам дегеніңіздің өзі адамдар мінез-құлқының жиынтығы емес пе?! Өтпелі кезең заңдары тірлігімізді трагедияға тіреу үшін қабылданды деуге есі дұрыс кісінің ауызы бармас. Кейіпкердің өз сөзімен айтсақ: «Пенделік, шіркін, қиын ғой. Қай дүние де құпия». Көп нәрсенің қиюы табылмай, қинауы көбейгені рас. Жабағы жүні түспеген жадау-жүдеу күндерде жекешелендірудің желігі жындай ұйытқып, ойран-ботқа ойларға көмілдік. Сол шеңберді рухани қуатпен бұзып шыға алмасақ, сорға құлайтынымыз, танымсыз, талғамсыз мәңгүртке айналарымыз сөзсіз еді. Баубек кейіпкер көлденең көгенкөзден көмек сұрайтын көркөкірек емес, көрсоқырлықтың кәкір-шүкірінен келешектің мөлдіреген көкжиегіне ертерек жетуді көздеген намысшылдарымыздың бірі болатын. Ол бүкіл арман-тілегін бір тамшыдай ғана таза ғұмырына сыйғызып өтті жалғаннан. Сұлу талғамының талқысы қатты жігіт Құдайдан қорықпайтындардың адамнан ұялатынына сенбей кетті. Тоқтыққа емес, тоғышарлыққа қарсыласып бақты. Ащыны маңдайынан төгіп, тәттіні таңдайымен татты. Аңсарлы аңғалдығымен өмірді де, әдебиетті де алаңсыз сүйген жан жомарттығын танытты. Қойдай қоңыр жуастығымен

жадымызда, айбынын айқайсыз-ақ асыратын биязы үнімен — нағыз адами дауысымен үнімізде қалды. Оның ақылды күлкісінде өткеніміздің өксігі, бүгінгіміздің бұлқынысы, келешегіміздің романтикасы тұнып тұрды. Кейбіреудің үстірт ойлайтынындай, «Әдебиет пәнінің періштесі» отбасы, ошақ қасының күйбеңшіл күңкілі емес, биікке талпынған бекзат болмысымыздың шерлі шежіресіндей шығарма. Ішкі әлемімізді нұрландыратын өміршеңдік қуаты мол мұңлы игілігіміз. Қайғырып отырғанда оқысаңыз қайғыңыздың өзіне тіл бітіргендей. Нағыз байлық сөз жиған адамда екенін зерек зерделеген әкелі-балалы кейіпкер не айтса да өмірдің, әдебиет пен өнердің, ұрпақ тәрбиесінің пайдасына айтыпты. Көкірегі аяққаптай найсаптықтың, аярлықтың асқақтауынан, абыройдың аяқастылығынан қорқыпты. Сол себептен де бұл туындының түп қазығы — уақыт идеясы. Формасы — уақыттың тәкаппар тәртібі. Егер хикаятта ақтарылған ұлан-асыр сыр тұтасымен монологтар арқылы ғана баяндалмаса, онда тақырып пен стиль арасында түр мен мазмұнның бірлігі сақталмас еді. Сыршылдықтың еркін үлгісін таңдаған жазушы пәлсапалық толғамдарын қысылмай-қымырылмай толғау, қиялын қиырға самғату, кеңінен қамтып, молынан қарпу мүмкіндігіне ие болған. Мұнысы тұйықтан шығуға талпынған өтпелі кезеңдегі кейіпкердің көңіл-күйіне сәйкес әрі үйлесімді. Алғы шепте күнкөріс қамы емес, поэтикалық ойдың озуы — тектілігіміздің белгісі.

Жайылып бара жатқан жалпақ судай жалған дилмарлықтан тіксінген қаламгер тіркестердің ырғақты құбылысына сезім сәулесін, жүрек жылуын жүгіртіп, мінез-құлық қырларын ашып көрсетуге, қисынды көзқарастар қалыптастыруға құнарлы психологиялық өзгерістерді рет-ретімен жүйелі пайдаланған. Көркемдік

климатындағы температураның кенеттен күрт көтерілуі немесе күтпеген жерден төмендеуі сүйініш-күйінішімізді қатар қанағаттандырып, шығарманың үйлестірушілік рухы желеп-жебейді. Сондықтан Баукең бейнесі бірыңғай патетикалық-трагедиялық ауанда емес, табиғатпен бірлікте, адамдармен қарым-қатынасы тақырыптық шеңбермен шектелмеген деңгейде жасалды деуге құқылымыз. Өзіне ғана тән түйсіну жаңалығы арқылы жазушы жеке тағдырдың орны толмас өкінішінен де мөлдіреген рухани дүние туғызып, қыршынынан қиылған өрімдей жастың рухани өнер өлкесіне – ажалсыздықтың әсем әлеміне тұрақтандырды. Бұл – қаламгер ерлігі. Оқисың да, ағаштан бесік те, табыт та жасалатынын ойлайсың.

Әдебиетті көп болып жасамайды. Әдебиет – жеке адамдардың еңбегінің жемісі. Біздің тәуелсіз еліміз енді-енді еңсе көтеріп, өркениетті, дамыған елдердің қатарына енді-енді қосылып келеді. Бұл жолда жеңісіміз де, шегінісіміз де, дағдарысымыз да аз болмады. Бұдан кейін де төрт құбыламыз түгел, уайым-қайғысыз өмірге оп-оңай қойып кеткелі отырғамыз жоқ. Алдымызда қыруар жұмыс күтіп тұр. Демек, әдебиеттің де алатын қамалдары мен асатын биіктері аласармақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нармахан Бегалыұлы. «Оңтүстік Қазақстан», №70, 2005.
2. А.Досалиева. Мархабат Байғұт шығармаларындағы адамгершілік мәселелері // «Жас ғалым». 2009, №2, ақпан.
3. Д.Исабеков. Ойы ұшқыр, қаламы үшкір жазушы: М.Байғұт 60 жаста // Егемен Қазақстан, 2005, №118, мамыр.

ТІЛ ҰСТARTY

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың құрмалас сөйлемнен алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдану, ауызша, жазбаша талдау жұмыстарын жүргізу; **дамытушылық** – ойын анық жеткізіп, мәдениетті сөйлеу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – бір-бірін тыңдай білуге, ұжымда жұмыс істеу қабілеттерін шыңдай отырып, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу, тілді құрметтеп, қастерлеуге баулу, білуге құштарлық сезімін ояту.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** жаттығу, сұрақ-жауап, жеке жұмыстар, талдау, салыстыру, қайталау, баяндау.

Көрнекілігі: мультимедиялық жоба, слайдтар, экран.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Қайталау сабағы.

Топ екі командаға бөлініп, ат беріледі. Әр команданың топ басшылары анықталады. Әр командаға құрмалас сөйлем, олардың мағыналық түрлері бойынша сұрақтар қойылып, теориялық білімі анықталады. Топ басшыларына жеке тапсырмалар беріледі. Мүдірмей жауап берген команда жеңіске жетеді.

1. Бүгін біз төрт сабақ оқыдық және сынып жиналысы болды.

2. Су табиғатта кең тараған, өйткені бүкіл атмосфера судан тұрады.

Тапсырма: Берілген салалас, сабақтас құрмалас

сөйлемдерді мағыналық түріне ажыратып, сөйлем мүшесіне талдаңыз. (Тақтада орындалады).

1. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. 2. Мен бұл арада үндемедім және үндеуді қажет те көрмедім. 3. Күн батты, тауды қара көлеңке басты. 4. Сізді ешкім шақырған жоқ, сондықтан сіз бармайсыз. 5. Жүзінде қайғы да жоқ, қасірет те жоқ, бірақ қорқыныш қана бар. 6. Біз жиналып барғанша, олар кетіп қалыпты.

Тапсырма: «Кім тапқыр» ойынында берілген мақал-мәтелдердің сыңарын тауып, қандай құрмалас сөйлем екенін айту керек (Ауызша).

1. Көз қорқақ,
2. Қоянды қамыс өлтіреді,
3. Көп қорқытады,
4. Атаның баласы болма,
5. Ата көрген – оқ жонар,
6. Болат қайнауда шынығады,
7. Батыр туса – ел ырысы,

Тапсырма: Тіл дамыту деп аталады. Мұнда 2 топ еркін тақырыпта диалог құрастыру керек. Бірінші топ салалас құрмалас сөйлемге арнап, екінші топ сабақтас құрмалас сөйлемге арнап құрастырады.

Тапсырма: Кейбір оқушыларға деңгейлеріне қарап деңгейлік тапсырмалар беріледі.

Тапсырма: Берілген сабақтас құрмалас сөйлемдерді мағыналық түріне қарай ажырату (ауызша).

1. Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды біреуге міндет етпе. 2. Атам көп жүргендіктен, кеше белі ауырды. 3. Сыныпта жақсы оқитын оқушылар көп болса да, білім сапасы жоғары болмады. 4. Меруерт кешке қаладан қайтқанда, шешесі үйде болмады. 5. Күз түсіп, құстар ұшып кете бастады. 6. Жақсы аудармашы болу үшін өзге тілдерді өте жақсы меңгеру керек.

Тапсырма: Берілген сөздермен құрмалас сөйлем құрастырып, тақтада орындау. *Қар, емтихан, оқу, сабақ, құстар, қала.*

Тапсырма: Төмендегі берілген сөйлемдердің басыңқы сұңқарларын тауып, мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жасаңдар:

- | | |
|-------------------------------|---|
| 1. Мен ауылға жеткен кезде | а) үйге барамыз. |
| 2. Қалаға келгелі | ә) мен жұмысты бітіремін. |
| 3. Сен келгенге дейін | б) ол мектепте жоқ еді. |
| 4. Ол кеткелі | в) мен театрға, концертке жиі барып жүрмін. |
| 5. Емтихан тапсырғаннан кейін | г) ауа райы бұзылды. |
| 6. Біз барғанда | д) біз оны көргеніміз жоқ. |

Тапсырма: Берілген сабақтас құрмалас сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. Как прочту эту книгу, так и тебе дам прочесть.
2. Как только они увидели Раушан, сразу замолчали.
3. В комнате стало темно, потому что солнечные лучи не проникали в неё.
4. Мы не поехали на дачу, так как пошел сильный дождь.
5. Если станешь наставником молодежи, то в будущем найдешь в них опору.
6. Если много читать не будешь, то не станешь образованным.

Бекіту: Венн диаграммасы.



Тест сұрақтары. (10 сұрақ)

Бағалау.

Үйге тапсырма: салалас құрмалас сөйлемге, сабақтас құрмалас сөйлемге арнап 15 тест сұрағын құрастыру.

Бибiжан МЫРЗАШҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№43 орта мектептің
қазақ тiлi мен әдебиетi
пәнiнiң мұғалiмi.

ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТЕТІКТЕРІ

Менің өмірлік ұстанымым: “Әділдік. Ізгілік шуағын тарату және оқушыларға білім беру”.

Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны пайдалану – тиімді әрі пайдалы.

Менің сабағымда көп қолданылатын деңгейлеп оқыту технологиясы 7-11-сыныптарға арнап деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Бұл деңгейлік тапсырмалар оқушының шығармашылық қабілетіне, ізденуге ықпал етеді. Оқушының пәнге деген қызығушылығын әрі өздік ізденуге мүмкіндік береді. Оқыту мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың танымдық, тәжірибелік әрекеті, жоспарлы ұйымдасқан түрде жүзеге асырылады. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқу іс-әрекетінің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады. Ал, менің мақсатым – оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу. Жүйелі жүргізілетін деңгейлік тіл дамыту жұмыстары. Ал, оқушы сол білім шыңына шығу үшін жоспарланатын тапсырмалар мен қолданылатын әдістер әрбір мұғалімнің

шеберлігімен, өмір мен тұрмыстың күрделілігіне қарамастан қаншалықты өз жұмысын сүйетініне байланысты. Талап та, талпыныс та өте жоғары деңгейде болу керек. Деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы әр оқушы өз деңгейіне дейін тапсырмалар орындап, өзін-өзі бағалай білді, модульдік технология бойынша оқушылардың әр тақырып бойынша білімі, сөздік қоры жақсарды.

Оқушыларды деңгейлеп саралап оқыту, ізденімпаздыққа ізгілікке үйрету тақырыбы бойынша оқушының өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау – білім беруде жекеше оқытуды дамыту болып табылады. Яғни, деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты әр оқушының өзінің даму деңгейін, оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады. Олар: ең төменгі деңгей, бағдарламалық /орташа жағдай/, күрделенген деңгей. Сонымен оқушының жеке тәжірибесіне негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін әр баланың жеке тұлғасына, ерекшелігіне, психологиялық дамуына мән беру керек.

Оқушының жеке дамуы оқу үдерісінде субъект ретінде алынады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан, жұмысты І деңгейде орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді.

I деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады.

Әрбір оқушы I деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады деген сұрақ туады. Сондай жағдайда, I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг – ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне сараптама жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп, оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының өзектілігі жаңаша мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударады.

Ақпараттық-педагогикалық саралап оқыту.

Қазақ тілі пәнінде деңгейлеп-саралап оқыту әдісі тәжірибеде қолданылады.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық жаңашылдықпен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын

талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарына сәйкес оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Осыдан келіп, оқу үрдісін қазіргі деңгейде жүргізуге талпынғандарға арналған ерекше талаптар туындайды.

Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде ашылған жаңалықтар болып табылады.

Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үрдісін технологияландыру – өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады.

Сыныптарының басты талабы – сабақтың сапасын арттыра отырып сабақ түрлері мен әдістерін танымдылық, білімділік деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жоғары сынып мұғалімдері сабақ өту әдістерін толықтырып, әр уақытта ізденісте болады. Қазіргі уақыт талабына сай мен де өз сабақтарымды жаңаша ұйымдастырып, өзіндік тың ізденістерге талпынып отырамын.

Сабақ өткізу барысында оқушыларды еуростандарт негізінде тәрбиелеп, оқушылардың сабаққа қызығуын арттырып, сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдаланып келемін. Мен қолданатын сабақтың жаңа түрлері де сабақтың мазмұнын, мақсатына, жүру барысына қарай дамытпалы Галиев, Қараев әдістері көп қолданылады. Саяхат сабақ, сайыс сабақ, ойын, жарыс сабағы, аралас сабағы, тест әдісімен өткізіліп келеді.

Күнделікті жоспардағы сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушының есінде ұзақ сақталады, ой-өрісі кеңейеді. Ойлау қабілеті дамиды, сабаққа қызығуы, белсенділігі артады. Мұнда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту барысында ауызша, жазбаша дағдыларын меңгерту көзделеді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеудің нәтижесін, оның қызық та қиын екендігін, көп іздену керектігін дәлелдейді. Оңайдан қиынға, жеңілден ауырға ұстанымын сақтап, алдымен жеңіл ребус, сөзжұмбақтар, т.б. құрастырып, біртіндеп күрделендіре түсемін.

Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы аса зор. Оқушылар әр түрлі мәселелерді талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Соңғы кезде оқу үрдісінде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр.

Баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі – оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы-мұғалім» ұстанымының өзара тығыз

байланысы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп, беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал, оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды өзгертіп, білімді біріктіріп» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Бұлар – әңгімелесуші-оқулық бойынша оқушылар жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама мен ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу – мысалдармен оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді.

Біздіңше, оқытудың жаңа технологиясы жағдайындағы оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы барлық деңгейдегі тапсырмалар қызығушылықты мазмұндалған болса оқушыларда ынта пайда болады. Мұндай жаңа технология бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдер үзіліс кезінде де оқушылардың сабақтан бас алмайтындығын айтады. Өйткені оқушылар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, қазақ тілінен басқатырғыштар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешуге ұмтылатыны даусыз. Бұл жерде «үлгерімі кейіндеп

калып, өз құрбыларын белгілі бір себептермен қуып жете алмайтын оқушылармен қалай жұмыс істеуіміз қажет» деген сұрақ туады. Бұл мәселенің де оңды шешуі қарастырылған. Олар мыналар: барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған оқушылар үлгірмеушілерге көмектеседі, сыныптың басқа оқушылары өздігінен жұмыс істеп жатқан кезде мұғалімнің үлгерімі төмен оқушыларға дербес көмек көрсетуіне уақыты болады.

Сондай-ақ деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады. Демек, қандай оқушы болсын, өзінің жақсы оқитындығына қарамастан, «оқушылық міндетті», яғни, бірінші деңгейдің жұмысын орындаудан бастайды. Нәтижеде бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді.

Оқушыларды деңгейлеп-саралап оқыту, ізденімпаздыққа, ізгілікке үйретудің ұстанымдары.

Саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша шығармашылық, эвристикалық деңгей тапсырмаларын орындатып, қорытынды жасатып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал жасай аламыз. Сабақ барысында жазылған көркемдік дәрежесі тәуір өлеңдер, шағын эссе, әңгіме, новеллалар – осы технология бойынша оқытудың нәтижесі.

Оқыту әдістерінің көп түрлі сипаты бар. Оларды жалпы ортақ белгілеріне қарай топтап жүйелеуге болады. Қазіргі уақытта оқыту әдістерінің негізінен ондаған түрі белгілі. Білім алудың басты мақсаты – жеке бастың өздігінен дамуын қалыптастыру болғандықтан, оқушы өздігінен танымдық іс-әрекеттердің әдістері мен тәсілдерін меңгеруі керек.

Білімді ізгілендіру жағдайында оқытудың негізгі түрі – топтық және жекелеп оқыту болып табылады. Топтап

оқытудың басты мақсаты – аздаған топ болып, оқушылардың бірігіп жұмыс жасауға дағдылануы. Мұндай топта оқушы өзінің жеке дағдысын жоймайды. Қажет болған жағдайда, тіпті, кейде оқушы арқылы оқушылар бір-бірінен көмек сұрап, жалпы тапсырманы орындайды. Бұл жағдайда әр оқушы өзінің жетістігінің дәрежесін немесе сәтсіздігіне қиналуын бағалап қана қоймай, сонымен бірге ортақ нәтижеге қалай әсер еткенін көріп байқайды. Жекелеп оқыту түрі бөлек тапсырмаларға терең үңілуге мүмкіндік береді және оқушы өзінің және мұғалім алдындағы жұмысты орындау қорытындысының жауапкершілігін түсінеді. Бұл жерде ең бастысы – оқушыға сену, өзіне жауап беру қабілетіне сүйене білу, абыройды жоғары ұстау сезіміне ынталандыру және өзін-өзі сыйлау.

Қазіргі уақытта жұмыс дәптерлері компьютерлік нұсқада оқылып, орындалуда. Оқушы компьютерді пайдалану арқылы оқу жағдайын қалыптастырады, танымдық-зерттеу қызметін жүргізеді, электронды оқулықтардан дикторлық дауыспен оқылған мәтіндер тыңдайды, талдап, сараптама жасайды. Біздің қарастырып отырған педагогикалық технология деңгейлік-саралау ұстанымына негізделгендіктен саралап оқыту түсінігіне тоқталып өтейік. Әдебиетте оқыту жүйесінің саралап оқыту ұғымы – оқушының жалпы білімдік дайындық минимумын игере отырып, өзінің бейімділіктеріне ең жоғарғы дәрежеде сәйкес келетіндей бағыттарға айырықша көңіл бөлу құқығы мен кепілді мүмкіндігін алуы деп түсіндіріледі. Саралап оқыту оқу-тәрбиелік үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы пәндерді бағдарлы және тереңдете оқып үйренудің айырмашылықтарын, оқушыларды іріктеп алу шарттарын, топтардың толықтануын, оқыту мерзімін, т.б. анықтап береді.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі

мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Ал, тиімді бағалау – сапалы білім мен нәтижеге қол жеткізудің басты шарты.

«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» лексикалық тақырыбын өткенде оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріледі.

I деңгей.

1. «Қазақ тілі» атты өлеңді мәнерлеп оқу, төл дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сай айту.

Қазақ тілі

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қыркылды,
Күндей күшті күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен – тілім!

М.Жұмабаев.

II деңгей.

1. «Қазақ тілі» атты өлеңді оқып, өлеңнің негізгі

идеясын ашу.

2. Мына сөздерді сөз құрамына талда.

Бесікте, тілің, тілмен, ақылы, айтылады. /түбір, I-II жақ, жекеше, көпше, т.б/

3. Тест сынақ.

1. Нүктенің орнына керекті сөздерді қойыңыз.

Қазақ елінің рәміздеріне ... жатады.

а/ Байрақ, жалау, жалауша;

ә/ Таңба, белгі, мөр;

б/ Ту, елтаңба, әнұран.

2. Қазақ елі туының түсі ...

а/ қызыл;

ә/ сары;

б/ көк.

3. Зеңгір көк – ... белгісі.

а/ адалдықтың, тазалықтың, аспанның;

ә/ қуаныштың, жеңістің;

б/ жамандықтың, бейбітшіліктің.

4. Күнге табыну ... пайда болған.

а/ батыста;

ә/ солтүстікте;

б/ шығыста.

5. Күн бейнесі – ... белгісі.

а/ татулықтың;

ә/ байлық пен берекенің;

б/ достықтың.

III деңгей.

1. «Қазақ тілі» атты өлеңнің мазмұнын айт.

2. Берілген сөздермен сөйлем құрастыр.

Туған тілім, тіл байлығы, мақтанышым, құдыретті, үлгі-өнеге.

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

(Соңы. Басы өткен сандарда)

V. Тапсырмаларды орындау.

Кестедегі сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрастыр.

Жазда...	Дни стоят жаркие; небо чистое, безветренное, иногда идет дождь, дни длинные, ночи короткие, в садах и парках разные птицы поют песни, воздух особенный, хочется гулять, люди встают рано, ложатся поздно.
----------	---

Топтық жұмыс. Сынып оқушылары төрт топқа бөлінеді. Әр топқа бір жұмбақтан беріледі. Оқушылар берілген жұмбақтың шешуін тауып жаттайды. Содан кейін оқулықтарын жауып, басқа топтарға жаттаған жұмбақтарын жасырады.

*Күннің нұрын сүйеді,
Күнге басын иеді.*

*Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні.*

*Көк жүзінде шашылып,
Жарқырап жатамын.
Күн шыға
Тәтті ұйқыға батамын.*

Жерге тырс-тырс тамады,

Сайға қарай ағады

Шешуін кім табады?

Жауап үлгісі:

Жазда күн ыстық болады. Жазда аспан бұлтсыз ашық, желсіз болады. Кейде жаңбыр жауады. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Бақтар мен саябақтарда әр түрлі құстар ән салады. Ауасы сондай ерекше. Жазда қыдыра бергің келеді. Жазда адамдар ерте тұрып, кеш жатады.

Жұмбақтардың шешуі:

Күнбағыс; Сәбіз; Жұлдыздар; Жаңбыр.

VI. Үйге тапсырма беру. Жұмбақтарды жаттау.

4-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын айту.

IV. «Өзенде» суретімен, жеке-топтық жұмыс түрі (9,

56)

(Жұмыстың жүру барысы №1 модульде берілген).

III деңгей.

Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастыр: *серуендеді, аулады, өзен, демалды, күнге күйді, ыстық, шашты.*

Құрастырған сөз тіркестерімен сөйлем құрастыр.

№1 суретті әңгімеле.

II деңгей.

№2, 3, 4, 5 суреттермен етістіктің шақтарын пайдаланып, төрт сөйлем құрастыр.

Берілген сөздерді және сөз тіркестерін қазақ тіліне аудар: *в воде, у воды, на берегу, в середине реки, глубоко, мелко, плавать, загорать, кататься на лодке.*

№1 сурет бойынша көршіңмен құрастыр.

I деңгей.

Абайдың «Жаз» өлеңіне талдау жаса.

«Жаз» тақырыбына өлең шығар.

Жауап үлгісі:

III деңгей.

Өзенге серуендеді, балық аулады, терең өзен, балалар демалды, күнге қатты күйді, күн ыстық, су шашты.

II деңгей.

1.... Жүзіп бара жатыр.

... күнге күйіп жатыр.

... суға секірді.

... судан шықты.

V. Үйге тапсырма беру.

Тест пен бақылау жұмысына дайындалу.

Қорытынды бөлім.

5-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тест.

1. Қазақ тілінде қанша септік бар?

а) 6; ә) 7; б) 5; в) 8.

2. Сызбаны толықтыр.

Көмектес септіктің жалғаулары: ... ЕН

Жіктік жалғау

ЫН, ІН

СЫҢ, СІҢ

3. Жұмбақты шеш.

Күннің нұрын сүйеді.

Күнге басын иеді.

4. Сөйлемді дұрыс құра.

1	2	3	4	5	6	7	8
балалар	бұлтсыз	далада	ашық	айлы	кеште	ойнауды	ұнатады

5. Сөздерді дұрыс аудар.

нәсер

а) *особенный*

шабындық

ә) *глубокий*

терең

б) *ливень*

ерекше

в) *луг*

6. Жазда күн желсіз, аспан бұлтсыз, ашық болады.

Дұрыс па?

а) иә; ә) жоқ.

7. Нақ осы шақта тұрған етістікті көрсет.

а) жүзу; ә) жүзді; б) жүземін; в) жүзіп бара жатыр.

III. Бақылау жұмысы.

I вариант	II вариант
Берілген сөзді септе: ауыл. Берілген сөзді тәуелде: еңбек. Берілген етістікті осы, келер, өткен шақ тұлғасына қойып, олармен 3 сөйлем құрастыр: демалу. Фонетикалық талдау жаса: бару. Сөз құрамына қарай талда: күйшімін.	Сапар Көбелек Қыдыру Беру Астықты

Тест жауаптары:

ә; мен, бен, пен; мын, бын, пын, мін, бін, пін; күнбағыс; 1, 5, 4, 2, 6, 3, 7, 8; 1б, 2в, 3ә, 4а; а; в.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас теориясы және негіздері. А., 2000.
2. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы педагогикалық мұралары. А., «Рауан», 1991.
3. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992, 26-б.
4. Қ.А.Басымов. Грамматиканы оқыту жөнінде. Ауыл мұғалімі, 1938.
5. Қ.Аханов, А.Ысқақов, Б.Кәтембаева. Қазақ тілі, 5-сыныпқа арналған оқулық, А., 1994.
6. Б.Кәтембаева. Қазақ тілінен методикалық нұсқау. А., 1993.
7. И.Ұйықбаев. Зат есімді оқыту. Қазақ тілі методикасының мәселелері, А., 1969.
8. Б.Кәтембаева. Морфологияны оқыту. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1988.
9. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1991, 20-б.

10. М.Балақаев. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1989.
11. Ғ.Қалиев, Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова. Қазақ тілін оқыту тұжырымдамасы. А., 1997.
12. Р.Әміров. Қоғам реформасына сай қазақ тілін оқыту концепциясы. Қазақ тілі мен әдебиеті, 1992.
13. Ғ.Бегалиев. Бастауыш мектептегі қазақ тілі методикасының мәселелері. А., 1993.
14. М.Құдайқұлов. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. А., 1972, 21-б.
15. Ә.Жұмаханов. Қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану. А., 1972.
16. С.Қазыбаев. Қазақ тілі методикасы.
17. Б.Құлмағанбетова. Орта мектепте қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп», 1988.
18. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2002.
19. А.Байтұрсынұлы. Қай әдіс жақсы? Жаңа мектеп, 1928.
20. А.Байтұрсынұлы. Тіл-құрал. I тіл танытқыш. Қызылорда Қазмембас, 1925.
21. Х.Қожахметов. 40 уроков казахского языка. А., «Жалын», 1989.
22. Ш.Х.Сарыбаев. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I бөлім. А., ОПБ, 1956.
23. С.Дүйсенова. Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін оқытуда техникалық оқу құралдарын қолдану, пед.ғыл.кан. ... дисс., А., 1999.
24. Б.Құлмағанбетова. Қазақ тілі сабағында техникалық құралдарды қолдану. А., 1988.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ТӘСІЛІ – ТЕСТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының үдеуі, ақпараттық-коммуникациялық саладағы технологияның шапшаң түрде дамуы, қоғамның жылдам өзгеріске ұшырайтын жағдайға тез бейімделе алатын, шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеті бар, өз бетінше білім алып, оны практикалық мәселелерді шешуде қолдана алатын мектеп түлегіне деген әлеуметтік тапсырысы – барлық осы үдерістер заманауи білімнің қалыптасуына және мектептердің оқу үдерісіне инновацияларды бейімдеуге айтарлықтай әсер етеді. Ғылыми-практикалық ақпараттың өсуінің, оқу үдерісіне қосымша пәндерді қосудың, білім мазмұнына енгізіліп жатқан өзгерістердің салдарынан жалпы оқу үдерісінің дәстүрлі нұсқаларын, оқу әдістері мен құралдарын нақты пәндер курсына оқуға берілетін сағаттар шеңберінде ұйымдастыру қиындай түсуде. Сондықтан оқу үдерісін интенсивтендіру (қарқынды оқыту) заманауи білім беру саласының басым бағыттарына айналып отыр.

Оқуды интенсивтендіру оқу ақпаратының үлкен көлемін оқушыға оқудың үздіксіз ұзақтығында білім сапасына қойылатын талаптарды төмендетпей бере білуді білдіреді [5, 544 б.]. Оқуды қарқынды оқытудың астарында оқушының

тұлғалық қордағы мүмкіндіктерін оқу-танымдық үдерістің тиімділігін арттыру үшін жұмсауға жағдай жасайтын технологиялық тәсілдердің жүйесі жатыр. Зерттеушілердің тәжірибелерін жалпыландыра отырып, Ю.К.Бабанский оқуды интенсивтендірудің мынадай негізгі факторларын ажыратты: оқудың мақсатты бағытталуын арттыру, оқуға деген мотивацияны күшейту, білім мазмұнының ақпараттық сиымдылығын арттыру, белсенді тәсілдер мен оқу түрлерін қолдану, оқу әрекетінің қарқынын үдету, оқу еңбегінің қабілеттерін дамыту, компьютерлерді және өзге жаңа технологиялық құралдарды қолдану [1]. Осылайша, оқу үдерісін интенсивтендіру оқушылардың танымдық даралығын дамытуды, тұлғаның барша шығармашылық мүмкіндіктерін қолдануды және топтық танымдық қызметтің (қос және топтық жұмыс, рөлдік және іскерлік ойындар, оқуға қатысты әңгімелесу, талқылаулар, зерттеушілік тәжірибелер және т.б.) анағұрлым тиімді топтарын ұйымдастыруды көздейді.

Білім мен қабілеттерді тексеру мен бағалаудың классикалық жүйесін қолдана отырып, оқушының танымдық шығармашылық қызметін бағалау күн санап қиындай түсуде. А.Н.Щукиннің пікірінше, білім мен қабілеттерді тексеру мен бағалау оқу үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады және оны дұрыс қоя білуге барша оқу үдерісі тәуелді [7, 188 б.]. Сәйкесінше, оқушылардың дайындық деңгейі туралы ақпараттың болуы білім беру үдерісін ұйымдастырудың қажетті шарты болып табылады, өйткені бақылау кезінде оқушылардың білімі мен қабілетінің артықшылықтары мен кемшін тұстары белгілі болады, бұл өз кезегінде білім сапасын арттыру мен танымдық қызметті дамыту бойынша оқытудың түрлері мен әдістерін жетілдіретін отырып, оқу үдерісін басқаруға септігін тигізеді. Сонымен

қатар мұғалімнің қойған әділ бағалары оқушының әрі қарай жұмыс жасауына үлкен қозғаушы күш болмақ.

Оқудағы жетістіктерді бағалаудың заманауи технологияларының бірі – тест тапсырмалары нұсқасындағы бақылау түрі – тестілік технология, аталмыш тәсіл бақылаудың әділеттілігін қамтамасыз ете отырып, субъективті факторды шегереді, оқу уақытының әрбір минутын тиімді әрі үнемді қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен зейінін дамыта түседі. Н.Ф.Ефремованың пікірінше, тест оқытудың заманауи, объективті, жедел, дамытушы, психика мен қорларды сақтайтын құралдары мен білім құраушыларының сараптық бағамдарының бірі болып табылады [3].

Қазақ тілі сабағында тестілеу технологиясын қолдану тілді жақсы меңгеруді түзету және жақсарту үшін жағымды жағдай тудыра отырып, барлық оқушылар үшін тең объективті тексеру шарттарын қамтамасыз етеді, оқу үдерісін жетілдіруге көмектеседі, тиімділігі аз тәсілдер мен әдістерді анағұрлым тиімділеріне алмастырады. «Дұрыс ұйымдастырылған бақылау тексеру мақсатында ғана емес, сонымен қатар оқу мақсаттары үшін маңызды. Сондықтан оқу қызметі – бақылаудың басты мақсаты. Бақылау тапсырмаларын орындау барысында ертеректе қол жеткізілген білім қоры оларды нақтылау мен қосымша толықтыру арқылы қайталанады және бекітіледі, жетілдіріледі. Оқушылар өткен материалды қайта санадан өткізіп, жалпыландырады, білімдерін практикалық қызметінде қолданады» [6].

Өзін-өзі үйретуге, өз бетінше білім алу мен оларды жүзеге асыруға жетелейтін оқу түрін ғана тиімді деп санауға болады. Нақ осы тест технологиясы оқушыларды өз әрекеттерін, нәтижелерін бағалауға үйретеді; оларды өз

бетінше оқуға үйрете отырып, бағалауда даралықты танытуға жағдай жасайды; әрбір оқушыға тілді үйрену кезінде қандай жетістіктерге жеткендігін немесе кемшіліктерін, әлі де неге талпыну керектігін түсінуге және сезінуге көмектеседі.

Оқу үдерісінде қалыптасқан жағдай, әсіресе, жоғарғы сыныптарда, яғни, оқушылардың жұмысын өзгелері бағалау оқушының өз әрекетін жеке өз бетінше жетілдіруге мотивация тудыра қоймайды. Мұнан өзге бағалау құраушысы тізгінін толығымен мұғалімнің қолына ұстату белгілі бір дәрежеде оқушылардың бойында өз күшіне сенімсіздік тудыратыны сөзсіз, педагогтың әділдігіне күмән келтіруге итермелейді. Ал, бақылаудың тестілік нұсқасы оқушыларға өз білімін көрсетуге мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар баға мұғалімнің субъективтік қатынасына тәуелді еместігіне кепілдік береді, міне, осы шарт оң нәтижеге жетелейді.

Осылайша, тестілік бақылауды сабақ барысында жоспарға сәйкес жүзеге асырғанда оқушыларға өзін-өзі түзету, өзін-өзі дайындау және өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіндіктерін ұсыну арқылы танымдық қызмет жандана түседі, нәтижесінде оқушылар өздерін тек объектілер ретінде ғана емес, сонымен қатар оқу – тәрбие үдерісінің субъектілері ретінде сезіне бастайды. С.В.Безбородованың айтуынша, «білім беру үдерісіндегі меншікті білімнің субъектісіне айналатын оқушының белсенділігі орасан зор танымдық мүмкіндікке ие, бұл оқушылардың оқу материалдарын меңгерудегі ой еңбегінің өнімділігін күрт арттырады» [2]. Тест бақылаудың тек объективті құралына ғана емес, сонымен қатар қазақ тілін үйретудегі инновациялық технологияға да айналады.

Тест түріндегі бақылау жазба жұмыстарын ұзақ уақыт бойы тексерудің жоқтығымен, нақты нәтижені беру, қолдану, оған қол жеткізу мен қызмет нәтижесі туралы сәйкес ақпаратты алу арасындағы уақыт кесіндісінің қысқаруымен

ұтымды. Сәйкесінше, жеткілікті жиі түрлі тестілер түрінде бақылау шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Оқушылардың пікірінше, әрбір сабаққа дайындықтың ұдайылығы мен негізділігі жүргізілетін бақылау шараларының жиілігі мен күрделілігіне байланысты екен. Осындай бақылаудың мерзімділігі мен оның алдын алудың мүмкін еместігі оқушылардың қызметін тәртіпке келтіріп, ұйымдастырады және бағыттап отырады, осылайша білімдегі олқылықтарды анықтап, жоюға жағдай жасайды, оқушылардың бойында өз қабілеттерін тілді меңгеру үшін дамытуға деген ұмтылысын қалыптастырады, жаңа меңгерілген ақпараттың логикалық қолданысы мен жаңа материалды өткен сабақты қайталау және тереңірек игеру үшін белсенді түрде пайдалануды қамтамасыз етеді. Осындай қарқынды, жан-жақты қамтитын бақылау оқушыларға қазақ тілін меңгеруде көмектесетін қуатты құрал екені белгілі.

Тест технологиясын сабақтарда қолдану мұғалімге жұмыстарды жедел тексеруге, меңгерудің жоғарғы деңгейіне жету үшін қай тақырыптың материалын қайталау қажеттігін көруге, келесі сабақ материалының мазмұнын дер кезінде түзетуге, әлсіз игерілген тарауларға ерекше көңіл бөлуіне; әрбір жеке оқушыға қатысты қорытынды жасауға және жеке жұмыс төңірегінде сәйкес әдістемелік шешімдер қабылдауға, оқушының білім алудағы жетістігінің динамикасын байқауға, орнықты жоғары көрсеткіштерге жете білген оқушылар үшін жеке пәндік траекторияны құруға мүмкіндік береді. Яғни, тест технологиясы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оны жандандырып, жеке тұлғаға бағыттауға, анағұрлым ауқымды етуге жағдай жасайды, бұл қазақ тілін үйретудің сапасын арттыратыны анық.

Қазақ тілі сабақтарында тестілік тапсырмалардың алуан түрлері қолданылады: тізбекті тапсырмалар,

мәтіндік тапсырмалар. Тізбекті деп келесі тапсырманың дұрыс жауабы алдыңғы тапсырманың жауабына тәуелді болатын тапсырмалар аталады. Тақырыптық тапсырмалар – оқушының белгілі бір оқылған тақырып бойынша білімін бақылау үшін арналып жасалынған кез келген нұсқадағы тест тапсырмаларының жиынтығы. Тапсырмалар бір мезгілде тізбекті әрі тақырыптық болуы мүмкін, егер олардың тізбектік қасиеттері бір тақырыптың шеңберінен ауытқымайтын болса. Тестілік тапсырмалар – нақты оқу мәтінін оқушының білуін бақылауға арналған тапсырмалар, оның көмегімен өлеңдерді, шығармаларды, грамматиканы, синтаксисті және т.б. білетінін тексеруді ұйымдастыруға болады.

Тексерудің өзге түрлерімен үйлестіріле отырып, қазақ тілі сабақтарында, сонымен қатар тілді үйренуге деген ынтаны, оқушылардың компьютерге бейімділігін арттыратын компьютерлік тест тапсырмалары қолданылады. Кешенді тестілеу жақсы нәтижеге жеткізеді, оның өзі жеке төрт тестіден құралады, олар тілдік қызметтің барлық түрлерін бейнелейді. Аталмыш тест кезінде оқушылар барлық тілдік құралдарды қолданудағы барша қабілеттерін көрсете білуі тиіс: грамматикалық, лексикалық, фонетикалық. Әсіресе, дамытушы түрдегі тестілік тапсырмалар оңтайлы, олар сөздік қордың байытылуын, жалпы эрудиция мен мәдени – тілдік қабілеттердің дамуын талап етеді, оқушылардың түрлі сөздіктерге міндетті түрде жүгінуін көздейді, тіл мен тілдік жүйе туралы қосымша мәліметтерге қол жеткізу қызығушылығын ынталандырады.

Оқушылардың бойында ой қызметінің синтез, талдау, жалпыландыру, нақтылау, ұқсату сияқты тәсілдерін қалыптастыру үшін шығармашылық сипаттағы (нәтижелерді саралау, салдарын шығару, мәнін анықтау талап етілетін

тапсырмалар) тестілер, сонымен қатар клоуз-тестілер (мәтінге қалып кеткен сөздерді қою керек), сен ченч-тестілер (автор сөзі алмастырылған сөзді табу және бастапқы мәтінді қалпына келтіру) қолданылады. Олар қазақ тілі сабағында бағдарлама материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік беретін қызметтік жағдайларды ұйымдастыруға жол ашады.

Әсіресе, тестілік бақылау мен білімді қайталау мен түзетудің дәстүрлі әдістерінің бірегей кешенінде, «жаңа» әдістерді «ескімен» ұштастырудан тұратын тестілер тиімді, олар өз кезегінде оқушылардың бойында бақылау, жалпыландыру, ұқсастықтарын табу, қорытынды жасау және оны негіздеу сияқты қабілеттердің дамуына түрткі болады. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын тестілерді сабақтың кез келген сатысында кез келген тақырыпты үйренуде, оқудың кез келген кезеңінде қолдануға болатынын атап кеткен жөн.

Осылайша, тест технологиясын қазақ тілі сабақтарында қолдану біздің уақытымызда өзекті болып отыр, өйткені дәл осы тест түрінде бақылау кезінде оқушылардың бойында өз бетінше танымдық қызметтің белгілері, мақсат қою және оған жету, логикалық ойлау қабілеттері қалыптасады, оқушыларға үйреніп жатқан тіл бойынша білімдерін дер кезінде бекітуге, сапасын жүйелендіруге және арттыруға мүмкіндік беріледі, осы кезде сондай-ақ практикалық қабілеттер мен ақпаратты алу әдістерін терең меңгеруі дамып, сәйкесінше, оқушылардың білімді бақылау мен жалпы пәнге деген қызығушылығы, жалпы орталықтандырылған тестілеу технологиясына, бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсыруға жемісті дайындығы арта түседі.

Н.Ф.Ефремова атап көрсеткендей, «оқытудың дәстүрлі мұғалім – оқулық – оқушы формуласы жаңа түрге алмастырылады: оқушы – мұғалім – оқулық – тестілік

бақылау – өз бетінше дайындық, орталық назарға оқушының тұлғасы қойылады» [4, 67]. Тест технологиясын қолдану арқылы оқыту қазақ тілін үйретудегі оқушылардың дайындық мазмұны мен сапасын қамту үшін, сонымен қатар оқытуды интенсификациялау жеке-дара, тиімді құралдарының біріне айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ю.К.Бабанский. Интенсификация процесса обучения. М., «Знание», 1987.-80-с.
2. С.В.Безбородова. Технологии интенсификации учебного процесса в образовательном учреждении <http://discollection.ru/article/19072008>, свободный, (7,0 п.л.)
3. Н.Ф.Ефремова. Тестовый контроль качества учебных достижений в образовании: Дис. д-ра пед. наук: Ростов н/Д. 2003.- 458 с.
4. Н.Ф.Ефремова. Тестовый контроль в образовании. Учебное пособие. М., «Логос», 2007.
5. Педагогика и психология высшей школы /под. ред. М.В.Булановой-Топорковой: Учебное пособие. - Ростов н/Д: Феникс, 2002. 544-с.
6. Педагогика для экспертов <http://www.studyexperts.ru/>
7. А.Н.Щукин. Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам: Учебное пособие. М., «Филоматис», 2008. 188-с.



Татьяна ДЖУНУСОВА,
Ғ.Мұстафин атындағы
№83 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды қаласы.

СӨЗДІК ҚОРДЫ БАЙЫТҚАН АСТАНАҒА САЯХАТ

Сабақтың мақсаты: Астанаға саяхат жасау арқылы оқушыларды бас қаламызбен толығырақ таныстыру.

Сабақтың міндеттері: әр түрлі тапсырмалар арқылы грамматиканы қайталай отырып, сөздерді мағыналарына қарай қолдануға үйрету; шығармашылықпен жұмыс жасау арқылы танымдық белсенділігін арттыру, сөздік қорын байыту; оқушыларды Отанды сүйуге, бас қаламыздың тарихын дәріптей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивтік тақта, флипчарт, кәртішкелер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Сабаққа дайынсыңдар ма?
- Сыныпта кім жоқ?
- Аптаның қай күні?
- «Сәрсенбі – сәтті күн» деп, балалар, сабағымызды бастаймыз.
- Үйге қандай тапсырма берілді? (Оқушы жауабы).
- Рахмет. Отыр.
- Қазақстанның бас қаласы қай қала? (Оқушы жауабы).

- Жақсы. Бүгін біз, балалар, Отанымыздың бас қаласы – Астана қаласына саяхат жасаймыз. Бүгін нешесі? (Оқушы жауабы).

- Жақсы. Жаздыңдар ма? Ендеше, автовокзалға барып, қандай автобус керек екенін анықтайық.

- «Қарағанды – Астана» автобусына барып отыруымыз керек.

- Дұрыс. Автобуска отырып, назарларыңды тақтаға аударыңдар.

Жолда адасып кетпеу үшін жолымызда кездесетін ауылдар мен қалалардың атауларын есте сақтауымыз керек.

№1 слайд (Карта). Сұрақ-жауап:

Қарағандыдан Астанаға барғандағы бірінші аялдамамыз қай жер? (Қарағандыдан Астанаға барғандағы бірінші аялдама – Теміртау қаласы).

- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, Елбасымыздың өмірінде Теміртау қаласы қандай орын алады? (Біздің Елбасымыз Теміртау қаласында зауытта жұмыс істеді).

- Автобустың терезесінен қандай ауыл көрінеді? (Автобустың терезесінен біз Батпақты ауылын көріп отырмыз).

- Батпақтыдан кейін біздің автобусымыз қайда тоқтайды? (Батпақтыдан кейін біздің автобусымыз Осакаров ауданына тоқтайды).

Осакаров ауданынан кейін, балалар, біз қайда келеміз? (Осакаров ауданынан кейін біз Аршалыға келеміз).

- Жақсы, балалар, сендер ауызша сұрақтарға дұрыс жауап беріп жатырсыңдар, қазір грамматиканы қайталап кетейік. (Аршалы деген сөзге фонетикалық талдау жасайық).

- Аршалыдан кейінгі аялдамамыз қай қала, балалар? (Астана қаласы.)

- Дұрыс, балалар, сөйтіп біз Қарағандыдан Астанаға жеттік. Жолда қандай қала мен ауылдар кездесті? (Теміртау, Батпақты, Осакаров, Аршалы).

№2 слайд. Фото Астаны.

- Назарларыңды тақтаға аударыңдар. Астана сондай әдемі, гүлденген, тамаша қала.

- Қазір біз, балалар, жаңа сөздер арқылы сөздік қорымызды байытамыз.

№3 слайд. Жаңа сөздер. Тындаймыз, қайталаймыз.

Жаңа сөздер:

Астана – столица;

Танымастай – неузнаваемый;

Елбасы – Президент;

Ғимарат – здание;

Болашақ – будущее;

Ескерткіш – памятник;

Субұрқақ – фонтан;

Саябақ – парк;

Жастар сарайы – Дворец молодежи;

- Енді, балалар, қарамен жазылған сөздермен сөйлем құрастырайық.

(Мысалы).

Астана – жас қала.

Біздің Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Астанада ескерткіштер көп.

Аршалыда Жастар сарайы бар.

№4 слайд. Мәтін

- Енді, балалар, біз мәтін арқылы астананың тарихымен жақынырақ танысамыз.

Тыңдаңдар. Ойланыңдар. Есте сақтаңдар.

Оқимыз.

Астанаға саяхат

Астана – Қазақстанның жаңа қаласы. Қазақстанның төрт астанасы болды. Бірінші астанасы – Орынбор қаласы, екінші астанасы – Қызылорда қаласы, үшінші астанасы – Алматы қаласы. Ал 1997 жылдан бастап Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Қазір Астана танымастай өзгерді. Онда әдемі ғимараттар көп. Жастар сарайының алдында гүлзар орналасқан, оның қасында ескерткіштер, субұрқақтар бар. Астана – болашақтың қаласы.

- Жақсы, балалар. Мәтін не туралы? Мәтіннен не білдіңдер? Балалар, осы мәтінде көмекші есімдер бар ма? Көне, еске түсірейік.

Көмекші есімдер: алды, арты, қасы, жаны, үсті, асты.

Тақтаға шығып, мәтіннің ішінен көмекші есімдерді тауып, астын сызыңдар.

Мәтінмен жұмыс істей отырып, балалар, келесі тапсырманы орындайық.

Ойланып, аудармасын табамыз.

Там много красивых зданий.

Астана – город будущего.

№5 слайд. Астаналарды рет-ретімен қою.

- Мәтіннен Қазақстанның 3 астанасы болғандығын білдік, енді келесі тапсырма арқылы астаналарды дұрыс рет-ретімен қойыңдар. Осы тапсырманы орындау үшін тақтаға оқушы шақырылады.

№6 слайд. Деңгейлік тапсырмалар.

-Балалар, біз Астана қаласының танымастай өзгергендігі туралы көп айтып келеміз. Қандай тамаша ғимараттар, ескерткіштер бар екендігін сендер айттыңдар. Ал, бүкіл әлемге белгілі монумент туралы не айта аласыңдар?

№7 слайд. Бәйтерек. (Биіктігі 97 метр, салмағы 1000 тоннадан астам, 2002 жылы орнатылған).

- Бәйтерек деген сөзді септеудің алдында, балалар, үндестік заңын еске түсіріп кетейік: 1. Егер сөз тек қана жіңішке дауысты дыбыстардан тұрса, қосылатын жұрнақ пен жалғаулар да жіңішке болады. 2. Егер сөз тек қана жуан дауысты дыбыстардан тұрса, оған қосылатын жұрнақ пен жалғау да жуан болады.

№8 слайд. Қайталаймыз, септейміз.

- Балалар, сендердің астанадағы ескерткіштер туралы білімдерің өте жақсы, ал Қарағанды қаласындағы ескерткіштер туралы не айта аласыңдар? (Қарағандыда Кеншілер ескерткіші, Ғ.Мұстафин, Бұқар жырау, Абай, Қасым Аманжолов, т.б ескерткіштер бар). Назарларыңды тақтаға аударыңдар, келесі тапсырманы орындаймыз.

№9 слайд. Ескерткіштер. Келесі тапсырманы диалог ретінде орындаймыз. Тақтадан сұрақтарды бізге Диана оқып береді. Сендер ойлана отырып, бүгінгі сабақта алған білімдерің арқылы жауап бересіңдер.

- Қазақстанның неше астанасы болды?

- Астанада нелер бар?

- Астана қай жылдан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды?

№11 слайд. Кластер. Сабағымызды бекітеміз.

- Астана сөзін естіген кезде көз алдарыңа не елестейді, балалар? Соны жазыңдар.

Үйге тапсырма: эссе.

№12 слайд. «Туған қаламның мәдени орындары» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

Бағалау.

ӘДЕМІ СӨЙЛЕТКЕН АЛТЫН КҮЗ

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) өтілген әріптерді таныту, сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасауды меңгерту. Жүргізіп оқу дағдыларын жетілдіру; ә) ойлау, есте сақтау, сөйлеу, оқу әрекеттерін дамыту; б) әдемі, көркем жазуға, ұқыптылыққа, тазалыққа баулу.

Түрі: жаңа ұғымды меңгерту. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, суретпен жұмыс, буынға бөлу. **Көрнекіліктер:** суреттер, кәртішкелер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі.

А) Сәлемдесу.

Ә) Оқушыларды түгелдеу.

2. Өткенді бекіту.

Суреттегі зат атауларын атау, олардың қай әріптен басталып тұрғанын айту.

Аталған сөзді тақтаға жазу.

Ілгіш, ағаш, қоян, әтеш, үйрек, үй, мысық.

3. Жаңа сабақ.

Ойшақыру.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз.

- Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

- Сары, қызыл, жасыл.

- Балалар, күз айларының қазақша атауларын біліп алайық. Ол үшін әрқайсыңа екі немесе үш түйірден бөлек-бөлек жапырақтар таратамын. Ол жапырақтар нөмірленген. Сол жапырақтарды нөмір ретімен қойсаңдар жапырақта берілген буындардан айдың атауы шығады.

- Қане, оқимыз.

- Қыркүйек, қазан, қараша.

Дәптермен жұмыс.

Ай атауларын жұмыс дәптерлеріне жазу. (№1 жазу дәптері, 1-сабақ 29-бет).

Сергіту сәті.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанды ашамыз,

Бесті беске қосамыз.

Кел, санайық, ал мұны,

Нешеу болды барлығы?

Кітаппен жұмыс. Күз айлары туралы өлеңді оқимын.

Оқушылар хормен қайталайды.

Сентябрь – қыркүйек,

Көкөніс жүрміз тиеп.

Октябрь – қазан,

Дала – тозаң,

Ноябрь – қараша,

Ақ, қара, алаша.

Сұрақ-жауапты қайталау.

- Мынау не?

- Бұл – ағаш.
- Бұл – қандай ағаш?
- Күзгі ағаш.
- Ол қандай?
- Ол әдемі.

Бекіту.

Тақтаға жапырақсыз ағаштың суреті ілінеді. Сол ағашты жапырақпен толтыру қажет. Ол үшін балалар бір-бір жапырақтан алып, онда берілген сөздерді дұрыс буынға бөлу арқылы жапырақтарды ағашқа жапсырады.

Жапырақта берілген сөздер: Жапырақ, жеміс, жаңбыр, қараша, қыркүйек, қазан, күз, көкөніс, сабақ.

Қорытынды.

- Жарайсыңдар, балалар! Біз бүгін қандай тақырыпта өңгімелестік?

- Күз.
- Күзде қандай өзгерістер болады?
- Жапырақтар сарғаяды, жаңбыр жауады. Көкөніс, жеміс-жидек піседі.
- Күз айларының атауын атай аламыз ба?
- Қыркүйек, қазан, қараша.
- Өте дұрыс.

Үйге тапсырма:

1) жазу дәптердегі 1-сабақ, 2-тапсырма (29-бет).
Сөздерді буынға бөліп жазу;

2) оқулықтағы 2-тапсырма (62-бет). Өлеңді жаттау.

Бағалау.



Назгүл ҚАБИДОЛЛАҚЫЗЫ,
Қарағанды қаласындағы
№59 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІНДЕ – ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың таным-дүниесін кеңейту, лексикалық тақырыптар бойынша алған білімдерін жан-жақты жетілдіру, грамматикалық материалды бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлау, есте сақтау, ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту, өз пікірін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – жеріміздің байлықтарын сақтауға, азаматтық борыштарын өтеуге, әдептілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Типі: жаңа білімді меңгерту сабағы. **Әдістері:** ынталандыру әдісі, баяндау, шолу, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, сұхбаттасу, әңгімелеу, көрнекілікпен жұмыс.

Көрнекілігі: компьютер, диск, слайдтар, кестелер, бейнефильм, Қарағанды суреттері, карта, тірек-схемалар.

Формалары: жеке, топпен жұмыс, жұппен.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушыларды тексеру.
2. Сұрақтар қойып, жауап алу.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Аптаның қай күні?

II. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Балалар, біз қай қалада тұрамыз?

- Дұрыс, біз Қарағанды қаласында тұрамыз. Бүгінгі

сабақтың тақырыбы: «Ауызекі сөйлеу қабілетінде – Қарағанды қаласы».

III. Үйге берілген тапсырманы тексеру.


Қарағанды қаласы туралы, туған жер туралы өлеңдер жаттап келу.

Оқушылардың жауаптарын тыңдау.

IV. Жаңа тақырыпқа шолу. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

1. Ассоциация құру.

- Балалар, айтындаршы «Қарағанды» деген сөзді естігенде, көз алдарыңа нені елестетесіңдер?



(Балалардың жауабын тақтаға жазу)

2. Жаңа сөздермен жұмыс.

Көлемі, жүгіртсең, жез, темір, өндірісті.

- оқыту;

- сөз тіркесін құрастыру;

- сөйлемдер құрастыру.

3. Мәтін бойынша жұмыс.

Қарағанды

Қарағанды облысының көлемі үлкен. Мысалы, Италия, Бельгия, Нидерланды сияқты үш мемлекеттің жер көлемін қосқанда бір Қарағанды облысына әзер жетеді.

Облыс картасына көз жүгіртсең, Жезқазған, Жезді, Қантөбе, Теміртау, Ұлытау деген жерлер бар. Бұл атаулардың өзі-ақ айтып тұр. Мұнда жез, темір сияқты қазба байлықтар болғандықтан, осылай аталғаны айдан анық.

Нұра өзеніне таяу жерлерде Жаманкөл, Маржанкөл, Ағаштыкөл, Шұңғылкөл, Балықтыкөл, Сұлукөл сияқты көлдер бар. Қазір Қарағандының еліміз үшін маңызы зор. Қарағанды қаласы – өндірісті қала.

- Мәтінді мәнерлеп оқу, түсіндіру, оқушыларға оқыту, аудару, мәтінге сұрақтар қою.

4. Суретпен жұмыс. Қарағанды қаласының суреті.

а) - Балалар, мына суретке қарап сөйлемдер құрастырасындар.

- Біздің қаламыз қандай?

ә) – Енді, диалог құрастырып, дәптерлеріңе жазындар. 3 минут уақыт беріледі.

5. Грамматикалық тапсырмалар.

а) «Қарағанды» деген сөзге фонетикалық талдау жасау.

ә) Төмендегі сөздерді екі топқа бөліп жазу. Жуан және жіңішке сөздер:

Қарағанды, әдемі, дәстүрлі, өндірісті, қазақтар, адам, басшылық, шешендік, ырым, әмбебап, сауда, көмір, тазалық, түзу.

V. Қорытынды.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛЫҒАН ҚАЗАҚ РАДИОСЫ МЕН ТЕЛЕДИДАРЫ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ радиосының жанрлары, теледидар құрылымы туралы терең мағлұмат беру, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін қайталау; **тәрбиелік** – қазақ тіліне, бір-біріне деген сүйіспеншілік, құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; **дамытушылық** – топпен жұмыс істеуді үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, белсенді сөздік қорын байыту.

Түрі: аралас сабақ. **Оқыту әдістері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, іздену-зерттеушілік. **Пәнаралық байланыс:** физика, орыс тілі. **Көрнекіліктері:** электронды оқулықтар, слайдтар, дидактикалық материалдар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 1) оқушыларды түгелдеу;
2) Сабаққа дайындау.

II. Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша материалдар жинақтау.

III. Жаңа сабақ.

- Бүгінгі сабағымызда қазақ теледидарының құрылымы, радио жанрлары, сұхбаттың түрлері, журналистердің қызметі туралы білімімізді кеңейте түсеміз.

Сыныпта үш топ жұмыс істейді. Әр топқа алдын ала тапсырма берілген.

1. Сөздікпен жұмыс:

Бұқаралық ақпарат құралдары – средства массовой информации;

Радиоқабылдағыш – радиоприемник;

Сұхбат – интервью;

Меншікті тілші – собственный корреспондент;


Мақала – статья.


2. Слайдтарды көрсете отырып, теледидар құрылымы мен радио жанрлары, сұхбат түрлері туралы мағлұмат беру.

Қазақ теледидары – халыққа хабар таратудың неғұрлым бұқаралық құралы. Телехабарлар бағдарламалық студияларда дайындалады. Қазақстан бойынша 2 республикалық, 14 облыстық, 7 қалалық теледидар орталығы хабар таратып, жұмыс істейді.

Алматы студиясының алғашқы хабары эфирге 1958 жылдың 16 наурызында шықты. Одан кейін теледидар орталықтары Шығыс Қазақстан мен Қарағандыда, 1961 жылы Ақтөбе, Жезқазған және Солтүстік Қазақстанда, 1964 ж. Орал, Балқаш, 1965 жылы Семей, Павлодарда іске қосылды.

Қазақ теледидарының құрылымы.





Қазақ радиосы – насихат пен ақпараттың тиімді құралдарының бірі. Ол радио толқынының көмегімен жүзеге асырылады. Радиохабар қазақ, орыс, неміс, ұйғыр және корей тілдерінде жүргізіледі. Республикада радиохабарын пайдалану 1920 жылы басталды. 1924 жылы Орынборда Республика Радио Достары қоғамы құрылды. Республикада радиохабар 1931 жылдың 4 мамырынан Алматыда басталды.

Радио жанрлары:

- Радиосықак;
- Радиосұхбат;
- Радиоочерк;
- Радиорепортаж;
- Радиоәңгіме;
- Радиогазет;
- Радиоақпарат;
- Радиофельетон;
- Радиожурнал;
- Радиожарнама.

3. Әр топ өз жұмысын қорғайды.

1. Газет тілшілері – мақала жазу.
2. Радио тілшілері – радиохабарлама жасау.
3. Теледидар тілшілері – бейнефильм түсіру.

4. Электронды оқулықты ашып, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлеріне байланысты жаттығу орындау.

5. Мәтінмен жұмыс.

1-топ – «Шеңбер бойымен әңгімелеу» оқыта-үйрету ойыны. Берілген мәтіннің мазмұнын айтады.

2-топ – «Мені түсін» оқыта-үйрету ойыны (Түйінді сөздерді жазады)

3-топ – «Мерзімдерді жатқа айту» оқыта-үйрету ойыны. Мәтіндегі мерзімдерді жатқа айту.

6. Сұхбаттасу.

Сұхбат түрлері:



Сынып жетекшілері туралы дайындаған сұхбатты ұсыну.

7. «Бір сөзден бірнеше сөз құрастыру» ойыны.

Радиоқабылдағыш –

IV. Сабақты бекіту.

«Тапқыр достар» ойыны.

1 Журналист дегеніміз кім?	2 Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін ата.	3 Алғашқы радиоқабылдағышты ашқан кім?	4 Құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?
5 Теледидардың радиодан айырмашылығы неде?	6 Сұхбат-диалог дегеніміз не?	7 Сұхбаттың түрлерін ата.	8 Алматы студиясының алғашқы хабары эфирге қашан шықты?
9 Редактор дегеніміз кім?	10 Радионың жанрларын ата.	11 Теледидардың қандай пайдасы бар?	12 Радиохабарды пайдалану қашан басталды?

V. Үйге тапсырма. БАҚ-қа мақала дайындау.

VI. Оқушыларды бағалау.



Әлия НҰРАЛИЕВА,
Астана қаласындағы
№55 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – көркем әдебиет жайлы түсініктерін кеңейту, стиль түрлерін ажырата білуге үйрету, тіл байлықтарын молайту, әдеби кітаптарды оқуға ынтасын

арттыру; **дамытушылық** – шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ана тілін қадірлеуге, білімді жан-жақты болуға тәрбиелеу.

Көрнекілік: интерактивті тақта, суреттер, кітаптар.

Түрі: дәстүрлі емес. **Әдісі:** жеке, топпен жұмыс, ой қозғау.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, музыка.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Бүгін бізде – қазақ тілінен ашық сабақ, өзімізді еркін ұстап, сабақты үй тапсырмасын сұраудан бастайық. (Бір көркем шығарма оқып келу).

Қызығушылықты ояту.

Әдебиеттің қай жанрын сүйіп оқисыңдар?

Оқырмандар конференциясы:

1. Кітаптың аты мен тақырыбы.

2. Кітап несімен ұнады?

3. Кітапты оқу барысында қандай әсерге бөлендіңіз?

4. Кітап сізге не үйретті?

5. Өзіңіздің өзгеруіңізге осы кітап әсер етті ме?

Оқушылар оқыған шығармаларын ортаға салып, сұрақ-жауап жүргізіледі.


Мағынаны тану.

Үнтаспадан А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін тыңдату. Ақын қыс қаһарын жеткізуде қандай бейнелі сөздер қолданғанын айту. Өлеңге сүйене отырып бүгінгі сабақтың ережесін шығару.

- Ақын қысты қай образда бейнелейді?

- Алған әсерлеріңді айтып беріңдер?

Оқушылар интерактивті тақтада топтастыру жұмысын жасайды.



Оқулықпен жұмыс.

49-жаттығу. Әңгімені оқып, мазмұнына сай тақырып қою.

Оқушыларды 5 топқа бөліп, мәтінмен жұмыс жасау.

1-топ – сілтеме табушы – мәтін ішінен қызықты жерін тауып жазады.

2-топ – бейнелеуші – мәтінге сүйеніп иллюстрациялық сурет салады.

3-топ – сөз тапқыш – мәтіндегі бейнелі сөздерді тауып жазады.

4-топ – сұрақ қоюшы – мәтінге сүйеніп қарсы топтарға сұрақ қояды.

5-топ – дәнекер – мәтін мазмұнына сүйеніп, бүгінгі өмірмен байланыстырады.

Ойтолғаныс.

Шығармашылық жұмыс. «Астана – жастар қаласы» тақырыбында 5 минуттық эссе жазу.

Бүгінгі жаңа сабағымыз бойынша бекіту сұрақтарын қою.

Көркем әдебиет стилі туралы түсінік.

Көркем әдебиет стилінің басқа стильмен байланысы.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер?

Үйге тапсырма: 48-жаттығу. Өздері оқыған шығармалардан ұнаған үзіндіні белгілеп, көркемдік беріп тұрған сөздерді тауып жазу.

Бағалау.

Ләззат ҚАБКЕНҚЫЗЫ,
Байқадам негізгі мектебінің
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Бұқар жырау ауданы,
Байқадам ауылы.

ҚАРА ШАҢЫРАҚТАҒЫ СӨЙЛЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ халқының қара шаңырақ ұғымының мағынасын түсіндіру, қара шаңырақты қастерлеу, қадірлеуге үйрету, оқушыларға Қазақстанның тарихи кезеңдерінен мағлұмат беру; **дамытушылық** – қазақ халқының дәстүрлерін жаңғырту, жалғастыру, қисынды ойлау әрекеттерін дамыту, сөздік қорын байыту, сөйлеу мүмкіндіктерін жетілдіру; **тәрбиелік** – үлкендердің сөзін дәріптеу, сый-құрмет көрсетуге баулу.

Әдісі: СТО технологиясының элементтерін қолдану, сұрақ-жауап, сұхбаттасу. **Көрнекілігі:** шаңырақтың макеті, жеті сандықтың суреті. **Түрі:** аралас сабақ. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет. **Формасы:** жекелей, топтық, жұптық.

Сабақтың барысы.

I. Қызығушылықты ояту. «Ой шақыру стратегиясын қолдану».

Тақтада: Әке, шеше, апа, ата, әже, ата-ана, жезде, іні, аға, сіңлі, қарындас, жеңге, қыз, ұл, немере, шөбере, жиен, күйеу, әйел, нағашы.

- Осы сөздер сіздерге таныс па?

Бір шаңырақтың астында жиналатын адамдар.

Сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының қасиетті қара шаңырағы.

II. Мағына ажырату сатысы (жаңа ақпарат)

1. Сұхбаттасу.

- Жасұлан, сенің отбасыңда неше адам бар?

- Олар кімдер?

- Сен атаңа кім болып келесің?

- Шаңырақтың иесі кім?

- Сен отбасыңда нешінші баласың?

- Мен отбасымда екінші баламын және үйдің кенжесімін, шаңырақ иесі болып саналамын.

- Иә, дұрыс айтасың, бүгін сабақта біз қара шаңырақтың неге қасиетті, киелі болып саналатынын білеміз және қазақтың қара шаңырағын қадірлеп, қастерлеуге үйренеміз.

- «Шаңырақ» сөзінің синонимдерін айтып берейік.

«Шаңырақ» - үй, отау, отбасы, жанұя, ал «қара» деген сөздің тура мағынасы «черный», ауыспалы мағынасы қасиетті, қадірлі – святой, почитаемый деген ұғымды білдіреді.

Қара шаңырақ – қасиетті үй десек қателеспейміз.

Киіз үйін қазақ халқы «қасиетті, киелі» қара шаңырағымыз деп дәріптейді, өйткені ол – баспанасы, мәдениеті, мақтанышы әрі көркем ескерткіші.

«Шаңырақтарыңыз биік болсын, босағаларыңыз берік болсын!» деп үлкен адамдар жастарға батасын береді.

2. Мәтінмен жұмыс (Жұптық жұмыс)

Мәтін: «Қара шаңырақ».

Тапсырма: Мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қою, сұраққа жауап беру.

пайдалана отырып, білімін жүйелеу.

- Тақтада нені көріп тұрсындар?
- Сандықтарды.
- Олар нешеу?
- Жетеу.

Қазақ халқының ұғымында жеті саны – киелі сан.

«Жеті» саны келесі сөз тіркестерінде, сөйлемдерде кездеседі:

1. Жеті атасын білмеген-жетесіз.
 2. Жеті ырыс.
 3. Ит – жеті қазынаның бірі.
 4. Аптада жеті күн болады.
 5. Бала жетіге дейін жерден таяқ жейді.
 6. Жеті есіктен өткен жетім.
 7. Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын жер.
- Ал, енді, «сиқырлы жеті сандықтың сырын ашайық».

Сандықтың ішіндегі тапсырманы дұрыс орындасақ, бір ғажап сөйлем шығайын деп тұр.

1. Бірінші сандықтың тапсырмасы: берілген сөздерді сөз құрамына талда: отбасында, шешесімен, ұлына, туыстарын, нағашыларын (жұптық жұмыс).

2. Екінші сандықтың тапсырмасы: сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

Бұл үй үлкен үй болып саналады, себебі осы үйге туыстары, балалары жиналады. (жеке жұмыс)

3. Үшінші сандықтың тапсырмасы: осы сандарға байланысты тарихи деректерді дұрыс көрсете біл.(жұптық жұмыс)

1991 ж. 16 желтоқсан	Ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі.
1992 ж. 4 маусым	Жаңа Конституция қабылданды.
1993 ж. 15 қараша	ҚР-ның Тәуелсіздік заңының қабылдануы.
1995 ж. 30 тамыз	ҚР Мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны бекітілді.
1998 ж. 6 мамыр	Т.Мұсабаевтың басқаруымен халықаралық экипаж ғарышқа аттанды.
1998 ж. 29 қаңтар	Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарылды.

4. Төртінші сандықтың тапсырмасы.

Берілген сөздерден сөйлем құрастыр (жұптық жұмыс).

Барлық, тату-тәтті, сүріп жатыр, өмір, шаңырақтың, бір, қазақстандықтар, астында.

Тұрады, бала, әке-шешесімен, кенже, бірге.

Қазақ, ұмытпайды, халқы, өз дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, ешқашанда.

Қара, үлкен, шаңырақ, үй, үйі, әке-шешенің.

5. Бесінші сандықтағы тапсырма (төппен жұмыс):

Отбасы туралы мақал-мәтелдердің жалғасын тап:

Мысалы:

..... – шешеге қарап қыз өсер.

Балалы үй – базар –

Отансыз адам –

..... – баланың көңілі далада.

Отанды сүю –

6. Алтыншы сандықтағы тапсырма (жүппен жұмыс):

Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аудар.

Туған жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер болып жатыр.

Егеменді ел болып, халқымыз өз еркімен тұңғыш Президентін сайлады.

Қазақстан Республикасы көп диаспоралы, егеменді ел.

Қазақстан Республикасында жүз отыздан астам ұлт өкілдері тұрады.

7. Жетінші сандықтағы тапсырма (жеке жұмыс):

«Шаңырақ» сөзін тәуелде.

- Ал, енді, шыққан сөйлемді оқындар!

16 желтоқсан 2011 жыл –Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл!

IV. Сабақты аяқтау (бір пікірге келу)

- Қара шаңырақтың астында кімдер жиналады?

- Ағайын-туыс, қариялар, ақ жаулықты аналар, жеңгелер, немере-шөбере, іні-қарындас.

- Ағайын-туыс қара шаңыраққа не үшін жиналады?

- Үлкендер ұлағатты, нақыл сөздерді айтып, ақылға ақыл, ойға ой қосып, үнемі жеті атасын айтып отырған, ойларымен бөлісіп, балаларына кеңес берген.

«Бес жолды өлең»

Шаңырақ

қасиетті қара

айтады бөліседі түсіреді

Шаңырақ астында ағайын-туыс жиналады.

Үй

V. Бағалау: бағалау парақтарына өз-өздеріне баға қою.

ЖАҢА СӨЗГЕ БАЙ КИНО

Сабақтың мақсаты: білімділік – өнердің бір саласы – кино жайында мағлұматтарды толықтыра отырып, өнер саласындағы жаңа сөздерді игерту, оларды ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету. Тәуелдік жалғауларын одан әрі меңгерту. Оқушылардың білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейту; **тәрбиелік** – өнер майталмандары мен ұлттық құндылықтарды құрметтей білуге тәрбиелеу. Оқушыларды өнерге, мәдениеттілікке, сыпайылыққа баулу, әр түрлі жұмыс түрлерін орындата отырып, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлықтарын, сөздік қорларын, қазақша ойлау қабілеттерін дамыту. Кино жайлы мағлұматтар бере отырып, осы тақырыпты өтілген тақырыптармен байланыстыру.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, аударма, ойландыру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сөздік.

Көрнекіліктер: Ш.Айманов суреті, кинотеатрлар бейнеленген суретті плакат, кеспе қағаздар, кесте сызылған рефлексия сұрақтары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. ҚР әнұранын айтқызу;
3. Сыныпты түгелдеу.
4. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару;
5. Оқу құралдарын әзірлету.

- Сәлеметсіңдер ме, оқушылар! Қайырлы күн!

- ҚР әнұранын орындайық.

- Сыныпта кім жоқ?

4. Тіл дамыту сұрақтары:

«Сұхбат әдісі» арқылы оқушылардың білімдерін жан-жақты тиянақтау.

- Мәдени және қоғамдық орындарға байланысты сұрақтар.

- Мәдени және қоғамдық орындарды кім атайды?

- Өзіңді мәдени орында қалай ұстағаның жөн?

- Балалар, Алматы қаласындағы қандай мұражайларды білесіңдер?

- Мұражайдың ішінде неше зал болады, залдардың ішіне не қойылады?

- Ә. Қастеев деген кім?

- Театр қандай орын?

- Қаламызда қандай театрларды білесіңдер?

- Театрда кімдер ойнайды?

- Әртістер ойнайтын жер қалай аталады?

- Қандай қойылымдарды білесіңдер?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, үйге қандай тапсырма берілді?

Міндеті: оқушылар қазақ тілінде сөйлем құрау арқылы сөздердің орын тәртібін үйренеді.

4-жаттығу. Берілген сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастырып жазу.

Оқушылар театрға барды. Қойылымда түрлі әртістерді көрді. Сахна үлкен, жап-жарық. Олар қойылым соңында қол соқты. Анар актрисаға гүл сыйлады.

III. Сабақтың өзекті мәселесі.

Мақсаты: оқушыларды жаңа тақырыпты меңгеруге дайындау, алған білімдерін тереңдету, дамыту, өткен

тақырыптармен байланыстыру. Оқушылар алдына нақты міндет, мақсат қою. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

Біз танысамыз.
Білеміз.

Ойнаймыз.
Үйренеміз.

**Психологиялық
дайындық**

Ойланамыз.
Оқимыз.

Жазамыз.
Жаттаймыз.

IV. Жаңа сабақ. Жаңа сөзге бай кино.

Сабақтың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлау.

1. Ойқозғау.

- Балалар, киноны кімдер түсіретінін білесіңдер ме?
- Біздің қалада кино түсіретін студия бар ма?
- Ол студия кімнің атымен аталады?
- Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген қандай киноларды білесіңдер?
- Сонымен, бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз «Жаңа сөзге бай кино» деп аталады.

2. Айтылым /сөздікпен жұмыс/

Жаңа сөздермен таныстыру;

Сөздерді дауыстап топпен қайталау;

2-3 оқушыға жеке оқыту;

Сөз-сөз тіркесі-сөйлем құрату

өнер – искусство;

жасайды – создают;

сомдайды, ойнайды – исполняют;

көрсетеді – показывают;

арналады – посвящаются.

3. Оқылым.

1-жаттығу. «Кино» мәтінін мәнерлеп, дауыстап оқу, аудару, мағынасын ашу.

4. Сөйлесім.

2-жаттығу. Сөйлесу.

а) Сөйлесуді рөлге бөліп, мәнерлеп оқу;

ә) 2-3 оқушыға тізбектеп оқыту;

б) Сөйлесуді аудару.

5. Жазылым.

4-жаттығу. Берілген сөздермен сөйлемдер құрастырып жазу.

Кино, көрермен, әртістер, кинотеатр, сахна, билет, орын, адамдар.

6. Сергіту сәті.

5-жаттығу. Винни Үрпек туралы не білесің?
Мультфильмді еске түсіру.

Өзіңнің сүйікті кейіпкерлеріңе мінездеме бер.

Бейнетаспадан «Винни Үрпек» мультфильмін көрсету.

V. Сабақты бекіту.

7. Сөйлесім.

Сұрақ-жауап.

- Сен кинотеатрға бардың ба?

- Кинотеатр қандай?

- Қандай кинолар көрдіңдер?

VI. Үй тапсырмасын беру.

1-жаттығу.«Кино» мәтіні бойынша түсінігін айту.

3-жаттығу. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі тиісті сөздерді қойып жазу/128-бет/.

VII. Рефлексия.

Мақсаты: оқушымен қайта байланыс. Оқушының ойынша сабақ өз мақсатына жетті ме, жетпеді ме, сабақ қызықты болды ма, болмады ма?

Кестені оқушыларға толтырту арқылы әр оқушының ойын білу.

- Сонымен, қаламызда қандай кинотеатрлар бар?
 - Балалар, сендерге кинотеатрға барған ұнай ма?
- Кестені толтыру.

Нені білетінсің?	Бүгін сабақта нені білдің?	Нені білгің келеді?

Сабақта жақсы жауап берген, үй тапсырмасын орындаған оқушыларды бағалау.



Арайлым ЖЕҢІСБЕКҚЫЗЫ,
№1 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

Алматы облысы,
Сарқан ауданы.

СӨЙЛЕУ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРҒАН ЖАНУАРЛАР

Мақсаты: білімділік – «Жануарлар» тарауынан алған білімдерін қорытындылау, жүйелеу; **дамытушылық** – сұрақтар мен мысалдар арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру, сын тұрғысынан ойлау, өз пікірін жеткізу, салыстыра білу қабілеттерін дамыту, жаңа сөздік қорды игеру, сөйлеу және жазу біліктілігін арттыру; **тәрбиелік** – туған өлке табиғатына, онда мекендейтін жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

Типі: бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, мәтін сурет. **Әдіс-тәсілі:** суретпен, мәтінмен жұмыс, тірек-сызба, салыстыру, болжау, оқу, аудару, ойын түрінде.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын қою.

I. Жаңа сабақты меңгерту.

Сабақтың жоспары.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз 10 кезеңнен тұрады.

I кезең.

Білгенге маржан. Блиц-турнир ойыны. Миға шабуыл.

Викториналық сұрақтарға нақты жауап беру:

1. Ең ірі жануар не?
2. Ең салмақты жануар қайсы?
3. Ең биік қай жануар?
4. Ең жүйрік қандай аң?
5. Ең үлкен қандай құс?
6. Ең ірі қандай қоңыз?
7. Ең үлкен қандай көбелек?
8. Ең күшті аң не?
9. Ең ірі маймыл қандай?
10. Ең ірі қандай бақа?

II кезең. «Кім жылдам?» ойыны.

Жануарлар

Аңдар

III кезең. «Білімінді шыңда».Өздік жұмыс.

IV. «Хайуанаттар бағында» ойыны.

Тақтада ілінген жануарлардың (кит, жолбарыс, тасбақа) суретімен жұмыс жүргізу.

Екі оқушы, бақ қызметкерлері, хайуанаттарды күтуші және үйретуші. Олар қалған оқушыларды хайуанаттар бағына шақырады, келген оқушылармен хайуанаттар туралы диалог-әңгіме жүргізеді.

V. Білгір болсаң, тауып көр! Сөзжұмбақ шешу.

Көлденеңінен:

1-ең үлкен жануар;

2-орман аңы;

3-қорқақ аң;

4-лягушка;

5-орман патшасы;

6-ең биік жануар.

Тігінен:

1-животные;

2-волк;




3-черепаха;

4-обезьяна.

VI. «Сиқырлы гүл» ойыны.



VII. «Ойлан, тап» ойыны. Сандардың бірінші дыбысын дұрыс атап, бір жануардың атын шығару.



VIII. Сөздік қорын молайту тапсырмасы. «Әрі оқу – әрі ойын».

1. Лиса – түлкі
Смех – ... (күлкі)
2. Медведь – аю
Орнамент – ... (ою)
3. Слон – піл
Язык – ... (тіл)
4. Коза – ешкі
Старый – .. (ескі)

IX. Жануарлар әлемінде.

1. Бейне сұрақ.

Жылы аймақтарда тіршілік ететін құстардың ең кішкентай түрі.

2. Жұмбақ шешу.


Терісі бар, жүні жоқ
Жүрегі бар, ізі жоқ.
Қанаты бар, ұшпайды
Су астында қыстайды.

(көлбақа)

Жайбасармын, сылбырмын
Жүрісім бір өнбейді
Мыртық аяқ құрғырың
Жүгіруге көнбейді.

(тасбақа)

X. Сабақты қорыту кезеңі. Венн диаграммасы



Үйге тапсырма.

Бағалау.

САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕГІ МУЗЫКА

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың музыка туралы алған білімдерін тереңдетіп, сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру, грамматикалық жаттығулар арқылы сауатты жазуға баулу; 2) сөздік қорын байыту, оқушылардың танымдылықтарын, өз ойларын еркін жеткізу, өз бетімен әрекеттену дағдысын қалыптастыру; 3) қазақ ұлттық музыка өнерінің ізгілікті рухын сезіндіру.

Түрі: аралас. **Әдістері:** түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, тыңдалым. **Көрнекілігі:** суреттер, сызбалар, интерактивтік тақта, тест.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі . Амандасу. Кезекші есебі.

2. Тіл дамыту кезеңі. (сұрақ-жауап)

- Бүгін аптаның қай күні?
- Қандай ай?
- Шілденің нешесі?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Сабақтың жалпы тақырыбы қандай?
- Сабақтың негізгі тақырыбы қандай?

3. Жаңа сабақ. Мұғалім сабақты күймен бастайды.

(Сұрақ-жауап.) Суретпен жұмыс.

- Осы күйдің авторы кім?

а) Күй.

- Құрманғазы кім болған?

- Күйдің атын айтыңыздар.

- Осы күйді Құрманғазы қандай аспапта орындайды?

- Ұлттық аспаптар арқылы не туады? (музыка туады)

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Сауаттылық және біздің өміріміздегі музыка».

Сабақта осы тақырыппен байланысты жаңа сөздермен танысамыз, оқимыз, аударамыз. Осы жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастырамыз. Сабақта бірнеше жұмыс түрлерін жасаймыз. Мысалы, олар.

ә) - Ал, енді, балалар, тақтаға назар аударайық!

(слайд: «Қазақ халқының ұлттық аспаптары», интерактивтік тақтамен жұмыс)

б) Сұрақ-жауап.

- Сендер қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер?

(домбыра, қобыз, сыбызғы,)

- Аспап туралы кім мәлімет бергісі келеді?

(екі-үш оқушы ұлттық аспаптар туралы айтады).

в) Жаңа сөздер:

өнерсүйгіш

жеңіл

орта жастағы

өнер

негізін салушылар

орындалады

(Интерактивтік тақтамен жұмыс)

ғ) Ауызша жұмыс.

Оқу, аудару, түсіндіру, сөздік дәптеріне жазу.

Мысалы: өнерсүйгіш – екі түбірлі жіңішке сөз, зат есім.

Оқушылар жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастырады, сөйлем мүшелеріне талдайды (Үш сөйлем).

Д) Тыңдалым.

Оқушылар суретке қарап, тыңдалымды мұқият тыңдайды.

- Мәтін не туралы болды?

е) Мәнерлеп оқу.

Жақсы оқитын оқушы мәтінді дауыстап, мәнерлеп оқиды.

Мұғалім оқушыларды үш топқа бөледі. Әр топ өздеріне бөлінген мәтін бөлігін оқып, аударып, сұрақтар құрастырады.

(Жеке жұмыс)

ж) Мәтінмен жұмыс.

з) Суретпен жұмыс.

Бір оқушы суретке қарап, мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтады. Екі оқушы мәтін бойынша сөйлеседі. Мұғалім оқушыларды тыңдап, бағалайды.

- Балалар, сендер қандай эстрада жұлдыздарымен таныстыңыздар?

(Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева)

- Кім қысқаша ол туралы мәлімет береді?

(Екі оқушы шығып, әңгімені айтады)

и) Тест сұрақтары:

1. Оркестрмен деген сөздің септігін тап.

а) І.с; ә) Т.с; б) К.с.

2. Ұнатады деген сөз қай шақта тұр?

а) өткен шақ; ә) келер шақ; б) нақ осы шақ.

3. Қай сөзде ашық буын?

а) эстрада; ә) музыка; б) жеңіл.

4. Берілген синонимдік қатардан артық сөзді тап.

а) бағыт; ә) ертең; б) жол.

5. Мақалды жалғастыр.

Ата өнері –

а) көп емес; ә) дана болар; б) балаға мұра.

6. Сөйлемде қандай сөз жетпейді?

..... болатын концертке билет алдым.

а) үлкен; ә) ертең; б) домбыра.

7. Дұрыс аудармасын тап: «музыкалық мәдениет».

а) любитель искусства;

ә) легкая музыка;

б) музыкальная культура.

- Енді, дәптерлеріңізді ауыстырып, кілт арқылы тексеріп, көршіңіздің жұмысын бағалайсыз.

4. Үй жұмысы:

1) мәтінді мазмұндау (ауызша);

2) 4-тапсырма, 169-бет;

3) сөздерді жаттау. (Күнделікпен жұмыс)

5. Жаңа сабақты қорыту.

- Сабақтың тақырыбы қандай болды?

- Музыка қандай болады?

- Сендер қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?

- Сендер қандай эстрада жұлдыздарын білесіңдер?

- Сендер өнер туралы қандай мақалдарды білесіңдер?

(Оқушылар 5-6 мақалдарды айтады, аударады, мағынасын түсіндіреді.)

- Біздің қаламызда қандай әншілерді білесіңдер?

(Оқушы тақтаға шығып, Қайрат Нұрғазин туралы әңгімені айтады).

- Сендер өнер туралы қандай тақпақтарды, өлеңдерді білесіңдер? Айтыңыздар.

(Оқушы «Өнер» туралы өлең оқиды.)

- Бүгінгі сабақта қандай жұмыс түрлерін жасадыңыздар?

Сұрақ-жауап.

6. Бағалау.



Күнсұлу ЖИЕНТАЕВА,
«Бота» балабақшасының тәрбиешісі.

Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Үшқоңыр ауылы.

ОЙЫ АЛҒЫР ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік – адамның бойындағы ең қасиетті ұғым. Оның өзіндік құны да соншалықты қымбат. Бағалай білген адамға ең бір тәтті де тым биік қол жетпес шың. Егер әрбір адамның өмірінің маңызды болғанын қаласақ, онда оған тәуелсіздіктің көмегі зор болар еді. 70 жыл бойы табандап тұрған ұлы КСРО-ның ыдырауы әр елдің өз егемендігін алуын жол ашып берді. Басқа да мемлекеттер сияқты 1991 жылы біздің еліміз өз тәуелсіздігін алды. Тұңғыш ҚР Президентін сайлап, ҚР мемлекеттік нышандарын бекіттік. Яғни, қазақ елі аңсаған арманына қол жеткізді. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақ жерінде егемен елдің көк байрағы желбіреді. Жер шарында «Қазақстан» деген тәуелсіз мемлекет пайда болды. Әлем танитын мемлекетке айналдық. Оған Қазақстанның әрбір тұрғынының көмегі зор болды десек артық айтқандық емес. Қазақстанның тәуелсіздігін танитын ресми құжат, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және

қоғамдық-саяси дамуының келешегіне айқын жол ашқан
25.10.1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Егемендік
туралы Декларация» екені баршамызға белгілі.

Осы құжат қабылданып, еліміз өз алдына жеке мақсат-
тар қойып, әлемдік аренада өзін көрсете бастағанына
да, міне, аттай 20 жыл толып отыр. Әрине, алдымызда
үлкен сұрақ тұр: Біз осы 20 жыл ішінде не бітірдік және
келешекте не істейміз?

Демек, 20 жылға есеп берер болсақ, оны алысқа
бармай-ақ айналадағы оқиғалардан-ақ байқауға болады.
Еліміздің өмірлік дамуына темірқазық болып саналатын
ұлттық рәміздер, Ата заң, ұлттық құндылықтар мықтап
орнықты. Түрлі мемлекеттік деңгейдегі шаралар
арқасында қолдауға ие болмаған түрлі мәселелер жан-
жақты қамтылды. Елімізді, халқымызды шетелдегі түрлі
ұлттар мен ұлыстар кеңінен тани бастады. Елбасымыз
Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының
арқасында түрлі елдермен экономикалық, мәдени,
саяси байланыстар күшейе бастады. Отанның тағдыры
үшін, оның табиғи байлығын сақтау, Отанды қорғауға
дайын болу жауапкершілігі әрбір қазақ азаматына Отан
алдындағы парыз боп саналады. Өскелең ұрпақ өз
елінде, өз жерінде тұңғыш рет «тәуелсіздік» ұғымымен
таныс болып, басқаша бағыт алған жаңа өмір сүре
бастады. Оларды тәрбиелеумен қатар салауатты өмір
сүріп, азаматтық, моральдық-психологиялық санасын
көтеріп, елжандылық сезімін қалыптастыру міндеті алға
шықты. Атап айтар болсақ, Қазақстан дамуы жоғары елу
елдің қатарына еруге ниет жасап, оған нақты шараларды
да атқарып жатқаны бәрімізге мәлім. Біздің міндетіміз
— болашақ ұрпақ алдында осы тәуелсіздігіміздің тәтті

күндерін баянды ету. Қазақстанның ата-бабамыздан қалған небір шұрайлы жерлері тым көп, ал сол жердегі иен байлықты игеру арқылы халқымыздың әл-ауқатын жақсарту – ең басты міндет болып саналады. Ең алдымен, Елбасы Қазақстан халқының экономикалық жағынан сауатты болуын көздеп, келешекте өз кәсібін өзі дөңгелететін білімді, көзі ашық халық тәрбиеледі, яғни, елімізде нарықтық экономика орнады. Рас, қиыншылықтар болды, ал бүгінде сол маңдай тер мен қиын да қызық тірліктің тәтті дәмін татып отырғандар қаншама... Бұдан кейін білім, экономика, саясат, мәдениет, әдебиет, әлеумет салаларында түрлі өзгерістермен жаңалықтар енгізілді. Басқа да мемлекеттердің ел басқару мен саясаттағы тәжірибелерінің көрінісінде елімізде қолдау тапты. Егер 1991 жыл мен 2011 жыл аралығын тізбектеп көз алдыңыздан өткізсеңіз, өз деңгейіңізден бастасаңыз, сіз қаншалықты дамығандығыңызды, көтерілгеніңізді байқайсыз. Түрлі елшіліктер және көршілес мемлекеттермен жақсы қарым-қатынаста болудың арқасында халық өміріне бағытталған ұлы келісімшарттар жасалды. Қазір Елбасымызды танымайтын, төріне шығармайтын ел кемде-кем десек артық айтқандығымыз емес. Ал барлық даму мен өсудің кепілі – ел тыныштығында, бейбітшілікте екені бәрімізге мәлім. Барлық игі істің күре тамыры – татулық, ауызбірлік, достық, ұйымшылдық. Қазақстан өзінің қуатты да жан-жақты дамыған мемлекетін, өзінің қарышты өркендеген экономикасын құрып, халқының әл-ауқатын көтеруді бар-жоғы 20 жылдың ішінде, яғни аз уақытта жүзеге асырды. Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенттік

тағына отыру сәтіндегі салтанатты жиында Қазақстанды әлемдегі аса дамыған, бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосу мақсаты бар екенін айтқан еді. Бұл үшін экономика, саясат, әлеуметтік, мәдениет саласында әрбір қазақстандық жасампаз еңбектің үлгісін көрсетіп, қажырлылық көрсетуі тиіс. Мұнда жұмыс тек шынай факті арқылы жүзеге аса қоймайды. Ең бастысы, халықтың барлық тобының арасында тәлім-тәрбиелі жұмысты мақсатты жүргізудің барысында іс оңға басады. Халықаралық саладағы өзара түсіністікке құрылған қарым-қатынас қоғамдағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге негіз болады. Әсіресе, тәуелсіз мемлекеттің өскелең ұрпағы мұны естіп қана қоймай, оны жан-жақты біліп отыруы керек. Неге десеңіз, оның азаматтық, саяси, әлеуметтік көзқарасының жетіліп, марқаюы осыны талап етеді. Бабаларымыз сонша ғасыр армандаған, кезінде жаудан аман алып қалған жерді сақтау – әрбір Қазақстан азаматының азаматтық борышы. Тіпті, осы 20 жыл ішінде қандай қателіктер жібердік, енді оны қайталамау туралы да әр азаматтың көкірегінде ой болуы тиіс. Біз, ұстаздар қауымы, бала тәрбиесімен айналысатын болғандықтан, олардың бойына тәуелсіздіктің не екенін терең ұғындыра отырып, шамамыз келгенше, біз де тәуелсіздікке үлес қосуымыз керек екенін айтқым келеді. Бәріміз жұмыла көтерсек, алынбайтын қамал, жеңбейтін қиындық болмасы анық.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН КЕСПЕ ҚАҒАЗДАР

(Соңы. Басы өткен санда)

1. Сөздерді аударып жаз.	2. Сөздерді қазақшаға аудар.	3. Сөздерді орысшаға аудар.
Әлем, ұзындығы, ірі, жолбарыс, керік, күшті, зіл, жыртқыш, қоңыз, қабан, салмағы, серуендеу.	Пустыня, на суше, терпит, взрослый, стопа, коренной зуб, груз, мозг, колючка, Индия, километр, растение.	Құрлықта, маймыл, ересек, ұнатады, бүйрек, қолтырауын, балық, ертеде, бақа, қамыс, көбелек, онай.
4. Сәйкестікті тап.	5. Керекті сөздерді қойып жаз.	6. Тиісті әріптерді қойып көшіріп жаз.
1) құс; а) алабұға; 2) аң; ә) көбелек; 3) үй жануары; б) аққу; 4) жәндік; в) жолбарыс; 5) балық. г) мысық.	Жануарлардың ең үлкені – Көк киттің ... 33 метр, ... – 150 тонна. Көк киттің ... салмағы 700 кг, ... салмағы – 2 тонна. (салмағы, көк кит, жүрегінің, ұзындығы, тілінің)	К.к кит, жолбар.с, ти.н, т.йе, тасба.а, к.белек, ж.лан, .оян, балы., .ю, қас.ыр, ар.стан, майм.л, .олтырауын, т.лкі, п.л, кер.к, қо.ыз, з.л, ба.а, ел.к, сай.ақ, к.рпі, хай.анаттар, жан.арлар.
7. Етістіктерді келер шақта жаз.	8. Етістіктерді осы шақта жаз.	9. Етістіктерді өткен шақта жаз.
Бару, көру, ұнау, болу, тұру, отыру, жазу, оқу, салу, алу, жеу, ішу, міну.	Бару, көру, ұнау, болу, тұру, отыру, жазу, оқу, салу, алу, жеу, ішу, міну.	Бару, көру, ұнау, болу, тұру, отыру, оқу, жазу, салу, алу, жеу, ішу, міну.
10. Сөздерден сөйлемдер құрап жаз.	11. Сұрақтарға жауап бер.	12. Артық сөзді тап.

<p>1) тасбақа, жейді, көкөністерді, алып. 2) секіреді, 9-10 метр, жолбарыс, жерге. 3) бар, әлемде, жануарлар, көптеген. 4) түйенің, ботасы, қасында, бар. 5) Үндістан, Африка, пілдің, Отаны.</p>	<p>1) Піл қайда мекендейді? 2) Жолбарыс немен коректенеді? 3) Түйе қайда мекендейді? 4) Көк кит қайда мекендейді? 5) Тасбақа немен коректенеді?</p>	<p>1) жолбарыс, аққу, тырна, қарға, құр. 2) алабұға, тасбақа, сазан, табан, бекіре. 3) алмұрт, шабдалы, піл, өрік, жүзім. 4) картоп, қызылша, сәбіз, түйе, қияр. 5) қарақат, таңқурай, шие, қарлығаш, зіл.</p>
<p>13. Аталған тақырып және тірек-сөздерді пайдаланып мәтін құра.</p>	<p>14. Сөйлемдерді оқы. Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.</p>	<p>15. Мәтіннен етістіктерді теріп жаз. Олардың шағын, жағын анықта.</p>
<p>Тақырып: Шөл кемесі – түйе. Тірек сөздер: шөл, ыстық, шыдайды, құм, 30-40 шақырым, тікен шөптер, 45 күн, шұбат, бота, шуда.</p>	<p>Африка пілдері ағашқа немесе үйдің қабырғасына сүйеніп ұйықтайды. Арыстан, аю шалқасынан жатып ұйықтайды.</p>	<p>Ринат хайуанаттар бағына келді. Ол жануарларды қызықтап жүр. Тасбақаға алма берді. Тасбақа алманы жеді. Маймыл оны мазактады. Ол күліп тұр.</p>
<p>16. Мәтінді түсініп оқы.</p>	<p>17. Сөздерді буынға бөліп жаз.</p>	<p>18. Сөз тіркестерін құрап айт.</p>
<p>Алыптар. Дүние жүзіндегі ең ірі тасбақалар – Малайзияда. Оның салмағы бір жарым тоннадай. Олар жұмыртқа салады. Ең ұзын қолтырауын да осында. Оның ұзындығы он төрт метрге жетеді. Дүниедегі ең үлкен жарқанат та осында. Оның әрбір қанаты бір жарым метрдей. Ең ұзын питон да осында. Оның ұзындығы сегіз жарым метр. Салмағы бір жүз елу килограмм.</p>	<p>Алып, аң, аю, бүркіт, қоңыз, сауысқан, торғай, түйекұс, түлкі, тырна, үйрек, шегіртке, шөл, шортан, із, әлем, зіл, жолбарыс, арыстан, маймыл, піл, жыртқыш, керік, қамыс, өсімдік, тиін, табан, арқар, бұғы, киік, қабан, барыс, аққу, алабұға, балық, елік, жабайы, жылан, тышқан, күзен, жарқанат, тасбақа, қолтырауын, көбелек, құс, борсық, құмырсқа, қасқыр, қоян, ләйлек, өзен, көл, теңіз, мұхит, дала, тау, орман, тоғай, сұңқар, табиғат.</p>	<p>1) үлкен; а) түлкі; 2) кішкене; ә) қасқыр; 3) әдемі; б) аю; 4) қызыл; в) тырна; 5) сары; г) аң; 6) айлакер; ғ) сауысқан; 7) сұр; д) тасбақа; 8) қоңыр; е) піл; 9) ақ; ж) жәндік; 10) жыртқыш; з) аққу; 11) ала; и) тиін; 12) алып. к) балапан.</p>

19. Сөйлемдерді толықтыр.	20. Сөйлемдерді көшіріп жаз.	21. Оқы, аудар.
<p>1) Алматыда хайуанаттар бағында салмағы бір центнер ... бар.</p> <p>2) Оның үстіне балалар мініп</p> <p>3)Тасбақа үлкен ... да көтереді.</p> <p>4)Алып тасбақа ... ,..., ... ерекше ұнатады.</p> <p>5)Ол ... ішеді, кейбір күндері он литрге дейін ... ішеді.</p>	<p>Біздің қалаға хайуанаттар бағы келді. Біз сенбі күні хайуанаттар бағына бардық. Онда жолбарыс, арыстан, маймыл,түлкі, аю, қасқыр, керік, түйе бар. Біз жануарларды қызықтадық. Маймылдарға банан бердік. Бізге аңдар өте ұнады. Онда әр түрлі құстар да болды.</p>	<p>Ертеде аю, қасқыр, түлкі, қоян, тышқан дос болыпты. Жазда аю бал жинайды. Қоян сәбіз жинайды. Ал түлкі мен қасқыр көп ойнайды екен. Тышқан аю мен қоянға тамақ дайындайды. Бір күні аю ашуланып, қасқыр мен түлкіні қуып жібереді. Ал аю,қоян, тышқан тату болып, бір үйде тұрады.</p>
22. Өткен шақта тұрған етістіктерді теріп жаз.	23. Осы шақта тұрған етістіктерді теріп жаз.	24. Келер шақта тұрған етістіктерді теріп жаз.
<p>Келді, барады, отыр, айтты, қарайды, сөйлеп тұр, өсірді, оқиды, оқыды, кір, жуды, жазады, көру, шықты, аударды, асқақтады, аударды, тыңдады.</p>	<p>Келіп тұр, барды, отыр, айтып отыр, қарап тұр, сөйлейді, өсірді, оқып отыр, жатыр, кірді, шығады, аударып жүр, жазып жатыр, тыңдайды, көрді, ойлан.</p>	<p>Барады, келді, отыр, тұру, оқиды, жүр, көрді, сөйлейді, аударып тұр, болды, тыңдайды, айтады, жазып отыр, берді, ойнайды, жібереді, жинап жүр, кетті.</p>
25. Мәнерлеп оқы.	26. Оқы, салыстыр.	27. Сөздерді құрамына қарай талда.
<p>Орманда аңдар мектебі бар. Онда: аю, қасқыр, піл, арыстан, маймыл, түлкі, жолбарыс оқиды. Аю мен піл төртінші сыныпта оқиды. Ал қасқыр мен түлкі үшінші сыныпта оқиды. Олар – жақсы оқушылар. Аңдар мектепке орманнан және хайуанаттар бағынан келіп оқиды.</p>	<p>Ор -өр, су-ку-бу-ту-жу-ау-ну-ру-шу, тор-төр, шын-шың, терек-зерек, сұр-сұр, тон-тоң, кент-жент, қон-көн, кен-кең, көл-шөл-төл-сөл, жон-жөн, мен-мең, біл-бол-бөл-бел, сан-сән, сен-сең, жал-жат-жақ-жап-жаз, тұр-тұр, он-оң, шіл-піл-зіл-тіл, қор-көр, өн-өң, сіз-біз, таң-тең-тоң.</p>	<p>Құстардың, ұялар, әнші, ағаштарда, жоғарырақ, ұялайды, аңдарды, керік, аңшылықпен, ірірек, алды, алу, көлді, тасбақа, жемістерде, барысты, өседі, құрлықта, өмір, пілдер, күнге, қайың, пайдалы, түйемен, китте, жерлік, көл, сағаты, жануар, табиғатты, өркеш, гүлдеді, бүркіт, қырандай, жем, суда, ағашқа, жолбарыс, түлкіден, ұсақтау.</p>

28. Мәтінді оқы. Әңгімелеп бер,	29. Сұраулық шылауларды жалға.	30. Сөйлемдерді аяқтап жаз.
<p>Қазақстанда жазық дала, ойпат,қырат, құм, тау, орман, су бар.Далада жусан, бетеге, сексеуіл өседі. Далада қоян, қасқыр,қарсақ, ақбөкен жүреді. Тауда арша, шырша, қарағай,қайың өседі. Тауда аю, бұғы, таутеке, барыс, арқар, жүреді. Орманда емен, қарағай, қайың, тал өседі. Орманда қасқыр, түлкі, тиін жүреді. Қазақстан табиғаты алуан түрлі.</p>	<p>Арқар Бұғы Ақбөкен ма? Қоян ме? Тиін ба? Барыс бе? Қасқыр па? Түлкі пе? Аю Борсық</p>	<p>Туған жерге құстар топ-тобымен Күзде қалай топтасса, көктемде де солай. Өздеріне таныс әуе жолынан ... Күзде кеш кеткендері көктемде ерте... Күзде ерте кеткендері көктемде кеш... Талай қиындықтардан, қауіп-қатерден ... Биік таулардан да Оларға ештеңе де бөгет ... Қанатты қонақтарымыз туған жерге (оралды, келіп жатыр, болмайды, өтеді, асады, адаспайды, келеді.)</p>
31. Тиісті сан есімдерді қойып жаз.	32. Сөйлемдерді толықтыр.	33. Керекті етістікті қойып жаз.
<p>Көк киттің ұзындығы ... метр, салмағы ... тонна. Жолбарыс ... метрге секіреді. Тасбақаның салмағы ... тонна. Тасбақа ... литр су ішеді. Пілдің салмағы ... тонна. Пілдер ... жыл өмір сүреді.</p>	<p>Ең ірі маймыл-... . Ең жүйрік сүтқоректі - Ең ірі көбелек - Ең ірі қолтырауын - Ең ірі бақа -</p>	<p>Түйе күннің ыстығында сусыз, жемсіз ұзақ уақыт Түйенің аркасында өркеші Оның жалпақ табаны құмға Онымен шөлді жерде (жүруге болады,жүре алады, болады, батпайды)</p>
34. Етістіктің шақтарына мысал келтіріп, бағандарды толықтыр.	35. Жуан, жіңішке сөздерді екі бағанға бөліп жаз.	36. Сөйлемдердегі етістіктердің шақ - тарын анықта.

			Андар қысқа дайындалады. Олар іңдеріне әр түрлі азық жинайды. Ақ тиін саңырауқұлақ, жаңғақ жинайды. Кірпі кепкен жеміс-жидекті тасиды. Ал тышқандар дән жинайды. Ал аю қыста ұйықтайды. Сол үшін ол қысқа қарай семіреді.
37. Жақшаларды ашып жаз.	38. Дұрыс жауапты таңдап жаз.	39. Сандарды сөйлет.	
(Көк кит) ұзындығы 33 метр. (Жолбарыс) 9-10 метрге секіреді. (Тасбақа) салмағы 1,5 тоннадай. Алып тасбақа (көкөніс,көк пияз) ұнатады. (Түйе) 2-3 центр жүк артуға болады.	Шөл даланың ыстығына тек не шыдайды? (піл, арыстан, түйе, зіл) Не тәулігіне 100-200 литр су ішеді? (піл, арыстан, түйе, зіл) Ең ірі тасбақа қайда болады? (Малазияда, қытайда, Қазақстанда)	2-3центр 200литр түйе 45 күн 40-50шақырым	
40. Сандарды сөйлет.	41. Сандарды сөйлет.	42. Өлеңді мәнерлеп оқы.	
9 тонна 30 метр 4,5 кг 22 ай 70-80 жыл 16 кг 140 кг 100-200 литр 220 кг	9-10метр 120 км	Тасбақа. Жайбасармын, сылбырмын, Жүрісім бір өнбейді. Мыртық аяқ құрғырын Жүгіруге көнбейді.	
43. Өлеңді мәнерлеп оқы.	44. Сөздерге сұрақ қой.	45. Сөздерге сұрақ қой.	
Түйе, түйе, түйемін, Жануармын киелі. Кім таласар бойыма, Жыл басына иемін.	Түйе, шөл, секірді, үлкен, жарысады, піл, әдемі, Азияда, күн, он бес, жолбарыс, арыстан, айбарлы, шыдамды, түйекұс, көбелек, қоңыз, ауыр, жүйрік.	Малайзияда, көл, жүгірді, кішкентай, тырысады, зіл, ұзындық, Азияда, түн, он жеті, жолбарыс, тонна, айбарлы, шыдамды, түйекұс, кит, қоңыз, ауыр, жарыс.	

Жанна СҮЛЕЙМЕНОВА,
Ақмола облысының
Қорғалжын ауданындағы
«Қорғалжын» мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Мақсаты: өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт оқушыларының қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу.

Мемлекеттік тілді әрбір қазақстандық этнос өкілінің ішкі мәдениетінің ажырамас тіліне айналдыру.

Көрнекілігі: қанатты сөздер, тіл мерекесіне орай шығарылатын газеттер, суреттер, гүлдер, шарлар, буклеттер.

Мұғалім:-Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

Қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» күшіне енді. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз.

«Адамға екі нәрсе тірек тегі,

Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі»,- деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез келген мемлекеттің, елдің ең негізгі ұраны да, тірегі де – сол елдің ана тілі болмақ.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан Республикасының өз елтаңбасы, әнұраны, туы бар. Сонымен қатар өз тілі бар.

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде жүрсең де бұл дұрысы,
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар, -
демекші, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайыс
сабағымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Барысы.

*Залда ұлтымыздың әсем күйінің сазды әуені естіліп
тұрады.*

Жүргізуші: - Ана тілі – асыл күні бабамның,
Қуатымсың ақ сүтіндей анамның.
Сәби шақтан бесігімде жыр тыңдап,
Туған тілді жаттап өскен баламын.
Оң жол ізде өмірде көп ойланып,
Алдыңнан атар таңың арайланып.
Азаматы бар ел деп бұл қазақтың
Талай жұрт құрметтесін қарай қалып.

Құрметті сайысқа қатысушылар және қонақтар!
Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.
Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының
әрбір азаматының парызы.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес
қазақ тілі республикамыздағы негізгі тіл – мемлекеттік тіл
болуына орай оның қолдану аясы, бедел-мерейі мемлекет
ішінде ғана емес, халықаралық қатынастар деңгейіне дейін
артып келеді.

Мемлекеттік тілдің мәдениетін көтеру, әдебиетті
насихаттау, талантты жастарды іздеп табу мақсатында және
өз елін, жерін, Отанын, туған халқының тілі мен салт-дәстүрін
қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін
жыл сайын біздің мектебімізде дәстүрлі тіл мерекесі өтеді.
Осы мерекеге байланысты өткелі отырған **«Мемлекеттік**

Тіл – менің тілім » атты өзге ұлт оқушыларының арасында
ұйымдастырылып отырған сайысымызға қош келдіңіздер!

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудағы мақсат –
мемлекеттік тілде сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, сауатты
жаза білуге үйрету. Тіл – ұлттың жаны. Ғабит Мүсірепов тіл
туралы былай деген: *«Тілін білмеген түбін білмейді»*.

Сонымен, сайысымызға кезек берсек:

«Кім білімді, өнерпаз, білейікші,

Оқушылар алғыр деп жүрейікші.

Әділқазылар алқасына тек әділдікті,

Сайыскерлерге сәттілік тілейікші», -

деп сайыскерлерімізді қошеметпен ортаға шақырамыз.

Бүгінгі сайысқа 11-сынып оқушылары қатысады.

1-сайыскер – Панченко Андрей.

- Жауап берер сұрақтарға дәл, анық,

Андрейдің жеңетіні дәл, анық.

2-сайыскер – Варшавский Владимир.

- Вова біздің есепті түрлі шығарады,

Арасында қазақ тілінде сөйлеп жарысады.

3-сайыскер – Пахомова Анастасия.

- Жібек мінез, үлбіреген Анастасия,

Тосылмашы, ұпай санын көп жина.

4-сайыскер – Смирнов Валерий.

- Валераның жүрегінің түгі бар,

Арқалап жүрген қоғамдық жүгі бар.

5-сайыскер – Миненкова Марина.

- Марина біздің естігенін есте тұтқан,

Оқығанын миға тоқыған.

6-сайыскер – Қызылбаев Руслан.

- Білім қуған Руслан,

Нақты ғылымға қызыққан.

Жүргізуші:

- Шын жүйрік шабысынан танылады.

Нақты білім, терең ой сыналады.

Баға берер әділқазы ортамызда,

Оларға құрметпен қол соғылады,-

дей келе, сайыскерлерімізді бағалайтын, шындықты жарып
айтып, қара қылды қақ жаратын әділқазылар алқасымен
таныс болыңыздар.

Әділқазылар алқасының төрайымы Түсіпбекова Әсем
Ғабдоллақызы – мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі
директордың орынбасары.

Әділқазылар мүшелері:

1. Досымова Гүлден Қамзеқызы – қазақ тілі бірлестігінің
жетекшісі.

2. Сұлтанова Гүлден Мақышқызы – қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің оқытушысы.

3. Бадықова Шәкира Қабыкенқызы – қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің оқытушысы.

4. Дүйсенбаева Баян Қалиасқарқызы – орыс тілі мен
әдебиеті пәнінің оқытушысы.

Жүргізуші: - Даланың терең жұтсақ ауасы кең,

Танысайық бұл кештің шарасымен:

Сайыстың өтілу барысымен таныстыру.

1. «Сәлемдесу» немесе таныстыру.

2. Тақырыптық әңгіме құру.

3. «Бәйге» (сұрақтарға жауап беру).

4. «Шешендік өнер» (мақал-мәтелдер сайысы).

5. “Білгенге –маржан, білмеске-арзан” (сұрақтарға жауап
беру).

6. Өнер сайысы.

I белес: «Сәлем – сөздің анасы» таныстыру.

«Әдепті елдің баласы

Алыстан сәлем береді» дейді данышпан халқымыз. Бұл

белесте әр сайыскер өзін-өзі таныстыруы керек.

Смирнов Валера: - Туған жерім – тұғырым,
Нұра өзенінің жағасы.
Кіндік кескен бұл жерім,
Ыстық маған әрқашан,
Келдім, міне, тағы да
Бұл сайысқа оралып,
Бағымды сынап көремін,
Бұл сайыста жиналып.

Варшавский Владимир:

- Тасып жатқан Нұраның жағасында,
Сары белде, сағымдар арасында,
Туып-өстім қоқиқаздар арасында,
Қазақтың қасиетті жері – Қорғалжында.

Пахомова Анастасия:

- Менің есімім Пахомова Анастасия
Мен орыс қызымын, қазақпен бірге өскен,
Қазақ деген халқымның өмірінен тәлім алған.
Қазақстан кең байтақ жерінде жүріп,
Қазақ тілін туған тілдей меңгерген!

Миненкова Марина:

- Өнер сырын ұғынам,
Атым елге белгілі.
Аудан, облыс көлемін
Жеңумен мен келемін.
Марина – менің есімім,
Әділқазы, көрермен.
Бұл жарысты жеңем деп
Өз күшіме сенемін!

**II белес: «Тақырыптық әңгіме құру» сайысы, 5
ұпаймен бағаланады.**

Қазақпыз – қыз өсірген інкәр қылып,
Қазақпыз – ұл өсірген шырқап жүріп.
Қазақпыз – дәстүрін ұмытпаған,
Сайысқа түсіп, жеңіске ұмтылған.
Берілетін тақырыптар бойынша әңгіме құру: «Қазақстан»,
«Наурыз», «Қазақ тілі- мемлекеттік тіл», «Қазақтың салт-
дәстүрлері».

III белес: «Бәйге» (сұрақтарға жауап беру).

Әр сайыскердің қолында кәртiшке бар. Қай сайыскер
кәртiшкесін бұрын көтерсе, сол жауап береді. Егер бірінші
сайыскердің жауабы дұрыс болмаса, екінші сайыскерлер
жауап бере алады. Жауап нақты әрі тез болу керек. Соңында
әр қатысушының ұпайы есептеледі.

Сұрақтары:

1. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған жыл? (1991)
2. Тіл туралы Заң қашан шықты? (1997)
3. 1986 жылғы желтоқсан құрбандарын ата.
(Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, т.б.)
4. Диалог деген не? (екі кісінің сөйлесуі)
5. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар? (9)
6. Үш би? (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)
7. Алтын киімді адам табылған жер?
(Есік қорғаны, Алматы облысы)
8. *Үміт* сөзінің синонимі (арман, қиял)
9. М.Әуезовтың атақты роман-эпопеясы? («Абай жолы»)
10. «Қазақстан - 2030» кітабының авторы?
(Н.Ә.Назарбаев)
11. Абылай ханның шын аты? (Әбілмансұр)
12. Шапшаңдықты көрсететін ұлттық ат ойыны? (бәйге)
13. Тіл білімінің атасы? (А.Байтұрсынов)
14. 100 жасаған ақын? (Ж.Жабаев)
15. «Наурыз» сөзі қай тілден алынған? (парсы)

16. Қазақтың тұнғыш этнограф ғалымы? (Ш.Уәлиханов)
17. Қазақтың батыр қыздары? (Әлия, Мәншүк)
18. Ұлттық музыкалық аспап? (домбыра)
19. Асар дегеніміз не? (көмек)
20. Қазақтың атақты кино әртісі? (Ш.Айманов)
21. Әйтеке бидің шын аты? (Айтық)
22. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз? (Арал)
23. Үш жүздің басын қосқан хан? (Абылай хан)
24. Айлы кеште ойнайтын ұлттық ойын? (Ақ сүйек)
25. Діни мейрамдар? (ораза айт, құрбан айт)
26. Қобызда ойнаған күйші? (Қорқыт ата)
27. Абайдың шын аты? (Ибраһим)
28. Оқушы сөзінің синонимі? (шәкірт)
29. Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры кімнің атында? (М.Әуезов)

IV. «Шешендік өнер» (Мақал-мәтелдер сайысы)

Мақал-мәтелдер – талай замандар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан асыл мұра. Сондықтан да сайысымыздың үшінші белесі мақал-мәтелдерге арналады. Бұл кезеңде мақал-мәтелдердің бірінші жолын жүргізуші өзі айтады, сайыскерлер толықтырады.

Мақал-мәтелдер:

1. Елсіз ер болмайды,
Жұртсыз жігіт болмайды.
2. Адам досымен мықты,
Ағаш тамырымен мықты.
3. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
4. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас.
5. Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

6. Батыр туса – ел ырысы,
Жаңбыр жауса – жер ырысы.
7. Ата- бәйтерек,
Бала-жапырақ.
8. Еңбектің наны – тәтті,
Жалқаудың жаны – тәтті.
9. Ер жігіт – ел үшін туады,
Ел үшін өледі.
10. Күш - білімде,
Білім – кітапта.

Қосымша тапсырма:

Төмендегі мақал-мәтелдердің орысша мағыналас мақал-мәтелін атау.

1. Жолдасы көптің – олжасы көп.
(Друзей много – шире дорога)
2. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
(Семь раз отмерь, один раз отрежь)
3. Еңбексіз тапқан мал, есепсіз кеткен сал.
(Что легко наживается, легко проживается)
4. Сыртына қарама, ішкі ойын бағала.
(По одежке встречают, по уму провожают)
5. Көп тыңда, аз сөйле.
(Много слушай, по меньше говори)
6. Көз – қорқақ, қол – батыр.
(Глаза боятся, руки делают)
7. Айтқан сөз – атқан оқпен тең.
(Сказанное слово, как выпущенная пуля)

V. Келесі сайысымыз – “Білгенге – маржан, білмеске – арзан” деп аталады.

Сұрақтарға жауап беру.Қазақтың бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрлері.

Осы сөздерді қалай түсінетіндерінді айтыңдар:

1. Сүйінші дегеніміз не?
2. Байғазы дегеніміз не?
3. Сыбаға беру дегеніміз не?
4. Шашу дегеніміз не?
5. Көрімдік беру дегеніміз не?
6. Той табақ дегеніміз не?
7. Тұсау кесу дегеніміз не?
8. Шілдеhana дегеніміз не?

VI. Өнер сайысы.

Әр сайыскер өз өнерін көрсетеді.

Осы белестер аяқталғаннан кейін әділқазылар алқасы сайысқа қатысушыларды алған ұпайлары бойынша марапаттайды.

Жүргізуші:

- Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім – ардақ тұтар алтыным.

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлы. Ана тілімізді құрметтеп, сүйе білейік. Мемлекеттік тілде көп оқып, бір-бірімізбен қазақша сөйлесейік. Бүгінгі ұрпақ ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болуы шарт дей отырып, бүгінгі «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты өзге ұлт оқушыларының арасында ұйымдастырылып отырған сайысымыз осымен өз мәресіне жетті. Қош, сау болыңыздар!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Дебат сабағының мақсаты: 1) оқушылардың Мемлекеттік тілді қадірлеуге, өзге тілдерге құрметпен қарау сезімдерін ояту, қазақ тілі мен әдебиетінен білімдерін қалыптастыру; 2) салауатты өмір салтын насихаттау, талдау; 3) ойынға қатысушылардың әдеби білімін тереңдету; 4) көтерілген мәселені екі жақты қарастыра білу икемділігін қалыптастыру; 5) өз пікірін дәлелдеу үшін ізденуге үйрету (Қосымша әдебиет, баспасөз материалдары, пайдаланатын шығарма мазмұнын қолдана білу); 6) өз көзқарасын жақтап, қарсыласына сын айта білуге дағдыландыру; 7) шешендік өнерге баули отырып, жаңа терминдерді пайдалануға жол ашу; 8) интеллектуалдық қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Спикерлердің міндеттері:

Жақтаушы топ

Топпен таныстыру.
Тақырыпты айтып,
көкейкестілігін көрсету.
Тақырыпқа керек кілтті
сөздерге анықтама беру.
Жақтаушы топтың

Даттаушы топ

Топпен таныстыру.
Тақырыпты даттап,
себебін түсіндіру.
Кілтті сөздер
анықтамасын қабылдау.
Жақтау поэзиясын

кейсімен таныстыру.

Қорытынды.

әлсірету.

Даттау кейсімен

түсіндіру.

Қорытынды.

Кейс

1-аргумент

Дәлелдеу (Түсіндіру)

Қолдау.

(Факт, цитата)

2-аргумент

Дәлелдеу.

(Түсіндіру)

Қолдау.

Дәлелдеу.

1-аргумент

Дәлелдеу (Түсіндіру)

Қолдау.

(Факт, цитата).

2-аргумент

Дәлелдеу.

(Түсіндіру)

Қолдау.

Дәлелдеу.

Ж2

Қарсыластың аргументтерін жоққа шығару

Өз пікірін қайта дәлелдеп қолдау

Жаңа дәлелдер келтіру

Қорыту

Д2

Ж2

Қақтығыс тудырған мәселелерге басты назар аудару

Әр топтың бағытына салыстырмалы талдау жасау

Аргументтердің салмақтылығын көрсету

Әсерлі қорытынды жасау

Д3

Жақтаушы топ резолюциясы:

Критерий:

«Мемлекеттік тіл – мемлекеттің тірегі, сол тілмен сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының міндеті».

Аргументтер:

1. Мемлекеттік тіл.

1. Мемлекеттік тілді білмейтін адам елдің танымал, белсенді азаматы бола алмайды.

2. Мемлекеттік тілді білу – рух жетімдігінен тазару.

3. Өзге тілдің бәрін біл...

Даттаушы топ резолюциясы:

1. Өзі қалаған тілді таңдау - әр адамның құқықтық міндеті.

Критерий:

1. Мемлекеттік тілде сөйлеу – адам құқығын таптағандық

2. Қазақ тілімен ешкімді таңдандырмайсың.

3. Тілдің үш тұғырлылығы. Орыс және ағылшын тіліне ерекше мән беру.

Аргументтер: Еңбекақының өсуі баға тұрақсыздығына әкеледі.

Қарама-қарсы сұрақтар:

Сөз сайысының әрбір кезеңінен кейін қарама-қарсы сұрақтарға 3 минут беріледі. Дұрыс құрылған сұрақтар сөз сайыстың жүру барысына мейлінше ықпал етеді.

Қарама-қарсы сұрақтардың мақсаты:

1. Қарсыластарыңыздың аргументін анықтау.

2. Қарсыластарыңыздың кейсінен кемшілікті табу.

3. Ойыншыны өз пікіріне қайшы келетіндей жағдаят тудыру.

Тиімді сұрақтар құрастыру әдістері:

1. Айтыстан аулақ болыңыз.

2. Қарсыласыңызды қорқытуға әуес болмаңыз.

3. Мысқыл сұрақтар қоюға тырыспаңыз.

4. Қарама-қарсы сұрақтарға берілген уақытты тиімді

пайдаланыңыз.

5. Қосымша сұрақтар дайындап қойыңыз.

Бұл сұрақтар берілген тақырыптың кез келген ісіне қатысты болуы тиіс. Оларды қажет жағдайда қолдануға болады.

Жақтаушы топ сұрақтары:

(Тақырыпқа байланысты жақтау сұрақтары қойылады).

Даттаушы топ сұрақтары:

(Даттау мақсатында негізделген сұрақ қойылады).

Өткізу барысы: Дебат сабағы басталмас бұрын арнайы түсірілген «Тіл – тіршілік жүрегі» атты 10 минуттық сюжет-фильм көрсетіледі.

Мұғалімнің Мемлекеттік тіл, қызметі, өміршеңдігі туралы кіріспе сөз айтады.

- Кіріспе сөзден кейін 2 топ пікірталасқа түседі.

Сабақ соңында «Қай тілді таңдайсың?» атты сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 200 оқушы қатысты. Оның 85 пайызы мемлекеттік тілде – «қазақ тілінде сөйлеу керектігін қолдаса, 12 пайызы орыс және ағылшын, т.б. тілдерді үйрену керектігі уақыт күттірмейді десе, 13 пайызы тіл мәселесі көп толғандырмайды деп жауап берген. Берілген жауаптарға сараптама жасалып, сауалнама қорытындысы бойынша сабақ Мемлекеттің тілдің басымдылығын атап көрсетіп, қорытындыланды.



Салтанат РУЗАМЕНҚЫЗЫ,

И.П. Шухов атындағы

Преснов орта мектеп-гимназиясының

қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,

Жамбыл ауданы.

ГҮЛДЕНЕ БЕР, МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Мақсаты: Қазақстан Республикасында орналасқан халықтардың мәдени мұрасы туралы оқушылардың білімін кеңейту және тереңдету, өз елінің салт-дәстүрлерін білу, ұрпақ сабақтастығы сезімін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілік, бірлік, ұлтжандылық сезімдері мен Қазақстанда тұратын барлық халықтарға құрмет сезімін тәрбиелеу. Тәуелсіз еліміздің білімді, адал, өнегелі, алғыр азаматтары болуға баулу.

Безендірілуі:

1. Безендіруге арналған гүлдер, шарлар.
2. 16 желтоқсан мерекесіне арналған қабырға газеті.
3. Сахнада «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» деген сөздер жазылған.
4. Ұлттық киімдер.
5. Ұлттық тағамдар.
6. Шаңырақ.

Техникалық құралдар: интерактивті тақта, слайд, магнитофон. **Тақырыптық көрмеде:** Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай балалардың шығармалары, кітаптар, «Тарих беттерінің шежіресі» атты буклет.

Мұғалім: - Сәлеметсіздер ме, құрметті жиналған қауым! Ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсап кеткен, біздің қолымыз жеткен Ұлы мерекеміз – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты да, қайырлы болсын!

«Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» атты фестивалімізді ашық деп жариялаймыз. Фестиваль – достар бас қосып жиналатын мейрам. Сондықтан көңілдерің көтеріңкі болуына тілектеспіз.

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар, 16 желтоқсан күні Қазақстан өзінің төл мерекесі – Тәуелсіздік күнін тойлайды. Тек тәуелсіздіктің арқасында ғана қазір қазақстанды барлық ел біледі. Биылғы жыл қазақ халқы үшін ерекше. Көптен күткен, талай ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге 20 жыл толды. Тәуелсіздік деген – қандай тәтті ұғым!

2-жүргізуші: - Ежегодно 16 декабря мы отмечаем самый главный праздник День независимости Республики Казахстан. Свобода, независимость, суверенитет-все эти слова имеют общий смысл, они означают, что человек или государство, обладающее этими качествами, является самым счастливым, и каждый человек, гражданин этого государства должен ценить и уважать эти качества.

1-жүргізуші:

- Туған жерім нұр шашып, жарық берген,
Сарқылмайтын жаныма шабыт берген.

16-шы желтоқсан шуақ болып

Тәуелсіздік еліме алып келген.

2-жүргізуші:

- Я люблю Казахстан за прекрасные степи,
За высокие горы и шумные реки,
За орла, что парит в высоте надо мной
И за солнце люблю и за неба покой.

20 лет прошло с того дня. За минувшие годы страна многого достигла в деле становления своей государственности, укрепления независимости и единства. Казахстан не поднимался так высоко, как за последние годы.

М.Мақатаевтың «Үш бақытым.» өлеңін 9-сынып оқушысы үш тілде орындайды. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай қойылған кітаптар көрмесі туралы баяндайды.

1-жүргізуші:

- Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап сайлап алған
Елімнің бар Президенті!
Ол да аямай жанын салды
Жету үшін мұндай сыйға.
Президентің – Нұрсұлтанды
Көгіңдегі тудай сыйла!

2-жүргізуші: - 1991г 1 декабря – избран первый президент Казахстана Н.Ә.Назарбаев. Огромное спасибо нашему президенту, ведь именно он внес огромный вклад в становлении нашей Республики.

Песню Н.Ә.Назарбаева «Үш қоңыр» для вас исполняют ученики 9 класса.

1-жүргізуші:

- Екпiнiмен еңбектiң жарасқан ән,
Құлақ түрiп даңқына алыс ғалам.
Достық туы желбiреп қырмандарда,
Даламызда сан тағдыр, табысты адам.
Бостандықтың нұрымен арайланып,
Болашаққа алаңсыз қарыштаған,
Ұлы достық отауы-Қазақстан!

2-жүргізуші: - В Казахстане единой семьей живет 17 млн. человек представителей более 130-ти национальностей и народностей. На казахском, русском, уйгурском, немецком, корейском, татарском языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, ансамбли, передаются национальные программы радио и телевидения. Всех нас, людей всех национальностей объединяет общее, имеющее одно из важнейших понятий: Мы – народ Казахстана! И в этом Казахстан уникальное государство с многообразием культур и религий.

1-жүргізуші: - Қазақстанда бұл күндері 130-ға жуық ұлт өкілдері тұрады. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» атты достық фестиваліне қатысатын ұлт өкілдерін сахнаға шақырамыз.

Оқушылар:

- Пусть дружба, о котором пел Абай,
Как солнце, освещает мирный край.
Сто наций, сто народов, сто племен
Всем Вам, рахмет и низкий поклон!
(Ұлт өкілдері бір-бірінің қолынан ұстап, тағзым етеді).

Қазақ ұлты шығады:

- Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкіммен түн түрілген.

Горечь жизни вкусил я с пеленок.
Умирал и рождался я тысячу раз
Я смеялся и свет возникал из потемок
Плакал-слезы лились
И у солнца из глаз.

(Ұлттық тағамы әкелінеді, шашу шашылады).

Сахнада орыс ұлты өнерлерін көрсетеді.

Ұланымыз – орыстың,
Ұлы мекен қоныстың.
Ұранымыз – туыстық,
Ұлттар бізге тым ыстық.

(Ұлттық тағамын әкеледі).

5-сынып оқушылары «Әрқашан күн сөнбесін» әнін үш тілде орындайды.

Шешен ұлты:

- Шешен – таудың ұрпағы,
Қызыл арай нұр таңы.
Адалдық пен бірлік тілеп
Би билейміз біз сізге.

(Ұлттық тағамы әкелінеді).

6-сынып оқушылары шешен халқының биін билейді.

Неміс ұлты:

- Гүлдердің ертемен қауызын ашқанын,
Көктемнің көкпеңбек мөп-мөлдір аспанын,

Таулардың қол жетпес асқарын –
Ұнатам бәрін де, өйткені, ол – Отан
Ұлы Отан! Тәуелсіз Қазақстан!

(Ұлттық тағамын әкеледі).

*Дети становятся в круг, поднимают шаңырақ и
говорят:*

Свободен, величав и первоиздан
Звезде подобной средь земель и стран
Кюй счастья наигрываешь звонко,
Родной мой лучезарный Казахстан!

**Сахнаға ұлттық киімін киіп 20 жасар жігіт
шығады:**

«Тәуелсіздік» – менің атым,
Келдім, міне, 20 жасқа!
Сендер мені шақырып,
Келдім, міне, қонаққа!

1-жүргізуші:

- Келдің, міне, 20 жасқа,
Құттықтаймын, келші тағы мың жасқа!

2-жүргізуші:

- Пожелаем же нашей Республике в свое 20-летие
Продвигаться успешно вперед.
И в любой политической рубрике
Не споткнуться о гололед.

- Балалар, ал мен сендерге «Бостандықты бағалай біл,
жас ұлан!» атты өлеңді оқып берейін.
Бостандықты бағалай біл, жас ұлан!
Келген жоқ ол оңайлықпен тосыннан.

Тәуелсіздік – сенің ұлы қазынаң,
Қадірлей біл, дұшпаннан сен жасыман.
Басынан бұл қазақтың нелер өтті,
Жамандық пен жақсылық бәрі кетті.
20-шы ғасыры шыңдаған соң
Аңсаған еркіндікке қолы жетті.

Тәуелсіздік туы көкте желбіреді,
Халқым менің шаттық үнге кенелді.

Содан бері бүгін, міне, 20 жыл

Еркіндіктің еңсесін тіктегелі!

Ендігі айтарым, жастар халқын сүйсе деймін,

Елі үшін, еркіндік үшін күйсе деймін.

Бұрынғы өткен батыр, бабалардай

Жерін, халқын, елін қорғап жүрсін деймін.

Болашақтың асуына Нұрағамен

Жастар бірге барса екен қол ұстасып.

Қазағым, еркіндігің құтты болсын!

Мәңгі бейбіт елімізде өмір болсын!

«Қара жорға» биі.

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар! «Гүлдене

бер, менің Қазақстаным» атты достық фестивалін

тамашалағандарыңызға көп рахмет!

Шаңырағы шыңдармен тайталасып,

Тастағанда түндігін айқара ашып,

Сығалайды Күн менен Ай таласып,

Еркіндіктің бесігі – бақытты отау –

Күнге өрлеген қанатты Қазақстан!

Фестивальға қатысқан барлық балалар сахнаға шы-

ғып, «Туған жер» әнін шырқайды.

Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Айыртау ауданындағы
«Саумалкөл» №2 мектеп-
гимназиясының мұғалімі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ

ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз, қолың серме.
«Қарманған қарап қалмас» деген рас,
Тоқтамай істер болсаң батып терге.

Жасынан оқу оқып, өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге...
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен
Ерте өлген, көмілулі қара жерге.

*Милый мой, ты учись, не ленись
И «пустых» бездельников сторонись.
Будь в движении всегда, впереди иди,
В небесах звезду свою найди.*

*Тот, кто с детства шел вперед, пот проливал
Он в итоге гением великим стал.
Неуч, тратя жизнь свою впустую,
В землю закопал ее сырую.*

*Молодость, богатство и надежда
Умирают рано у невежды.
Знания не добытые в трудах
Скоро превратятся в пух и прах.*

КӨКШЕ

Көкшені күндіз, түнде мұнар басқан,
Қап-қара бұлттарменен құшақтасқан.
Алдында бұйра жалды бөлек тау тұр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.

СИНЕГОРЬЕ

Синегорье окутано мглою,
Тучи вечно его обнимают.
Рядом с гребнем высоким
Стоит одиноко та гора,
Что ждет тоже внимания.
Но природа свое им диктует,
Их озера всегда разделяют.

И жемчужины, словно бусинки,
Издеваясь, на солнце сверкают.

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты-
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Я ВЕРЮ В МОЛОДЫХ

Словно львы могучие,
Словно тигры сильные.
Как орлы крылатые,
Я верю в молодых!

В их глазах огни горят,
Пламя блещет в их словах.
Честь для них дороже жизни,
Я верю в молодых!

Зура ҚАЙЫРҚЫЗЫ,
мұғалім.
Ақмола облысы,
Аршалы ауданы,
«Ақбұлақ» ауылы.

АНА ТІЛІ

Тілде өмірдің мәні бар,
Тілде жатыр қазақтың
Ар-намысы, ағайын.
Баршаңызға айтарым –
Ана тілін сүйіңдер,
Тіл не екенін біліңдер.

Қазақ тілім, дарасың,
Оятарсың талайдың санасын.
Жиырма екі жылда үйреніп
Сөйлесін ауыл, қала баласы.

Ана тілім - ақылшым,
Сен – ана, бала, ақынсың!
Қазақ деген балаға
Қанат беріп жатырсың.

Сақтайтын салт-дәстүрімді,
Сақтайтын ар-намысты,
Сақтайтын халқымды
Ұлт жүрегі – тілімде.

Қазақ болып тілді қорғаса,
Дұшпанның тісі батпайды.
Ал өз тілін қорлаған
Өз ұлтына жатпайды.

Анам тілі - қазақ тілі елімнің
Бабалардан қалған асыл тірегім.
Сен арқылы жеттім биікке,
Сен деп соғады менің жүрегім.

Ана тілім - өз тілім,
Өзің барда шалқимын.
Өз тілімде ән шырқап,
Би билеймін, балқимын.

Ойланайық қазақтың анасы боп,
Ойланайық қазақтың баласы боп.
Қазақ тілі - ана тілі, баба тілі,
Қорғайық бәріміз панасы боп!

Басқа елдің байтақ даласы жоқ,
Ешкімнің бұған таласы жоқ.
Елімде қазақ тілі естілмесе,
Қала ма ол қазақтың даласы боп?!

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.**

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 03.08.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1465. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№8, 2012 ж., 144 бет, Алматы.